



Т. Рысқұлов атындағы
ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**АБЕНОВА Е.А., УСТЕНОВА О.Ж.,
АКТЫМБАЕВА Б.И., НАМАЗБАЕВА З.Е.,
САЙДУЛЛАЕВ С.З., МАЖЕНОВА Ж.А.,
АДБАНОВА А., САКЫПБЕК М.А.**

ЭКСКУРСИЯТАНУ

Оқу құралы




«Университеттік білім» сериясы

**АБЕНОВА Е.А., УСТЕНОВА О.Ж.,
АКТЫМБАЕВА Б.И., НАМАЗБАЕВА З.Е.,
САЙДУЛЛАЕВ С.З., МАЖЕНОВА Ж.А.,
АДБАНОВА А., САКЫПБЕК М.А.**

ЭКСКУРСИЯТАНУ

Оқу құралы

Жалпы редакциясын басқарған
Абенова Е.А.



**АЛМАТЫ,
2015 ж.**

ӘОЖ 796.5(075.8)
КБЖ 75.81я73
Ә 41

Пікір білдірушілер: **Шайкенова Р.Р.** – Қазақстан туристік ассоциациясының директоры
Адреева Ш.Е. – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Рекреациялық география және туризм» кафедрасының г.ғ.к., доцент м.а.
Есимжанова С.Р. – Т.Рысқұлов атындағы ЖЭУ э.ғ.д., профессор

Ә 41 **Экскурсиятану: оқу құралы.** Абенoва Е.А., Устенoва О.Ж., Ақтымбаева Б.И., Намазбаева З.Е., Сайдуллаев С.З., Маженова Ж.А., Адбанова А., Сақыпбек М.А. Редакциясын басқарған Абенoва Е.А. – Алматы, 2015. – 121 бет.

ISBN 978-601-225-807-3

Оқу құралы «5В090200-Туризм» мамандығы бойынша типтік оқу жоспары пәндерінің бейінді блогының міндетті компоненті ретінде «Экскурсиятану» оқу пәнінің бағдарламалық талаптары көлеміндегі материалдарды қамтиды. Мұнда туристік саланың маңызды компоненті ретінде экскурсияға дайындалу және жүргізу тәжірибесінің мәселелері ашылып көрсетілген. Туризмнің түрлері мен бағыттары бойынша өз бетінше сан алуан экскурсияларды дайындайтын туристік нарық қызметкерінің практикалық құзіреттіліктерін қалыптастыруға арналған тапсырмалар, сұрақтар мен тестілер, кейстер берілген.

Кітап «5В090200-Туризм» мамандығы бойынша білім алып жатқан жоғары оқу орындарының және орта білім беру колледждерінің студенттеріне арналған.

ӘОЖ 796 (075.8)
КБЖ 75.81я73

ISBN 978-601-225-807-3 © Т. Рысқұлов атындағы ЖЭУ, 2015.
© Абенoва Е.А. және авторлар ұжымы, 2015.
© «Экономика» баспасы, 2015.

Бұл еңбекті немесе оның бөліктерін автордың келісімінсіз таратуға және авторлық құқық жөніндегі нормаларға қайшы келетін басқа да әрекеттерге тыйым салынады әрі заң бойынша жазаланады.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	5
1-тақырып.	
Экскурсияның тақырыбы, мақсаты және міндеттері	7
2-тақырып.	
Экскурсияның негізгі және қосымша нысандарын таңдау. Нысандардың төлқұжатын жасау (Сайдуллаев С.З.).....	15
3-тақырып.	
Экскурсияның бағытын жасау(Устенова О.Ж.)	26
4-тақырып.	
Әңгіменің және көрсетудің әдістемелік тәсілдерін анықтау (Маженова Ж.А.)	29
5-тақырып.	
Технологиялық карта жасау (әдістемелік әзірleme) (Ақтымбаева Б.И.).....	41
6-тақырып.	
Қосымша нысандар бойынша анықтама материалдарын іріктеу(Намазбаева З.Е.).....	54
7-тақырып.	
Экскурсияның жеке мәтінін құрастыру(Иляшова Г.К.).....	66
8-тақырып.	
Нысандарда және жүру жолдарында экскурсия жүргізу техникасын үйрену(Сақыпбек М.А.)	76
9-тақырып.	
Экскурсия жүргізу уақытын межелеу (аудиториядан тыс) (Сақыпбек М.А.).....	86

10-тақырып.

Туристерге және жергілікті тұрғындарға қызмет көрсетудің сараланған тәсілі (экскурсияның түрлі фрагменттері бойынша экскурсияға қатысушылардың контингентін анықтау) (Адбанова А.А.)..... 94

11-тақырып.

Экскурсияны қисынды түрде ауыстыруды және оның мазмұнын «жандандыруды» іріктеу жөніндегі өлкетанушылық материалдармен жұмыс (поэзия, проза, фольклор) (Абеннова Е.А.) 104

Қорытынды..... 118

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі..... 120

Кіріспе

Туризмдегі экскурсиялық қызмет саланың негізін қамтамасыз етеді. Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасындағы туризм қатты қарқынмен даму үстінде, бірақ сонымен қатар экскурсиялық қызмет айтарлықтай тиімді дамымай отыр. Туризмнің барлық түрлері белсенді дамып жатыр, экотурлар, дайвинг, рафтинг сияқты жаңа экскурсиялық бағыттар пайда бола бастады. Сондай-ақ саны жағынан да, сол сияқты сапасы жағынан да өсіп келе жатқан ішкі туризмнің дамуындағы жағымды динамиканы да атап өту қажет. Туристік фирмалар мен туризммен айналысатындардың саны жыл санап артып келеді.

Салыстырмалы түрде аз ғана инвестициялар салған күннің өзінде туристік қызметтің бірден табыс алуға мүмкіндік беруі туристік саланың маңызды артықшылығы болып табылады. Бұл жерде қаражаттың жылдам айналымдылығы қамтамасыз етіледі, ал бұл жайт онымен шектес салалардың дамуына мүмкіндік береді және елді қосымша жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді. Бірақ, дамудың жалпы оң үрдісіне қарамастан, Қазақстанның экскурсиялық қызметінде белгілі бір проблемалар, соның ішінде экскурсияны ұйымдастыру мен дамыпудың нашар деңгейі сияқты проблемалар анықталды, шет тілдерін жақсы меңгерген мамандардың тапшылығы сезіледі.

Туризмді тиімді дамыту үшін және шетелдік туристерді тартуға жағдай жасау үшін экскурсиялық қызметті заманауи ұйымдастырудың маңызы өте зор. Қазақстанда экскурсиялық қызметті дамыту деңгейі халықаралық стандарттар мен шетелдік туристердің сұраныстарына сәйкес келмейді.

Егер көшпелі туризмде Қазақстан тұтынушылары табысының өсуімен және көптеген елдердегі визалық ресмиліктерді жеңілдетумен байланысты жақсы үрдістер байқалса, елдің ішіндегі экскурсиялық қызметте экскурсияның тиімділігі мен тартымдылығын төмендететін экскурсияны ұйымдастыру мен сапаның аса жоғары емес деңгейінің байқалатындығын атап өткен жөн.

Туризмдегі экскурсиялық қызметтің заманауи тұжырымдамасы экскурсияны, жоғары сантты экскурсия жетекшілері мен гидтерді ұйымдастырудың жан-жақты әдіс-тәсілдерінің бірегей комбинациясын қамтамасыз етуді болжайды. Қамтамасыз етушілік сан алуан қызметтерді сатып алуға және оларды комбинациялауға болатындықтың есебінен жүзеге асырылады. Іріктеу экскурсияның бірегей әрі жеке-дара тәсілін қалыптастыру мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі. Фирмалар арасында қатаң бәсекелестік байқалатын туристік нарықта қалыптасқан жағдайда, өз позицияларын нығайту үшін және экскурсиялық қызметті ары қарай дамыту үшін әр түрлі инновацияларды, жаңалықтарды енгізу қажеттігі туындайды.

Қонақжайлылық индустриясында ақпараттық технологияларды қолдану проблемаларын зерттеуге арналған теориялық және әдістемелік негіздерді жасауға И.Т. Балабанов, М.А. Зорина, В.А. Квартальнов, П.Г. Олдак, Е.М. Емельянов, А.Д. Чудновский және т.б. сияқты авторлар айтарлықтай үлес қосты. Қонақжайлылық индустриясын дамытудың әлеуметтік-экономикалық проблемалары С.Р. Ердавлетов, Ж.М., Е. С. Никитинский, А.Ш. Шакина, Г. М. Дуйсен, З.Н. Борбасова, О.Г. Лютерович, Г.Ф. Ягофаров, М.Р. Смыкова сияқты қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады.

Оқу құралы жоғары оқу орындарында осы мамандық бойынша білім алып жатқан студенттердің туристерге экскурсиялық қызмет көрсетудің мазмұны және оны ұйымдастырумен байланысты проблемаларды, танымдық-тәрбиелік процесс ретінде экскурсияның мәні мен ерекшеліктерін білуіне және зерттеуіне көмек көрсету мақсатында жазылған. Оқу құралында экскурсиялық істі дамытудың теориялық мәселелері, экскурсияның функциялары мен нышандары, экскурсияның классификациясы беріліп, экскурсияның практикалық жағы егжей-тегжей қарастырылып, талқыланған.

Аталмыш практикалық оқу құралын жазудың мақсаты туристік индустрия жүйесі үшін білікті кадрлар дайындаудың жоғары сапасына қол жеткізуге бағытталған.

1-ТАҚЫРЫП. ЭКСКУРСИЯНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ, МАҚСАТЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

Мақсаты: экскурсия тақырыбын таңдаудың маңыздылығын және оның мақсаттары мен міндеттерінің өзара байланысын көрсету.

Міндеттері: мақсат қоюды және экскурсия міндеттерін қалыптастыруды үйрену.

Қолданылатын формалар мен әдістер: талдау, сипаттау, көшпелі сабақ.

Негізгі сөздер: экскурсияның мақсаты, экскурсияның міндеттері, экскурсияға қатысушылардың жүруі, экскурсия жетекшісінің орны, экскурсия жетекшісінің портфелі.

Практикалық сабақтың мазмұны:

Әрбір экскурсияның өзінің белгілі бір тақырыбы мен мақсаты болады – бұл оның негізінде жатқан, көрсету мен әңгімелеуге арқау болатын дүние. Ол экскурсиялық нысандарды іріктеу үшін критерий болып табылады, экскурсия жетекшісі әңгімесінің, әсіресе ауқымды ақпараты бар және бірнеше әр түрлі экскурсияға енгізуге болатын көп жоспарлы нысандарды көрсеткен әңгіменің мазмұнын ашып көрсетеді.

Ескі қаланың архитектурасы, осы қалада өмір сүрген әдебиетшілердің шығармашылығы, қаланың аса маңызды көшелерінің бірінің тарихы, архитектуралық ескерткіштер арқылы көрсету, даланың емдік шөптері, қаланың жасыл алқасының экологиялық жағдайы, оның экономикалық дамуы және т.б. экскурсия тақырыбы болуы мүмкін.

Тақырып көп жағдайда экскурсия атауының өзімен ашылып тұрады, сондықтан атаудың нақты, анық, экскурсияға қатысушылардың естерінде қалатындай болуы маңызды.

Экскурсияның атауын анықтаған кезде төмендегілерден қашуға тырысу керек:

- тақырыпты жауапкершіліктен айыратын әр түрлі дара сөз орамдарын қолданудан;
- қысқарған сөздерді, аббревиатураларды пайдалану;

– жағымсыз байланысты туындатуы мүмкін шет тілдерінің сөздерін, кірме сөздерді қолданудан.

Экскурсияның атауына қойылатын жалпы талаптар болып келесілер саналады: даралық, нақтылық, бейнелілік, есте сақтау мен айтудың жеңілдігі, әуезділігі, жағымсыз байланыс тудыратын түсініктердің болмауы, мазмұндық мәні. Экскурсияның мақсатын алдын ала анықтамай тұрып экскурсияны ұйымдастыруды қолға алуға болмайды.

Мақсат – бұл бір нәрсеге ұмтылу, бір нәрсеге қол жеткізуге тырысу. Дұрыс қалыптастырылған мақсаттың экскурсияны ұйымдастыруда да, сол сияқты ары қарай экскурсияны өткізуде де маңызы өте зор. Экскурсия кезінде әр түрлі себептерге байланысты көрсетілетін нысандардың бірін жіберіп алыуға болады, бірақ қандай да бір мақсатқа қол жеткізуге ұмтылмастан экскурсияны жүргізуге болмайды. Экскурсия барысында көрсетілетіндер мен айтылатындардың барлығы мақсатқа бағынады.

Экскурсияның мақсаттары болуы мүмкін:

– сол елдің мәдениетінің ерекшеліктерімен, әдет-ғұрыптары және салт-дәстүрлерімен танысу;

– патриоттық тәрбие;

– интернационалдық тәрбие;

– еңбекке тәрбиелеу;

– эстетикалық тәрбие;

– экологиялық тәрбие;

– ел экономикасындағы қаланың жетістіктерін көрсету;

– көрнекті архитектордың шығармашылығымен таныстыру;

– өлке табиғатының ерекшеліктерімен және т.б. таныстыру.

Бір экскурсияның бірнеше мақсаты болуы мүмкін, мысалы, қаланың тарихи рөлін көрсету және оның архитектуралық ерекшеліктерімен таныстыру. Бірақ экскурсияны жүргізуге үштен көп мақсат қою дұрыс емес, себебі мұндай қарбаласта мақсаттардың ешқайсысына қол жеткізілмеуі мүмкін. Егер студенттер үшін әзірленген қалалық шолу экскурсиясының мақсаты – отаншылдыққа сезімге, өз Отанын сүйуге тәрбиелеу болса, қаланың пайда болу тарихымен, сол қалада өмір сүріп, туындыларын жазған

танымал тұлғалармен, экономикадағы жетістіктермен танысу және т.б. оның міндеттері болып табылады.

Мақсаттар мен міндеттер экскурсиялық нысандарды актық іріктеуді, экскурсия бағытын, экскурсиялық әңгіменің мазмұнын, «экскурсия жетекшісінің портфеліндегі» көрнекі құралдарды таңдауды, экскурсияның және оның жекелеген бөліктерінің эмоциялық икемделуін анықтайды. Осылайша, мақсаттар мен міндеттерді анықтамай жатып, білімберу және тәрбиелік функцияларын қамтитын көп жоспарлы туындыны – экскурсияны ұйымдастыруға қатысты жұмыстарды бастауға болмайды.

Экскурсия, органикалық аяқталған процестің қызметтің басқа түрлерімен – оқу, тәрбие, үгіт-насихатпен байланысты өзіндік құрылымы бар. Бір уақытта оның өзіндік спецификалық айырмашылықтары болады. Композициялық жағынан алғанда экскурсия алғы сөзден, негізгі бөлім мен қорытындыдан тұрады. Ұзақтығы бойынша алғы сөз бүкіл экскурсияның, оның тақырыбы мен түрлерінің ұзақтығына байланысты 3 минуттан 15 минутқа дейін жалғасуы мүмкін. Әрине, егер экскурсия 1 академиялық сағатқа (45 минут) созылатын болса, алғы сөзге уақыттың 15 минуты бөлу ақылға қонымсыз болар еді. Жаяу экскурсия (әсіресе кішкентай балалар үшін) туралы да дәл осылай айтуға болады. Мәліметтерді жүйелеуге арналған алғы сөз екі бөлікке бөлінеді: ұйымдастырушылық және ақпараттық.

Экскурсияның ұйымдастырушылық бөлімі кәсіпорын, экскурсия жетекшісі, экскурсияның мақсаты мен міндеттері, ұзақтығы, ұзындығы, өткізу ерекшеліктері (сыйлықтар сатып алу, қолтаңба алу, суретке түсу мүмкіндіктері) туралы мәліметтерді қамтиды. Экскурсияның ұйымдастырушылық бөлімінде экскурсия аяқталатын жер хабарланып, бағыттағы қауіпсіздік бойынша нұсқамалық жүргізіледі (қаланың жанданған көшелерінде, тауда, судың маңайында және т.б. көлік жүргізу ережесін). Мұндай нұсқамалықты балалар тобымен өткізу ерекше маңызды. Сондай-ақ экскурсиялық көлікте бір орында отыру қажеттігін, жүріп келе жатқан кезде автобустың ішінде ары-бері жүруге, шылым шегуге, ескертусіз алысқа ұзап кетуге болмайтындығын, автобуска мініп-түскен кезде асықпай, мұқият болуларыңызды, бағдаршамның

тек жасыл түсі жанған кезде ғана көшені қиып өтуді, экскурсия жетекшісінің әңгімесін бөлмеуді және өзара әңгімелеспеулеріңізді естеріңізге саламыз.

Кіріспенің ақпараттық бөлігі назарлар тиіс. Кіріспенің ақпараттық бөлігі экскурсияға, оның нысандарына, мазмұнына назар аудартуы тиіс. Экскурсия жетекшісі экскурсияға қатысушыларды алдағы экскурсияның міндеттерімен және қысқаша мазмұнымен таныстырады, сонымен қатар бағыттың кейбір тақырыпшалары, нысандары, учасоктары аталады. Алғы сөздің ұзақтығы 5-7 минуттан аспауы тиіс. Егер бірінші нысан экскурсия жетекшісі топты экскурсияға апаратын жерден айтарлықтай қашық жерде орналасқан болса, онда алғы сөзді соза түсуге болады. Мысалы, қалалық шолу экскурсиясына алғы сөзде Қазақстан және оның қалалары (географиялық және тарихи шолу, халық) туралы қысқаша сипаттама беріледі. Алғы сөзге қойылатын талаптар: айқындық, ықшамдылық, тартымдылық, ақпараттылық. Нысандарды көрсету экскурсияда басты орынды алатын бір бөлік болып табылады. Нысандарды дұрыс іріктеп алу, олардың саны, көрсетудің жиілігі экскурсияның сапасына айтарлықтай әсер етеді.

Пысықтауға арналған сұрақтар:

1. «Экскурсияның мақсаты», «экскурсияның міндеттері» түсініктерін беру?
2. Экскурсияның тақырыбы қандай болуы мүмкін ?
3. Экскурсияның атауына қандай жалпы талаптар қойылады?
4. Экскурсияның құрылымы қандай?
5. Экскурсияның ұйымдастыру бөлімі нені қамтиды?
6. Экскурсияның ақпараттық бөлімі нені қамтиды?
7. Экскурсияға кірудің спецификасы неде?
8. Экскурсияның ұзақтығы қандай болуы тиіс?

Тест сұрақтары:

1. Экскурсия жүргізу әдістемесін үйрететін және жалпы мәлімет беретін курс:

- A) экскурсиятану
- B) өлкетану;
- C) анимация;
- D) психология;
- E) педагогика.

2. Экскурсияның негізгі элементтері – бұл:

- A) көрсету және демонстрация;
- B) әңгімелеу және тыңдау;
- C) демонстрация және қабылдау;
- D) көрсету және әңгімелеу;
- E) әдістеме және тактика.

3. Экскурсия, латын тілінен аударғанда... білдіреді:

- A) серуендеу;
- B) жол жүру;
- C) жүгіріп өту;
- D) көшу;
- E) қоныс аудару.

4. Экскурсияның көрнекілігі онда басым болып табылатындығын білдіреді:

- A) алдын ала таңдап алынған нысандар туралы әңгімелеу;
- B) алдын ала таңдап алынған нысандарды көрсету;
- C) әдістемелік дайындық;
- D) экскурсия жетекшісінің «портфелі»;
- E) нысанның төлқұжаты.

5. Экскурсияның мақсаты ретінде болуы мүмкін:

- A) отаншылдық және эстетикалық сезім;
- B) практикалық икемділіктермен дағдыларды қалыптастыру;
- C) клиенттің тамақтануға деген қажеттілігін қанағаттандыру;
- D) клиенттің орналастыруға деген қажеттілігін қанағаттандыру;
- E) клиенттің тасымалдауға деген қажеттілігін қанағаттандыру.

6. Халықаралық стандарттар бойынша экскурсияның жоғарғы шегі құрайды:

- A) 6 сағат;
- B) 12 сағат;
- C) 18 сағат;
- D) 24 сағат;

Е) 30 сағат.

7. Халықаралық стандарттар бойынша экскурсияның төменгі шегі құрайды:

А) 0,5 академиялық сағат;

В) 1 академиялық сағат;

С) 2 академиялық сағат;

Д) 3 академиялық сағат;

Е) 4 академиялық сағат.

8. Экскурсияға қатысушылардың оңтайлы сандық құрамы:

А) 1-ден 10 адамға дейін;

В) 1-ден 20 адамға дейін;

С) 1-ден 30 адамға дейін;

Д) 1-ден 40 адамға дейін;

Е) 1-ден 50 адамға дейін.

9. Тәжірибелі экскурсия жетекшілері ... игеруге қабілетті:

А) 10 экскурсияға дейін;

В) 20 экскурсияға дейін;

С) 30 экскурсияға дейін;

Д) 40 экскурсияға дейін;

Е) 50 экскурсияға дейін.

10. Жаңадан бастап жүрген экскурсия жетекшілері ... жұмыс жасайды:

А) 1-2 тақырып бойынша;

В) 3-4 тақырып бойынша;

С) 5-6 тақырып бойынша;

Д) 7-8 тақырып бойынша;

Е) 9-10 тақырып бойынша.

«Экскурсияның ұйымдастырушылық және ақпараттық бөлігі» кейс-стадіі:

Тақырып көп жағдайда экскурсия атауының өзіміне ашылып тұрады, сондықтан тақырыптың нақты, айқын, экскурсияға қатысушылардың естерінде сақталатындай болуы маңызды. Мысалы, «Астана – біздің Отанымыздың астанасы», «Алматы

– Қазақстанның мәдени астанасы», «Медеу – Алатаудың інжумаржаны» және т.б.

«Мәдениет паркі – демалуға арналған ең жақсы орын!» экскурсиясына кіріспе.

Қайырлы күн, құрметті достар! Бүгін біздің бүкіл экскурсия бойы мен сіздердің экскурсия жетекшілеріңіз боламын, ал сіздер, сәйкесінше, экскурсияға қатысушылардың ролінде болуға тырысасыздар. Менің атым Роман Капасов. Мен біздің топ үшін Алматы қаласының Орталық мәдениет және демалыс паркіне қызықты әрі танымды экскурсия жасауды ұсынып отырған «BUTTERFLY» туристік компаниясының өкілімін.

Экскурсиялық топ жүріп келе жатқан кезде сіздерден жан-жаққа бытырап кетіп қалмауларыңызды, сондай-ақ паркте шылым шекпеулеріңізді өтінемін. Бір-бірлеріңізге жақын жүріңіздер, алшақтап кетпеңіздер, менің жүру қарқынымды ұстанып, артымнан жүріп отырыңыздар, ағаштардың бұтағын сындырмаңыздар, кейбір ағаштардың өсіп тұрғанына он жыл емес, бірнеше он жыл болған. Сондай-ақ еш ескертусіз алысқа кетіп қалмауларыңызды немесе қалып қоймауларыңызды өтінемін. «Спартак» стадионынан кейін санитарлық аялдама болады – сіздердің дәретханаға баруларыңызға, жейтін тамақтарыңыз бен ішетін суларыңызды сатып алуларыңызға, суретке түсулеріңізге болады.

Біздің экскурсия «Мәдениет паркі – демалуға арналған ең жақсы орын!» деп аталады.

Ұзақтығы бойынша біздің экскурсия 2,5 академиялық сағатты алады. Осы уақыт ішінде біз сіздермен парктің негізгі назар аударарлық орындарын аралайтын боламыз. Қазір біз паркке кіре берістегі бас арканың жанындағы алаңда тұрмыз, бұл біздің экскурсия басталатын жер, ал экскурсиямызды шамамен 1500 метр жүріп өтіп, Есенберлин көшесіндегі Алматы зоопаркінің жанынан аяқтаймыз.

Сонымен, біз бүгін Алматы қаласының әдемі паркінің керемет жерлерінен, Ұлы Жеңістің 60 жылдығы атындағы аллеяның бойымен жүріп өтіп, «Спартак» стадионын (кеңес заманында Алматы қаласындағы ең танымал әрі халық көп баратын стадион) көретін боламыз. Ең әдемі қазіргі заманғы аквапарктердің бірін көріп, 1937

жылы ашылған және жазғы алаң ретінде пайдаланылған «Родина» кинотеатрымен танысамыз. Сонымен біздің экскурсия зоопарктің жанында аяқталады.

Сондай-ақ, сіздер бүгін парктің негізі қалай қалана басталғандығын, парктің құрылысына басшылық жасаған көрнекті тұлғалардың аттарын білетін боласыздар. Сол сияқты сіздер халықаралық олимпиадаларда «Спартак» стадионы секциясының тәрбиеленушілері жасаған спорттық рекордтар туралы білетін боласыздар.

Экскурсияның соңында бізді зоопарк: оны мекендеушілер, пайда болу тарихы, осы мекеме қызметіндегі атаулы күндер туралы ақпарат күтіп тұр.

Экскурсияның аяғына қарай Есенберлин көшесіндегі зоопаркке қарама-қарсы жерден бізді автобус алып кетіп, «Саяхат» автобекетіне жеткізіп салады. Құрметті достар, сіздер ол жерден қаланың кез келген бұрышына жете аласыздар.

Сіздерге тамаша экскурсия тілеймін!

Тапсырма: Келесі тақырыптар бойынша экскурсия алғы сөзінің ұйымдастырушылық және ақпараттық бөлігін әзірлеу:

1. Бағыт бойынша экскурсия дайындау: Есік көлі
2. Бағыт бойынша экскурсия дайындау: Кешкі Алматы
3. Бағыт бойынша экскурсия дайындау: театрлы Алматы
4. Бағыт бойынша экскурсия дайындау: спорттық Алматы
5. Бағыт бойынша экскурсия дайындау: университеттік Алматы
6. Бағыт бойынша экскурсия дайындау: Алматының субұр-кактары
7. Бағыт бойынша экскурсия дайындау: Алматы қаласы (шолу экскурсиясы)

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Емельянов Б.В. Экскурсоведение: учебник. –7-е изд. стереот.– М.: Советский спорт, 2009. -216 с.
2. Савина Н.В. Экскурсоведение: учебное пособие. – Минск: БГЭУ, 2009. –255с.

2-ТАҚЫРЫП. ЭКСКУРСИЯНЫҢ НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША НЫСАНДАРҒЫН ТАҢДАУ. НЫСАНДАРДЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫН ЖАСАУ

Мақсаты: экскурсияның негізгі және қосымша нысандарын таңдай алу икемділігін қалыптастыруға көмектесу

Міндеттері: экскурсиялық нысандардың төлқұжатын жасау әдістемесін меңгеру

Қолданылатын формалар мен әдістер: талдау және синтездеу, салыстыру және қорытындылау, топтық және жеке жұмыс

Негізгі сөздер: экскурсияның негізгі нысаны, экскурсияның қосымша нысаны; экскурсия нысанының төлқұжаты.

Қазіргі таңда Қазақстанда 1,8 мыңнан астам тарихи ескерткіш, археология және архитектура ескерткіші бар. Олардың барлығы архитектуралық, табиғи, тарихи, археологиялық, өнер және документалдық ескерткіштер болып бөлінеді.

1. Архитектура және қала құрылысының ескерткіштері: архитектуралық ансамбльдер мен кешендер, тарихи орталықтар, кварталдар, алаңдар, көшелер, қалалар мен өзге де елді-мекендердің ежелгі жоспарлаулары мен құрылыстарының қалдықтары; азаматтық, өнеркәсіптік, әскери, культтік архитектура құрылысы, халықтың сәулет өнерінің құрылысы, онымен байланысты өнер туындылары.

2. Табиғи нысандар: ормандар, тоғайлар, өзендер, көлдер, тоғандар, қорықтар, жекелеген ағаштар, қалдық өсімдіктер, сондай-ақ бақ-парк өнерінің ескерткіштері.

3. Тарих және археология ескерткіштері: ескі қаланың орындары, қорғандар, жердуалдар, ежелгі елді-мекендердің, жолдардың, тау-кен қазбаларының, каналдардың, жерлеу орындарының қалдықтары, тас мүсіндер, жартасқа салынған бейнелер, ежелдегі елді-мекендердің тарихи және мәдени қабаттар участоктары.

4. Өнер ескерткіштері: монументалдық, бейнелеу өнері туындыларының, сәндік-қолданбалы өнер және өнердің басқа түрінің ескерткіштері.

5. Документалдық: мемлекеттік және халық мұражайларының экспозициясы, тұрақты және уақытша көрмелер.

Экскурсиялық нысандар төмендегідей классификацияланады:

1) мазмұны бойынша:

– бір жоспарлы (өсімдіктер, жануарлар, кескіндеме өнерінің туындылары, өзендер, үйлер және т.б.);

– көп жоспарлы (архитектура туындылары, орман, алқап, тарихи оқиғамен байланысты қала алаңы);

2) функционалдық қолданысы бойынша:

– экскурсияның тақырыпшалары ашылатын негізгілер,

– көшіп қону кезінде, логикалық ауысу кезінде көрсетілетін қосымшалар;

3) сақталу деңгейі бойынша:

– тарихи және мәдени ескерткіштер толығымен (мысалы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің корпусы – бұрынғы Верный ерлер гимназиясы);

– жартылай сақталған (мысалы, «Қызылтаң» маталар үйі – көпес И. Габдувалиевтің бұрынғы сауда үйі) болып бөлінеді;

– архитектураның реконструкцияланған туындылары (мысалы, Қожа Ахмет Яссауи кесенесі).

Экскурсияны дайындаған кезде алдыда міндет тұрады – өте көп ескерткіштердің арасынан сыртқы түрі және ақпараттық толықтығы жағынан ең қызықтыларын іріктеп алу.

Ескерткіштерді экскурсиялық нысандар ретінде дұрыс таңдап алу экскурсияны қабылдаудың көру негізін және экскурсия тақырыбын барынша терең ашып көрсетуді қамтамасыз етеді. Көрсету үшін ескерткіштерді ірктеген кезде олардың танымдық, тәрбиелік мәндерін, көркем құндылықтарын, сақталушылығын және т.б. ескеру қажет. Бұл жұмысты нысандар экскурсиядан экскурсияға көшіп жүрмейтіндей етіп құрастырған жөн. Мүмкіндігінше, әр тақырыптың өз «нысандары» болуы тиіс.

Егер сол немесе басқа ескерткішті жоспарланып отырған бағыттан бірегейлігіне байланысты алып тастауға болмайтын болса, мысалы, бірқатар экскурсияларда – шолу, архитектуралық, тарихи, өнертанушылық экскурсияларда көрсетілетін Вознесенский кафедралық соборын алсақ, онда мұндай ескерткіштер экскурсияның спецификасына сәйкес ашылып көрсетілуі тиіс. Оларды көрсеткен кезде, аталмыш нысан қолданылған басқа

тақырыптардағы экскурсияларда нысанның көрініс таппаған жақтары мен ерекшеліктері айқындалуы тиіс. Көрсетудің басқа да әдістемелік тәсілдері қолданылады. Сондықтан экскурсияға қатысушылардың қызығушылықтары оларды қайталап көрген кезде төмендемейді.

Нысандарды іріктеген кезде ескерткіштің тарихи мәнін, оның таңдап алынған экскурсиялық тақырыпты ашатын мүмкіндіктерін ескеру қажет. Экскурсияларды дайындау тәжірибесінде экскурсиялық нысандарды бағалаудың белгілі бір әдістемесі пайдаланылады. Жаңа экскурсияны жасаушылар мазмұны жағынан ұқсас бірнеше нысаны бар бағыттарды кездестірген кезде оны қолдану ерекше маңызды, олардың ішінен аталмыш тақырып үшін айтарлықтай қызықтыларын таңдап алуға болады.

Экскурсияға енгізілетін нысандарды бағалау үшін келесі сипаттамалар қолданылады:

1. Танымдық құндылық – нысанның нақты тарихи оқиғамен, ғылым мен мәдениеттің және т.б. белгілі қайраткерінің өмірі және шығармашылығымен байланыс, яғни нысанның адам санасына бағытталған және оны көрсеткен кезде экскурсияға қатысушыларды рухани байыта алатын семантикалық ақпараттың белгілі бір қорын алып жүруге қабілеті.

2. Көп немесе аз деңгейде мамандардың шағын тобының арасындағы танымалдылық, бұқара халықтың арасындағы танымалдылық, елдің ішіндегі танымалдылық және халықаралық танымалдылық ретінде бағаланатын нысанның танымалдығы (атақтылығы).

3. Нысанның төтендігі (экзотикалығы). Бұл жерде ескерткіштің, ғимараттың, құрылыстың, орынның ерекшелігі, қайталанбастығы ескеріледі. Төтендік ғимараттың, құрылыстың конструкциялық ерекшеліктерімен, осы ғимаратта, осы жерде орын алған қандай да бір тарихи оқиғалармен, аңыздармен байланысты болуы мүмкін.

4. Айқындылық. Бұл жерде нысанның өзінің сыртқы айқындылығы немесе нысанның қоршаған ортамен – ғимараттармен, құрылыстармен, табиғатпен өзара әрекет етуі ескеріледі. Тұрғылықты жермен барынша әдемі

үйлесіп тұрған ескерткіш
«ТҰРАН» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ОҚУ ЗАЛЫ 00226657

басымдық беріледі. Басқа нысандармен, табиғатпен үйлеседі. Мұндай нысандар оларды көрсеткен кезде терең талдау жасауға мүмкіндік береді.

5. Сақталушылық. Бұл жерде ескерткіштің қазіргі кездегі жай-күйін бағалау, оны экскурсиялық көрсетуге енгізу ықтималдығы туралы айтылады.

6. Нысанның орналасқан жері. Ескерткішке дейінгі арақашықтық, кіре беріс жердің қолайлылығы, оған қарай жақындау ретінде қарастырылады. Жолдың автокөлік үшін жарамдылығы, осы нысанды қоршап тұрған табиғи жағдай, топтың орналасуы мен ескерткішті көрсетуге жарамды жердің болуы.

Әрбір нысанды осы критерийлер бойынша бағалау экскурсияға арналған қажетті нысандарды іріктеп алуға, олардың маңыздылығын анықтауға (негізгі, қосымша, ілеспе) мүмкіндік береді.

Нысандарды дұрыс тандап алу, олардың саны, көрсетудің жүйелілігі болашақ экскурсияның сапасы мен тиімділігіне қатты ықпал етеді. Көрсетілетін нысандар қаншалықты көп болса, тақырып барынша егжей-тегжей баяндалады, ал егер нысандар аз болса, экскурсия толыққанды болмай қалады. Төрт-бес академиялық сағатқа есептелген экскурсия үшін 15-20 негізгі нысанды тандап алу кеңес етіледі. Бір экскурсияның нысандары екіншісін қайталамағаны абзалырақ болады.

Экскурсияны дайындаған кезде нысандарды тұрған жерінде, табиғи қалыпты жағдайда зерттеуге көп назар аудару қажет.

Нысандарды дереккөздер – кітаптар, альбомдар, фотографиялар бойынша зерттеу қажетті бастапқы мәліметтерді алуға мүмкіндік береді. Алайда, экскурсиялық нысандармен олар орналасқан жерде тікелей кездесу, оларды бақылау, нысандарды әр түрлі қырынан зерттеу болашақта ескерткіштердің жанында еркін бағдар жасауға, оны көрсетуді білікті жүргізуге, ауызша түрде оларға нақты сипаттама беруге мүмкіндік береді.

Экскурсиялық нысандарды іріктеу олардың әрқайсысына карточка толтыру немесе төлқұжат жасаумен аяқталады. Бұл жана экскурсияларды дайындауды жеңілдетеді.

Экскурсиялық нысандардың төлқұжатына экскурсиялық нысанды жан-жақты сипаттайтын мәліметтер енгізіледі. Карточканың

бас жағында ескерткіштің түрі аталады (ұрыс болған жер, ескерткіш, жерленген жерлер, скульптуралық ескерткіш және т.б.). Бұдан кейін келесі мәселелер келеді:

1. Ескерткіштің атауы (бастапқы және қазіргі заманғы, сондай-ақ ескерткіштің халық арасында белгілі атауы).

2. Ескерткішпен байланысты тарихи оқиға, оқиға болған күн.

3. Нысанның орналасқан жері, оның почта мекен-жайы. Ескерткіш қайсысының аумағында орналасқан (қала, кент, әкімшілік тиесілігі; облыс, аудан, округ).

4. Ескерткіштің сипаттамасы (авторы, тұрғызылған күні, қандай материалдан дайындалғандығы, мемориалдық жазудың мәтіні).

5. Ескерткіш туралы тарихи мәліметтер: ескерткіш және онымен байланысты оқиға баяндалатын әдебиеттер, мұрағат мәліметтерін, ауызша әңгімелер, аңыздар (негізгі баспа жұмыстары және жарияланбаған жұмыстардың сақталған жері көрсетіледі).

6. Ескерткіштің сақталуы (ескерткіштің және ескерткіш орналасқан аумақтың жай-күйі, соңғы жөндеу және қайта жұмыстары жүргізілген күн).

7. Ескерткішті қорғау (кімге жүктелген, қандай шешіммен).

8. Қандай экскурсияларда ескерткіш көрсететін нысан ретінде пайдаланылады?

9. Төлқұжат жасалған күн. Төлқұжат жасаушының тегі және лауазымы.

Төлқұжатқа нысанның сыртқы түрін бейнелеп көрсететін оның суреті бекітіледі.

Экскурсиялық нысандардың – архитектуралық, табиғи, археологиялық сияқты басқа топтарына арналған карточкаларына басқа да мәселелер енгізілуі мүмкін, мысалы: архитектура ескерткішінің карточкасына мына сұрақтар қосымша енгізілуі мүмкін: мүсіндер, изразцтер, ескерткіштің декоративтік жиһаздарындағы қабырғаға салынған суреттер бар ма (сыртынан, ішінен); ғимараттың типі және құрылымы туралы мәліметтер; ескерткіштің техникалық жай-күйі (оның сақталу деңгейі). Бюрода осы өлкенің (облыстар, республикалар) аумағында орналасқан барлық экскурсиялық

нысандарға арналған карточкалардың болуы жаңа экскурсиялық тақырыптарды әзірлеуді жылдамдатып, ескерткіштерді әр түрлі тақырыптағы экскурсияларда пайдалануды түрлендіруге мүмкіндік береді, оларды көрсетуді барынша көп қырлы әрі тиімді етеді.

Болашақ экскурсияға арналған нысандарды іріктеу және олардың сипаттамалары бойынша жұмыстардың аяқталуы экскурсия бағытын жасауға мүмкіндік береді.

Пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Экскурсияны дайындау жөніндегі алдын ала дайындық жұмыстарының кезеңдерін атаңыз?
2. Экскурсия тақырыбы бойынша нысандарды іріктеу қалай жүргізіледі?
3. Экскурсиялық нысандарды классификациялау критерийлері қандай?
4. Экскурсияның негізгі нысанынан қосымша нысанының айырмашылығы неде?
5. Экскурсия нысанының төлқұжатын жасау әдістемесі қандай?
6. Экскурсия нысанының төлқұжатын жасауға қандай талаптар қойылады?
7. Экскурсияға арналған нысандарды іріктеген кезде қандай сипаттамалар ескеріледі?
8. Экскурсия тақырыбы бойынша нысандарды іріктеген кезде қорытынды кезең болып не табылады?

Тест сұрақтары:

1. Экскурсиялық нысандар классификацияланады:

- А) сақталу деңгейі бойынша; +
- Б) нысанның танымалдығы бойынша;
- В) танымдық құндылығы бойынша.

2. Нысан карточкасына мәліметтер енгізіледі:

- А) бұл ескерткіш сипаттайтын тарихи оқиға; +
- Б) нысандардың тек заманауи атаулары ғана;
- В) нысанның тек бастапқы атауы ғана.

3. Экскурсия жүргізу әдістемесі қамтиды:

- А) экскурсияның бақылау мәтінін дайындауды;
- Б) экскурсияны өткізу барысында қолданылатын көрнекі құралдардың шартты атауларын;

- В) экскурсияны өткізу барысын анықтайтын құжатты. +

4. Төменде көрсетілген құжаттардың қайсысы экскурсияның әрбір тақырыбы үшін міндетті болып табылмайды?

- А) экскурсия тақырыбы бойынша әдебиеттер тізімі;
- Б) экскурсия жүргізетін экскурсия жетекшілерінің тізімі;
- В) экскурсияға қатысушылардың тізімі. +

5. Экскурсия барысындағы көрсету міндеттерінің бірі:

- А) нысанды сипатталып отырған кезде қандай болды, сол күйде көрсету; +

- Б) тек реставрацияланған нысандарды ғана көрсету;
- В) бұл нысан байланысты тарихи оқиғаны көрсету.

6. Нысанның төтендігі (экзотикалылығы) дегеніміз:

- А) нысанның нақты тарихи оқиғамен байланысы;
- Б) халықтың арасындағы танымалдығы,
- В) тарихи және мәдени ескерткіштің ерекшелігі. +

7. Экскурсияға дайындалудың алдындағы кезеңнің мәні

мынада:

- А) экскурсияға арналған нысандарды іріктеуде; +
- Б) нақты материалды өңдеуінде;
- В) экскурсия жетекшісінің жеке мәтіндерді жазуында.

8. Бір жоспарлы экскурсиялық нысандарға жатады:

- А) алаң;
- Б) үй;
- В) шоқ тоғай.

9. Сақталу деңгейі бойынша нысандар ... бөлінеді:

- А) қосымша;
- Б) көп жоспарлы;

В) реконструкцияланған.

10. «Экскурсия жетекшісінің портфелі» – бұл:

А) экскурсияны ұйымдастыру жөніндегі қызмет;

Б) бағытты таңдау жөніндегі шаралар кешені;

В) көрнекі құралдар жиынтығы.

Тапсырмалар:

1. «Алматы – менің алғашқы махаббатым» атты жаяу экскурсияға арналған экскурсиялық нысандарға іріктеу жүргізіңіз.

2. Студенттің туған қаласына автобус экскурсиясын жүргізуге арналған экскурсиялық нысандарды зерттеп, оларға іріктеу жүргізіңіз.

3. «ЭКСПО – 2017» дүниежүзілік көрмесін өткізу қарсаңында Астана қаласына экскурсия жүргізу үшін нысандарды таңдаңыз.

4. Соңғы жағында келтірілген мысалдарды пайдалана отырып, «ЭКСПО – 2017» дүниежүзілік көрмесін өткізу қарсаңында Астана қаласына экскурсия жүргізу үшін өзіңіз таңдап алған нысандардың төлқұжатын жасаңыз:

- архитектуралық нысанның;
- әдеби нысанның;
- табиғат қорғау нысанының;
- қоғамдық-саяси нысанның.

№ 1 нысан төлқұжатының мысалы

1. Нысанның атауы.

Алматы қорығы.

2. Ескерткішпен байланысты тарихи оқиға, оқиға болған күн.

Қорық 1931 жылы құрылды.

3. Нысанның орналасқан жері, оның почта мекен-жайы. Нысан кімнің аумағында орналасқан.

Қорық теңіз деңгейінен 1400-4974 м биіктікте орналасқан Талғар тауыжүйелеріндегі Іле Алатауының орталық бөлігін алып жатыр (1-сурет).

4. Нысанның сипаттамасы (авторы, салынған күні, қандай материалдардан дайындалғаны, мемориалдық жазбалардың мәтіні).



1-сурет. Экскурсия нысанының географиялық орналасуы

Іле Алатауы тау жотасының Орталық бөлігіндегі 73,3 мың га ауданды алып жатыр (Талғар шатқалы) (2-сурет).



2-сурет. Талғар шыңы

Қорық 1931 жылы мамыр айында Кіші Алматы өзенінің бассейнінде шамамен 13 000 га ауданда ұйымдастырылды. 1935

жылға таман қорықтың аумағы 600 000 га астам жерді құрады. 1935 жылы ақпан айында қорыққа мемлекеттік қорық мәртебесі берілді және соңғы 5 жылдың ішінде оның ауданы 1 млн га жетті.

1951 жылы қыркүйек айындасол жылдары елдегі қорықтардың көпшілігінің басына түскен қиындық туындап, қорық түпкілікті түрде таратылды.

Қазақстанның ғалымдары мен қоғам қайраткерлері тобы қорықты қайта қалпына келтіру мәселесін көтерді, ал 1960 жылы қаңтар айында қорық қайта құрылды.

5. Нысан туралы деректер көзі: ескерткіш және онымен байланысты оқиға баяндалатын әдебиеттер, мұрағат мәліметтерін, ауызша әңгімелер, аңыздар (негізгі баспа жұмыстары және жарияланбаған жұмыстардың сақталған жері көрсетіледі).

Алматы қорығы мемлекеттік болып табылады, бұл қорықты ғалымдар да, сол сияқты қызметкерлер де зерттейді, ол туралы ақпаратты Экология және биоресурстар министрлігінен табуға болады («Мемлекеттік табиғи-қорықтық қорды дамыту проблемалары мен келешегі» парламенттік тыңдалымның материалдары. – Астана, 2013.). Туризмді дамыту тұжырымдамасында мемлекеттік ұлттық табиғи парктер (МҰТП) мен мемлекеттік табиғи қорықтарды туризмді ұйымдастыру тұрғысынан ең тартымды, қолжетімді және игерілген аумақ ретінде ерекше бөліп көрсетеді. Осыған байланысты соңғы екі жылда ерекше қорғалатын табиғат аумақтарын жалпы қаржыландыру айтарлықтай өсті, бұл мемлекеттің биоалуантүрлілікті сақтау проблемасына айрықша назар аударатындығын көрсетіп отыр.

6. Нысанның сақталуы (ескерткіштің және ескерткіш орналасқан аумақтың жай-күйі, соңғы жөндеу және қайта жұмыстары жүргізілген күні)

Алматы мемлекеттік табиғи қорығында бірнеше ірі шатқалдар бар – Орта, Сол және Оң Талғар өзендері, Есік көлі, Солдат сайы, Маралсай. Сол Талғар өзенінің ең ұзын шатқалы.

Қорық ландшафттарының алуантүрлілігі бұл жерде бай фауна мен флораның тіршілік етулеріне мүмкіндік береді. Қорықта шамамен өсімдіктердің барлығының мың жарымнан астам түрі өседі.

Бұл жерде тек ағаштар мен тал-шіліктердің 112 түрін кездестіруге болады.

Қорықтың жануарлар әлемінде құстардың 148-ге жуық түрі, сүтқоректі жануарлардың 38 түрі, рептилияның 6, амфибияның 2, балықтың 8 түрі кездеседі. Соңғы қайта құрылған күні – 2010-2013 жж.

7. *Нысанды қорғау (кімге жүктелген, қандай шешіммен).*

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңында Республика аумағында әрекет ететін ЕҚТА-ның барлық түрлері бойынша анықтама берілген. Оған сәйкес, мемлекеттік табиғи қорық – қызметінің мақсаты табиғи қорықтың аумағындағы табиғи процестер мен құбылыстардың табиғи барысын, өсімдіктер мен жануарлар әлемінің нысандарын, өсімдіктер мен жануарлардың жекелеген түрлері мен қауымдастықтарын, типтік және бірегей экологиялық жүйелерді сақтау және зерттеу, оларды қайта қалпына келтіру болып табылатын табиғат қорғау және ғылыми мекеме мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

8. Қандай экскурсияларда ескерткіш көрсету нысаны ретінде қолданылады?

Алматы қорығы, әдетте, табиғаттану, экологиялық экскурсияларда экскурсия нысаны ретінде пайдаланылады.

9. Төлқұжат жасалған күн. Төлқұжат жасаушының фамилиясы және лауазымы.

Күні: 01.05.14 ж.

Қолы _____

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Емельянов Б.В. Экскурсоведение: учебник. –7-е изд. стереот.– М.: Советский спорт, 2009. – 216 с.

2. Савина Н.В. Экскурсоведение: учебное пособие. – Минск: БГЭУ, 2009. –255с.

3-ТАҚЫРЫП. ЭКСКУРСИЯ БАҒЫТЫН ЖАСАУ

Мақсаты: экскурсия бағытын жасау әдістемесі мен технологиясын көрсету.

Міндеттері: ақпарат көздерін пайдалана отырып (кітаптар, есептер, карталар, интернет-көздер) экскурсия бағытының схемасын жасауды үйрену.

Қолданылатын формалар мен әдістер: іздестіру, картографиялық, тақырып бойынша әдебиеттерді іріктеу және бағыт схемасымен жұмыс жасау.

Негізгі сөздер: бағыт, хронология, топология, экскурсиялық жол, қауіпсіздік, бағыттың айналма жолы, бағыттың схемасы.

Бағытты жасау – шығармашылық топтың жұмысындағы маңызды кезеңдердің бірі. Бағыт – бұл экскурсиялық топтың барынша мақсатқа лайық жүретін жолы және іріктеп алынған нысандарды тамашалаудың ең жақсы жүйелілігі, экскурсияға қатысушылар орналасатын ыңғайлы орындардың және аялдамалар мен автокөлік тұрақтарына арналған орындардың болуы оның құрылысының негізі қызметін атқарады. Сондай-ақ бағыттың қауіпсіздігі туралы да ұмытпаған дұрыс.

Бағытты жасаған кезде оны жасаушы бірнеше проблемалар шешімінің тепе-теңдігін табуы тиіс:

– бірінші проблема: нысанды логикалық жүйелілікте (хронологиялық, тематикалық және тематикалық-хронологиялық) көрсетуді ұйымдастыру. Хронологиялық құрылым тарихи тақырыптағы экскурсияларда және тамаша адамдардың өмірі туралы экскурсияларда жүзеге асырылады. Тематикалық – табиғаттану және өнертану экскурсияларына арналған бағыт. Тематикалық-хронологиялық нұсқакеп жоспарлы шолу экскурсиялары үшін қолданылады, себебі олар өте көп тақырыпшалардан тұрады. Олардың әрқайсысы уақыт жүйелілігін сақтай отырып баяндалуы тиіс.

– екінші проблема: топологиялық – сол бір учасқтарды және экскурсиялық нысандары жоқ бойлай жатқан учасқтарды қайталап өтпей, орталық көшелер мен алаңдар арқылы өтетін едәуір қысқа бағытты жүргізіп өтуге деген қалыпты ұмтылыстан

тұрады. Егер автобустан шығу қарастырылмаған болса, автобустың терезесінен жақсы көрсетілімді қамтамасыз ететін жол таңтап алынады. Топтың назарын экскурсия тақырыбына қатысы жоқ нысандарға аудартпауға тырысу қажет.

– үшінші проблема: қауіпсіздік – көшеде қай жерден және қалай өту керек, нысанның алдындағы топты қайда орналастыру қажет, нысанды көретін кезде қалай өту керек, жаңбырлы немесе қарлы ауа райында, тәуліктің түнгі уақытында бағытты қалай өзгерту керек.

Бағытты айналып өту: қаланың көшелері мен алаңдарындағы нақты жағдаймен танысу, экскурсиялық автобус өтетін және тоқтайтын жерлерді, топтың көшені жаяу жүріп кесіп өтетін жолдарын анықтау, нысандардың жай-күйімен танысу және экскурсияға қатысушылар орналасатын 2-3 жерді таңдап алу. Осы кезеңде топтың бір нысаннан екінші нысанға баруы немесе өтуі, ол нысандардың әрқайсысы туралы әңгімелеу және оларды көрсету үшін қажет уақыт белгіленеді, экскурсияның жалпы ұзақтығы және бағыттың ұзындығы нақтылады. Бағыттың алдын ала жасалған схемасы талқыланып болғанан кейін өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі, ал бүкіл экскурсия бекітілгеннен кейін көбейтілген схемалар әдіскерлерге, экскурсия жетекшілеріне, диспетчерлерге, экскурсиялық автобустардың жүргізушілеріне таратылады. Бұл барлық тізбектердің жұмыстарын нақты ұйымдастыруға, мысалы экскурсия жетекшісі мен жүргізушінің өзара әрекет етуіне көмектеседі, бұл жерде экскурсия жетекшісі автобус қозғалысы мен аялдамалары бойынша нұсқаулықтарға көңіл бөлмесе де болады.

Пысықтауға арналған сұрақтар:


1. Экскурсия бағыты дегеніміз не?
2. Экскурсия бағытын жасауға қандай талаптар қойылады?
3. «Жол хронологиясына» түсінік беру.
4. «Жол топологиясына» түсінік беру.
5. «Экскурсиялық жолға» түсінік беру.
6. Сіз экскурсиялық бағыттың қауіпсіздігі дегенді қалай түсінесіз? Бағыттың айналма жолына не кіреді?

7. Экскурсия бағытын жасаңыз:

- а) Алматы зоопаркі;
- б) Республика сарайы;
- в) Абай ескерткіші мен даңғылы;
- г) Медеу-Шымбұлақ спорт кешені;
- д) М. Әуезовтың мұражай-үйі;
- е) Шарын;
- ж) театрлы Алматы;
- з) университеттік Алматы.

Ұсынылатын әдебиеттер:

- 1. Емельянов Б.В. Экскурсоведение: учебник. –7-е изд. стереот.– М.: Советский спорт, 2009. -216 с.
- 2. Савина Н.В. Экскурсоведение: учебное пособие. – Минск: БГЭУ, 2009. –255с.



3-сурет. «Есік көліне» маршрут схемасының мысалы

4-ТАҚЫРЫП. ӘҢГІМЕНІҢ ЖӘНЕ КӨРСЕТУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕРІН АНЫҚТАУ

Мақсаты: экскурсия барысында әңгімелеу және көрсету дағдысы мен икемділігінің қалыптасуына мүмкіндік жасау.

Міндеттері:

1) көңіл қою, бақылау, тыңдау және есту дағдыларын қалыптастыру;

2) экскурсиясын тематикасына және мақсатты аудиторияға байланысты әңгімелеу және көрсету әдістерін дұрыс таңдай білу.

Қолданылатын формалар мен әдістер: әңгімелеу, көрсету.

Негізгі сөздер: көрсету, көрсету сатылары, сюжетті және сюжетсіз көрсету, экскурсия жетекшісінің әңгімелеуі, әңгімелеу түрлері, экскурсияға қатысушылардың қақпа сөздері.

Көрсету – бұл көрнекілік қағидасын жүзеге асыру процесі, экскурсиялық нысандармен немесе бірнеше нысандармен бір уақытта таныстырудың көрнекі әдісі (мысалы, архитектура ескерткішімен немесе архитектуралық ансамбльмен). Көрсетуді экскурсия жетекшісінің заттың мәнін айқындауға бағыттылған іс-әрекеті (немесе әрекеттер жиынтығы) ретінде қарастыруға болады.

Экскурсияларда көрсету – бұл нысандардан көзбен көру ақпаратын алудың көпжоспарлы процесі, ол кезде экскурсияға қатысушылардың іс-әрекеті белгілі бір жүйелілікте, нақты мақсатпен жүргізілетін процесс. Сөздіктерде «көрсету» және «демонстрация» терминдері бір-бірімен теңестірілген.

Демонстрация қандай да бір заттың немесе құбылыстың топпен қабылдауына есептелген көпшілікке көрсету ретінде, нысанды адамдар тобының көруі үшін ұсынатын белгілі бір адамның іс-әрекеті (экскурсияға қатысушыларды, студенттерді, оқушыларды) ретінде сипатталады.

Нысанды көрсету – бұл экскурсия жетекшісі мен экскурсияға қатысушылардың мақсатқа лайық іс-әрекеттерінің жүйесі, нысандарды білікті маманның жетекшілігімен бақылау. Көрсету нысандарға анализ жасауды, экскурсияға қатысушылардың өз бетінше белсенді жұмыс жүргізулерін болжайды.

Көрсету заттарды демонстрациялау, экскурсияға қатысушылардың алдарында көріп тұрғандарын түсіндіру, ұғындыру, олардың қызметін бағыттау дегенді білдіреді.

Көрнекіліктің тиімділігі нысанды көрсетуді ұйымдастыруға, экскурсияға қатысушылардың оларды дұрыс бақылауына байланысты болады. Адам экскурсияда дұрыс қарауды және көруді, бақылау және зерттеуді үйренеді. Көрсетудің міндеті – міне осында. Экскурсияны құрастырушылар тақырыпты әзірлеген кезде көрсетудің мәнін, мақсатын және экскурсия тақырыбының қаншалықты толық ашылатындығын ескерулері тиіс.

Көрсету адамның пайымдау және сырттай бақылау сияқты әрекеттерінен өніп шығады. Егер пайымдау мен сырттай бақылауда ешкім нысанды көрсетпейтін болса, басшы болмаса, көрермендер қатарынан заттарды қабылдаудың енжарлығы туындайды.



4-сурет. Экскурсияда көрсету схемасы

Көрсетуден бір ерекшелігі қарау ескерткіштермен жоспардан тыс үстіртін танысу ретінде анықталуы мүмкін.

Әрбір адам бөтен біреудің көмегінсіз тұрғын үйдің немесе көшенің, ескерткіштің сыртқы көрінісін қарап шығып, знакомиться мұражайдың экспозицияларымен және картиналық галереядағы живопись туындылармен таныса алады.

Қарау мен көрсетудің арасындағы айырмашылық мынада: қарау кезінде адам ескерткіштің тек сыртқы түрін ғана қабылдайды. Ал көрсету кезінде ол тек ескерткішті көріп қана қоймай, экскурсия жетекшісінің көмегімен нысанның сан алуан қырларын,

біртұтастың бөлігін, нысанның сыртқы ерекшеліктерін ажыратып, оларды талдауға қатысады.

Экскурсиядағы көрсету үш элементтің жиынтығы болып табылады:

– экскурсияға қатысушылардың көрікті жерлерді өз беттерінше бақылауы;

– экскурсияға қатысушылардың «экскурсия жетекшісінің портфеліндегі» экспонаттармен танысуы;

– экскурсия жетекшісінің басшылық етуімен басқа тәсілдерді көрсету (мысалы, тарихи экскурсияда әр түрлі дәуірлерде тұрғызылған ғимараттар көрсету нысандары болып табылады).

Ғимараттың қабырғалары, оның есіктері мен терезелері, балкондары, басқа бөліктері мен бөлшектері ғана көрсетіліп қоймай, сонымен қатар ғимараттың ішінде жасырынып тұрғандары – бөлмелері, сатылары, дәліздері, ғимараттың ішіндегі жиһаздары, керек-жарақтары, сол уақытты осы үйді мекендеген адамдардың тұрмысы, өмірі де көрсетіледі. Экскурсия жетекшісі көрсету мен әңгімелеудің әдістемелік тәсілдерінің көмегімен көрсетіліп отырған ғимарат пен осы ғимараттың ішінде, оның маңайында орын алған оқиғалар арасында байланыс орнатылады.

Нысанның сюжеттік және сюжетсіз көрсетілімі деген болады. Өнердегі сюжеттік туындылар әдетте тарихи және тұрмыстық жанрға жатады. Ал пейзажға, натюрмортқа және портретке елетін болсақ, әдетте оларда сюжет болмайды.

Бейнелеу өнері туындыларындағы сюжет іс-әрекеттің белгілі бір кезеңі арқылы нақтылы түрде көрсетіледі. Мысалы, В. Суриковтың «Стрелецтердің жазалану таңы» атты күрделі сюжетті картинасында тек бір ғана тарихи сәт – жазалауға дайындық қана бейнеленген. Сонымен бірге картинаға қарап тұрып, көрермен бұған дейін не болғанын біледі (стрелецтердің көтерілісі). Сонымен қатар, ол мұның немен аяқталғандығын біледі (стрелецтерді дарға асумен), алайда дарға асу көрінісін өзін суретші бейнелеген. Өнердегі сюжеттік туындылар, әдетте тарихи және тұрмыстық жанрларға жатады. Экскурсия жетекшісінің оқиғаның сатыларын көрсете білуі көрермендердің өткен тарихтың оқиғаларын көз алдарына елестетуіне көмектесе алатыны соншалық, олардың

санасында ол көріністерайнадағыдай болып бейнеленіп, өзінің маңыздылығымен таң қалдырып, керемет сезімдерін тудырады.

Экскурсиядағы кез келген сюжеттік көрсетудің әрекет ететін өз адамдары болады. Оларға әрекет ету тән. Сюжеттік көрсету экскурсияны жандандырып, экскурсияға қатысушыларды белсенді ете түседі: олар ескерткіштерді естерінде жақсы сақтап, осы ескерткіштермен байланысты оқиғалардың мәнін терең меңгереді және әңгіменің өзі нақтырақ бола түседі.

Экскурсияда көрсетудің міндеттері мынадай:

1) экскурсияға қатысушылардың қарсы алдында тұрған экскурсиялық нысандарды көрсету;

2) әлдеқашан жойылып кеткен нысандарды көрсету (тек фотографиялар мен суреттерде ғана сақталған);

3) дәл сол жерде болған тарихи оқиғаларды көрсету, оның көзбен көретін картинасын қалыптастыру;

4) тарихи қайраткердің осы жерде орын алған іс-әрекетін көрсету (жазушының, суретшінің, қолбасшының);

5) нысанды баяндалып отырған оқиға кезінде қалай болды, дәл сол күйінде көрсету.

Көрсетуге қойылатын талаптар:

а) дұрыс таңдап алынған көрсету орындары;

б) көрсету үшін барынша тиімді уақыт;

в) экскурсияға қатысушылардың назарын тақырыптан алыс нысандардан аудару мүмкіндігі;

г) нысандарды көрсеткен кезде экскурсияға қатысушылардың қозғалысын әдістемелік тәсіл ретінде пайдалану;

д) экскурсия жетекшісінің икемділіктері мен дағдылары;

е) экскурсияға қатысушылардың нысандарды бақылауға дайын болуы.

Экскурсияда көрсетілімді жүзеге асырған кезде әдістеме жүйелілікті қамтамасыз етуді талап етеді.

Экскурсия жетекшісінің нысанды көрсету кезіндегі жүйелі іс-әрекетінің үлгі схемасы:

1. Анықтау: Экскурсия жетекшісі экскурсияға қатысушыларға қандай заттың (нысанның) көрсетіліп жатқандығын анықтайды;

2. Сипаттама: Экскурсия жетекшісі нысанды сипаттайды (нысанға сипаттама береді);

3. Жасау мақсаты: Экскурсия жетекшісі нысанның қолданысы туралы айтады;

4. Экскурсиялық талдау, салыстыру: Экскурсия жетекшісі нысанның жекелеген бөліктерін қарастырады;

5. Анықтама: Экскурсия жетекшісі ескерткіш авторының, ғимарат архитекторының атын айтады;

6. Тарихи оқиғаны бағалау: Экскурсия жетекшісі нысанмен байланысты оқиға, оның мәні туралы әңгімелейді (1 кесте).

1 – Кесте. Көрсету сатылары

Б і р і н ш і саты	Экскурсия жетекшісінің «Сіздердің алдарыңызда ...» деген сөзінен кейін экскурсияға қатысушылардың нысанға жалпы назар аударуы	Нысанның кескін-келбеті менгеріледі (мысалы, «Абай ескерткіші»).
Е к і н ш і саты	Э к с к у р с и я г а қатысушылардың ескерткішті барынша егжей-тегжей көруі	Нысанның оқиғалары туралы әңгімеден кейін ерекшеліктер менгеріледі.
Ү ш і н ш і саты	Экскурсия жетекшісі ескерткішке талдау жасаған кезде ескерткішті қайталап көру (бақылау)	Нысанның жекелеген бөліктері мен бөлшектері менгеріледі.
Т ө р т і н ш і саты	Э к с к у р с и я г а қатысушылардың нысандарды өз беттерінше көруі. Әрекет ету жағдайы мен орны есте сақталады	Нысан және оның орналасқан жері есте сақталады.
Б е с і н ш і саты	Экскурсия жетекшісінен естігендерді және көргендерді қорытындылау	Тақырып бойынша қорытынды жасалады.
А л т ы н ш ы саты	Э к с к у р с и я г а қатысушылардың нысанға қорытынды көзқарасы	Экскурсияға қатысушылар нысан туралы өз көзқарастарының дұрыстығына көздерін жеткізеді

Бірінші саты: Экскурсия жетекшісінің «Сіздердің алдарыңызда ...» деген сөзінен кейін экскурсияға қатысушылардың нысанға жалпы назар аударуы. Нысанның кескін-келбеті, мысалы: «Абай Құнанбаевқа қойылған ескерткіштің кескіні менгеріледі.

Қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы Абай (Ибрагим) Құнанбаевқа (1845-1904) 1961 жылы Достық (бұрынғы Ленин) даңғылында ескерткіш тұрғызылды.

Екінші саты: Экскурсияға қатысушылардың ескерткішті ба-рынша егжей-тегжей көруі.

Абайдың қола мүсінімүсінші Х.Е. Наурызбаевтың моделі бо-йынша жасалған. Қордайдың қызыл гранитінен жасалған трапеция тәрізді тұғыр сәулетші И.И. Белоцерковскийдің жобасы бойынша тұрғызылған.

Үшінші саты: Экскурсия жетекшісінің талдау жасауымен ны-санды қайталап көру (бақылау).

Абайдың мүсіні жүріп келе жатқан бейнеде жасалған. Бүгілген сол қолына ол кітап ұстап тұр, ал оң қолымен иығына желбей жабылған шапанның етегін ұстап тұр. Ойшылдың басы көлемді етіп жасалған. Болашаққа көз тігіп тұрған Абай бейнесінің жүзінде терең ойдың нышаны байқалады. Ақынның философиялық кей-пі, оның сирек кездесетін тұлғасы мүсіннің монументтілігін, ес-керткіштің пластикалық шешімінің тұтастығын айрықша басып көрсетеді.

Қола мүсіннің тұғырының алдында «Абай (Ибрагим) Құнанбаев. 1845-1904». Монументтің биіктігі 14 м. деп жазылған металл пластина орнатылған.

Төртінші саты: Экскурсияға қатысушылардың оларды қоршап тұрған Республика сарайы, Қазақстан қонақүйі, Көктөбе таулары және субұрқақтарының маңындағы нысандарды өз беттерінше көруі.

Бесінші саты: Көзбен көріп экскурсия жетекшісінен құ-лақпен естігенді қорытындылау. Тақырып бойынша естігендерге қорытынды жасалады.

Алтыншы саты: Экскурсияға қатысушылардың нысанға қорытынды көзқарасы. Абай ескерткіші, Республика сарайы, Көк-төбе және Қазақстан қонақүйі. Экскурсияға қатысушылар өздерінің нысан туралы түсініктерінің дұрыстығына сенеді.

Экскурсия жетекшісінің міндеті – экскурсияға қатысу-шыларға алыстан ең жақсы көрінетін жерді табуға көмектесу. Ол экскурсияға қатысушыларға нысандар арасындағы кеңістіктік қарым-қатынасты, олардың бір-біріне қатысты орналасуын тү-сінуге көмектеседі.

Экскурсияда көрсету төмендегілерді біріктіретін екіжақты процесс болып табылады:

а) жетекшінің (экскурсия жетекшісінің) сезіммен қабылданатын нысандардың мәнін анықтауға бағытталған белсенді іс-әрекеттерін;

б) экскурсияға қатысушылардың белсенді қызметін (нысандарды бақылау, зерттеу, қорғау).

Нысандардың ерекшеліктерін алдын ала зерттеу маңызды мәнге ие болып келе жатыр.

Көрсету түрлері

Автобус экскурсиясы үшін көрсетудің келесідей төрт түрі тән:

1) экскурсия жетекшісі экскурсияға қатысушылардың сағатына 50-60 км жылдамдықпен келе жатқан автобустың терезесінен көріп келе жатқандарына түсініктеме береді. Нысандарды көрсетудің мұндай түрі жолда берілетін экскурсиялық ақпаратқа тән;

2) көру нысандарының жанынан өткен кезде баяу жүріп келе жатқан автобустың терезесінен қарау. Бұл тарихи және мәдени ескерткіштерді тегіс көруге, оларды көруден керемет әсер алуға мүмкіндік береді. Әдетте, мұндай көрсету қосымша нысандармен таныстыру үшін қолданылады;

3) автобус тоқтаған кезде экскурсияға қатысушылардың салоннан шықпай-ақ нысандарды тамашалауы. Көрсету автобустың терезесінен жүргізіледі. Нысандармен, естелік орындармен егжей-тегжей әрі тереңнен танысу орын алады. Көрсетудің әдістемелік тәсілдерін пайдалану мүмкіндігі шектеулі;

4) шығатын аялдамаға келген кезде экскурсияға қатысушылардың автобустан шығуы. Нысандар барынша терең әрі егжей-тегжей көрсетіледі. Көрсетудің әдістемелік тәсілдері, нысанды экскурсиялық талдау түрлері пайдаланылады.

Адам мен нысанның экскурсиядан тыс әрекет ету нұсқасы да кездеседі.

Бірінші нұсқа. Нысанды қарауқысқаша сипатта үстірт жүреді. Мысалы, мұндай қарауды адам жұмысқа бара жатқанда немесе басқа жұмыстарымен келе жатқанда байқауға болады. Жолда кездескен нысандармен барынша терең танысуға, тіпті қатты қызығушылық болған күннің өзінде, қажетті уақыт пен дағдының жоқтығы кедергі жасайды.

Екінші нұсқа. Нысанды барынша егжей-тегжей қарау. Адам демалыс күні қалада серуендеп жүрген кезде осындай қарауорын алады. Адам ғимараттармен, тарихи ескерткіштермен, көшелермен және алаңдармен, қаланың тыныс-тіршілігімен өз бетінше танысады. Нысандарды барынша егжей-тегжей бақылауға «экскурсияға қатысушылардың» олар туралы және олармен байланысты оқиғалар туралы білмейтіндігі, дағдыларының, сондай-ақ нысандарды қарау барысында білікті көмек көрсете алатын адамдардың болмауы кедергі келтіреді.

Үшінші нұсқа. Қалада топ болып қыдырып жүрген кезде, олардың ішіндегі біреуі кәсіби экскурсия жетекшісі болмаса да, қаланың көрнекі орындары туралы аздап білетіндіктен экскурсия жетекшісінің қызметін атқарған кезде нысандарға қарау жүзеге асады. Экскурсияға қатысушылар алатын мәліметтер үзік-үзік болады әрі үнемі шындыққа сәйкес келе бермейді. Рассказ «Экскурсия жетекшісінің» әңгімелеуі өзінің құрылымы мен мазмұны бойынша анықтамалық сипаттағы жол сілтейтін экскурсиялық ақпаратты көбірек еске түсіреді.

Экскурсияда өзара әрекет ету:

Бірінші нұсқа. Алдын ала таңдап алынған нысандар қаралады. Әңгімелеу кезінде айтылатын мәліметтер экскурсия тақырыбын меңгеруге бағытталған. Нысандарды қарауды маман – экскурсия жетекшісі басқарады. Әңгімелеудің әдістемелік тәсілдерін қолдану адам мен нысанның арасындағы өзара әрекет етуді жандандырады. Нысанды қараудың негізінде жоспар жатады. Экскурсияның бұл нұсқасының тиімділігін арттыруға экскурсияның сөзбен (әңгімемен) басталуының басым болуы кедергі келтіреді.

Екінші нұсқа. Экскурсия жетекшісінің әңгімелеуі мен түсіндіруі аталған тақырыпты ашатын нысандар көрсетілімі көзбен көріп қабылданады. Нысандарды көрсетудің әдістемелік тәсілдері, нысандарды экскурсиялық талдау жетекші орынды алады. Экскурсияға қатысушылар нысандарға қараған кезде зерттеу элементтері қолданылады. Экскурсия жетекшісі аудиторияға ықпал етудің сөйлеуден тыс формаларын және бейнелі көрнекі құралдарды пайдаланады.

Үшінші нұсқа. Нысандарды көрсеткен кезде экскурсиялық талдаудың сан алуан түрлері белсенді қолданылады. Экскурсияға

қатысушылардың қызметінде нысандарды зерттеу элементі пайда болады. Көрсету әдістемесі өзінің шарықтау шегіне жетеді. Экскурсия жетекшісі экскурсияға қатысушылардың осы экскурсия тақырыбы арналып отырған өткен уақыттың оқиғаларын, адамдардың іс-әрекеттерін «көрулеріне» көмектесе отырып, олардың образды ойлауға ынталандырады.

Экскурсиядағы көрсету ерекшеліктері

Экскурсияның маңызды элементі ретінде көрсетудің (оның көрсету негізі) тек өзіне ғана тән ерекшеліктері болады.

Көрсетудің белсенділігі. Көрсету – бұл табиғат ескерткіштерін немесе адамның қолымен жасалған туындыларды селқос тамашалау емес, керісінше нысандарды мақсатты түрде (зерделеу, зерттеу) бақылау. Бұл сезім арқылы қабылданатын нысандарды экскурсия жетекшісі мен экскурсияға қатысушылардың белсенді іс-әрекетін қажет ететін процесс – экскурсиялық әдістеменің көмегімен талдау.

Көрсетудің логикалық жүйелілігі. Экскурсияда әрбір кейінгі нысан тақырыпты ашудағы саты болып табылады. Бұл жағдай аталмыш нысанның басқа нысандардың арасындағы орнын анықтайды. Көрсетудің қисындылығы, нысандар арасындағы байланыс белгілі бір жүйелілікпен қамтамасыз етіледі.

Көрсетудің басты мәні. Көрсетусіз экскурсия болмайды. Көрсетудің көмегімен әңгіме мысал келтіріліп дәлелденген жағдайда, көрсету бастапқы болып табылады. Көптеген экскурсиялар үшін нысандар экскурсия жетекшісі баяндап отырған оқиға желісінің жалғыз дәлелі, көзбен көретін дәлелі болып табылады.

Көрсетудің анықтаушы рөлі. Экскурсияда көп жағдайда көрсету әңгімелеудің алдын алып жүреді. Бұл «көрсетуден әңгімелеуге дейін» формуласының туындауына әкелді. Басқа сезу мүшелерінің қатысуымен алынған көріп қабылдау және көргеннен алынған әсер экскурсияның негізі болып табылады. Олар әңгімелеуді бастауға ынталандырушының қызметін атқарады. Алайда, бірқатар жағдайларда көрсету мен әңгімелеу бір уақытта қатар қолданылады, ал кейде нысанды көрсетуден бұрын ол туралы әңгіме баяндалады.

Көрсетудің сюжеттілігі. Экскурсия кезінде нысанды көрсету әдетте сюжеттік сипатта болады. Экскурсиядағы сюжет

бейнелеу өнеріндегі туындыларға қарағанда едәуір күрделі. Оған іс-әрекеттердің жиынтығы, тарихи оқиғалардың барысын, өнер шеберлерінің, мемлекеттік қайраткерлердің өмірі мен қызметін көрсету тән. Тематикалық экскурсияларда көрсету мен әңгімелеудің элементтерін біріктіретін нақты сюжеттік желі қарастырылады. Әдетте, мәдениет ескерткіші, үй-жай, тарихи орын олардың мемлекеттің тарихымен, сол немесе басқа оқиғамен байланысының арқасында көрсететін нысан болып табылады.

Экскурсияның нәтижесі көп жағдайда экскурсия жетекшісінің көрнекілікті пайдалана отырып, нысанды көрсете алуымен анықталады. Көрсетудің үш деңгейін ажыратуға болады: алдын ала шолу (экскурсияға қатысушылардың кеңістікте бағдар жасауы); нысанды басқа нысандар жиынтығынан бөліп алу; нысанды егжей-тегжей қадағалау.

Экскурсия жетекшісінің әңгімелеуі екі міндетті атқарады:

а) түсініктеме беру, көргендерді толықтырады;

б) экскурсияға қатысушылардың қазіргі сәтте көре алмай-тындарын қайта құрастырады, қайта қалпына келтіреді.

Әңгімелеумен қатар экскурсия жетекшісінің экскурсияға қатысушылардың сұрақтарына, экскурсия жетекшісіне айтылған қақпа сөздер мен экскурсияға қатысушылардың қақпа сөздеріне жауап бергенде, алғы сөз бен қорытынды сөзде, «экскурсия жетекшісінің портфеліндегі» экспонаттарды көрсеткен кезде оның сөз саптауын байқауға болады.

Әңгімелеу – бұл көпшілік алдында ауызша баяндау талаптарын сақтай отырып, экскурсия жетекшісінің монологтық сөйлеу үлгісінде айтылатын жеке мәтіні.

Экскурсия барысында әңгімелеу ауызша ақпараттан көруге дейін, көргеннен алған әсерден сөзбен бағалауға және қорытынды жасауға дейін жетеді.

Экскурсия кезінде әңгімелеу алдын ала толық көлемде дайындалады. Экскурсия жетекшісінің әңгімесін суырып салып шығарылған әңгіме ретінде қарастыру дұрыс емес. Сонымен қатар бұл әңгімелеу барысында экскурсия жетекшісінің оқиғаны туралы бірден баяндауы мүмкін емес дегенді білдірмейді. Сөз әңгімеге қосқан кезде аталмыш қаланың, елдің өмірінде жаңа

ғана орын алған елең еткізер оқиғаның немесе топтар құрамының салдарынан туындайтын мысал, фактіні баяндау, шағын өлең немесе көркем шығармалардан алынған үзінді туралы туралы болып отыр. Мысалы, егер экскурсия жетекшісі топпен танысқан кезде, топтың педагогтардан тұратынын білсе, әңгімелеуге қала мектептерінің бірінің жұмысынан мысал қоса алады.

Әңгімелеуге қойылатын негізгі талаптар: тематикалығы, нақтылығы, байланыстылығы, қисындылығы, қысқалығы, нанды-рарлығы, баяндаудың түсініктілігі, ой-пікірдің аяқталғандығы, көрсетумен байланысы, ғылымилығы.

Экскурсияға қатысушылардың қақпа сөздері – бұл экскурсияға қатысушының пікірі және де үнемі дұрыс бола бермейтін ой-пікірі. Экскурсияға қатысушылардың қақпа сөздерінен қашқақтаудың қажеті жоқ. Экскурсия жетекшісінің қақпа сөздермен «жұмыс жасауының» белгілі бір әдістемесі болады. Қақпа сөздерге қайтарылатын жауап (экскурсияға қатысушылардың бірінің көзқарасқа жауап қайтаруы сияқты) экскурсия жетекшісінің әңгімесімен қисынды өріліп кетуі тиіс. Қандай да бір мағынасыз қақпа сөздің айтылғандығына қарамастан қызбалыққа салынбай, әдептілік сақтап, айтылған пікірдің дәрменсіздігін түсіндіру қажет.

Экскурсияда **әңгімелеудің екі формасы** қолданылады:

а) экскурсияға қатысушыларға сол немесе басқа оқиғаның қай жерде және қалай болғандығы туралы анық түсінік беретін әңгіме түрінде баяндалатын әңгімелеу;

ә) міндеті экскурсияға қатысушылардың көз алдарына сол немесе басқа нысанды (ғимаратты, құрылысты, естелік орынды) ойша елестету болып табылатын реконструкциялық әңгімелеу.

Экскурсия жетекшісінің тілібелгілі бір критерийлерге сәйкес келуі тиіс. Айқындылық критерийі–аудитория үшін сөздің ақылға қонымдылығы жәнәтүсініктілігі. Анықтық критерийі– сөйлеген сөз мазмұнының экскурсия жетекшісінің ойына, экскурсия мақсаты мен тақырыбына сәйкес келуі. Сөз тазалығының критерийі– экскурсия жетекшісінің тіл құралдарын логикалық тұрғыдан дәйекті пайдалануы.

Көрсетуге қатысты әңгімелеу әр түрлі уақытта айтылады: көрсетуге дейін, көрсету кезінде және көрсетуден кейін. Мысалы,

тематикалық экскурсияда біз бір тақырыпқа арналған әңгіменің үш нұсқасымен жұмыс жасаймыз. Бірінші жағдайда әңгімелеу экскурсияға қатысушылардың нысанды бақылауынан бұрын жүргізіледі. Әдетте – бұл міндеті экскурсияға қатысушылардың назарын нысанның қандай да бір ерекшелігіне аударту, олардың көмегімен қызықты нақтылықтарға қызығушылық тудыру болып табылатын нысан туралы қысқаша анықтама. Екінші жағдайда көрсету барысында әңгімелеу көру қатарын толықтырады, анықтама, сипаттама, түсінік беру, репортаж, түсіндіру, сирек жағдайда сипаттау немесе әдеби монтаж формасында болады. Үшінші жағдайда көрсетуден кейін әңгімелеу айтарлықтай ықшам болады – бұл көргендерге қатысты қысқаша қорытындылар жасау, экскурсия тақырыбын қысқаша әңгімелеу, кейде екі-үш фраза айту. Әдетте, қорытындысында қандай да бір әдістемелік тәсілдер қолданылмайды.

Жоғарыда келтірілген үш нұсқаның ішінен тек екінші нұсқада ғана әңгімелеу мен көрсетудің өзара әрекеті байқалады – сөз тікелей нысанмен өзара әрекет етіп, тақырыпты барынша толығырақ ашады. Бірінші нұсқада сөз көрсетілімнің алдында айтылады, үшіншіде сөз көрсетуді қорытындылайды.

Пысықтауға арналған сұрақтар:

1. экскурсияның негізгі элементі ретінде көрсетудің мәні қандай?
 2. Көрсетудің түрлерін атаңыз.
 3. Экскурсиядағы көрсетудің ерекшеліктерін атаңыз.
1. Экскурсия барысында әңгімелеуге қойылатын негізгі талаптарды атап шығыңыз.
 2. Экскурсия жетекшісінің сөз сөйлеуіне қандай талаптар қойылады?

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Емельянов Б.В. Экскурсоведение: учебник. – 7-е изд. стереот.– М.: Советский спорт, 2009. – 216 с.
2. Савина Н.В. Экскурсоведение: учебное пособие. – Минск: БГЭУ, 2009. – 255с.

5-ТАҚЫРЫП. ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА ЖАСАУ (ӘДІСТЕМЕЛІК ӘЗІРЛЕМЕ)

Мақсаты: экскурсияның технологиялық картасын жасау әдістемесін зерделеу

Міндеттері: әдістемені талдау және экскурсияның технологиялық картасын жасау дағдысын қалыптастыру.

Қолданылатын формалар мен әдістер: практикалық сабақтың тақырыбы бойынша әдебиеттерді, экскурсиялардың, экскурсиялардың технологиялық карталарын әдістемелік әзірлемелерін талдау.

Негізгі сөздер: мұрағат мәліметтері, каталог, технологиялық карта, «экскурсия жетекшісінің портфелі»

Туристік қызмет көрсетуге – «экскурсия» жасауға сертификат алу үшін нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес сертификаттау жөніндегі органға келесі технологиялық құжаттарды дайындап өткізу қажет:

- Бағыттың схемасы.
- Экскурсияның технологиялық картасы (әдістемелік әзірлеме).
- Экскурсияның бақылау мәтіні.
- «Экскурсия жетекшісінің портфелі»

Аталған құжаттардың ішінен ең маңыздысы – технологиялық картаға немесе экскурсияның әдістемелік әзірлемесіне егжей-тегжей тоқталып өтеміз. Ол экскурсияға дайындалудың барлық кезеңдерін жинақтап, бұл экскурсияны қалай өткізіп, нысандарды көрсетуді қалай ұйымдастыру қажеттігін, экскурсияда қойылған міндеттер мен мақсаттарға қол жеткізу үшін қандай әдістемелік және ұйымдастырушылық тәсілдері қолдану керектігін анықтайтын құжат болып табылады. Бұл жерде экскурсия жетекшісі нені және қалай көрсету керек, қай жерден өтіп, қай жерде тоқтау керек, көрсету мен әнгімелеуді қандай жүйелікте жүргізіп, жекелеген сұрақтарға қанша уақыт бөлу қажет деген кеңестерді табады. «Экскурсия жетекшісінің» портфелінен қандай көрнекі материалдарды және қай кезде көрсеткен дұрыс? Онда экскурсияны жүргізу техникасы жөніндегі ұсыныстар қамтылған.

Технологиялық картада көрсетілетін нысанның ерекшеліктері мен баяндалатын материалдың мазмұны ескеріле отырып, нақты экскурсияны құрудың экскурсиялық әдістемесіне қойылатын талаптар қысқаша формада көрсетілген. Технологиялық карта экскурсия жетекшілеріне белгілі бір тақырыпта және экскурсияға қатысушылардың белгілі бір тобы үшін экскурсия жүргізу әдістемесі бойынша ұсыныс жасауды міндеттейді. Технологиялық карта болмаса бұл тақырыпқа арналған экскурсия жүргізілмейді. Бұл құжат экскурсия жетекшісін тәртіпке үйретіп, нысандарды көрсетудің белгілі бір әдістемелерін, сондай-ақ қосымша тақырыпшалар мен негізгі мәселелердің баяндалуы және мазмұны бойынша міндетті ұсыныстарды пайдалана отырып, оның назарын нақты жүйелілікте тақырыпты барынша толық ашуға бағыттайды.

Технологиялық карта экскурсияның әрбір тақырыбына құрастырылады. Бұл тақырыптағы экскурсия экскурсияға қатысушылардың әр түрлі топтары: ерескелер, мектеп оқушылары, қала қонақтары және т.б. үшін жүргізілген жағдайда, тыңдаушылардың әрбір санатына олардың ерекшеліктері ескеріле отырып, жеке технологиялық карта жасалуы тиіс. Яғни, экскурсияға қатысушылардың біртекті тобының жас ерекшеліктері, кәсіптері, басқа да қызығушылықтары ескерілуі тиіс.

Мысалы, бұрыннан бері қалада тұрып жатқан, өздерінің жастық шақтары мен есейген кездері осы қалада өткен орта жастағы адамдар үшін шолу экскурсиясысағыныш, салыстыру элементтерінен тұратын естелік-экскурсия болып табылады.

Бастауыш мектеп оқушылары үшін мұндай экскурсия кіші Отанын ашуда жарқын парақ болып табылады. Жоғары сынып оқушыларына арналған экскурсияда көргендері мен естігендерін тарих, география, қоғамтану сабақтарында алған білімдерімен салыстыру элементтері кездеседі.

Технологиялық картаның итул парағы мыналарды көрсетеді:

1. Экскурсияның атауы. Ол айқын, есте қаларлықтай болуы тиіс және экскурсияның мәнін ашып тұруы керек. Мысалы, Алматы қаласына шолу экскурсиясын былай деп атауға болады: «Менің сүйікті Алматым – сен менің жүрегімдесің». «Таудың бөктерінде жасыл қала жатыр». «мен түсімде көретін қала бар» және т.б.

2. Экскурсияның түрі жаяу, автобус, теплоход, аралас, қала, қала сырты, мұражай және т.б. болуы мүмкін.

3. Ұзақтығы. Экскурсия 1 сағаттан 24 астрономиялық сағатқа дейін жалғасуы мүмкін. Экскурсия жетекшісіне төлем академиялық сағат– 45 минут үшін жүзеге асырылады.

4. Бағыттың ұзындығы. Оның километражы көрсетіледі. Егер автобус–жаяу – қала сыртына экскурсия болса, онда экскурсияға қатысушылардың автобуспен қанша километр, жаяу қанша километр жүріп өтетіндігі нақтыланады.

5. Экскурсияның бағыты. Экскурсия бағыты жүріп өтетін көшелер, алаңдар, бульварлар, қала сыртына жасалатын экскурсия тас жолының негізгі орындары және тағы басқалар көрсетіледі. Экскурсияның басталатын және аяқталатын жері аталады.

6. Экскурсияның мақсатары мен міндеттері. Бұл, ең алдымен, танымдық, тәрбиелік мақсаттар, сондай-ақ экскурсияның құрамына байланысты ғылыми, оқу, эстетикалық, экологиялық және т.б. мақсаттар.

Технологиялық карта, экскурсия жетекшісінің жеке мәтін сияқты 3 тараудан: алғы сөзден, негізгі бөлімнен және қорытындыдан тұрады.

Экскурсияның бағытына байланысты 2 минуттан 10 минутқа дейінгі уақыт аралығын қамтитын сөз сөйлеуде және топпен кездескен жерде, экскурсияның бірінші нысанына кетіп бара жатқан жолда қысқаша ақпарат беріледі, экскурсия жетекшісі өзінің аты-жөнін, дәл қазіргі сәтте оларға қызмет көрсетіп отырған туристік фирманың атын айтып, автобус жүргізушісімен таныстырады. Жолда жүріп келе жатқан автобуста, автобустан шыққан кездегі өзін-өзі ұстау ережелері бойынша нұсқамалықтар жүргізіледі. Балалар тобы үшін мұны ойын формасында ұйымдастыру қажет. Экскурсия жетекшісі экскурсия тақырыбы, бағыты, ұзақтығы, аяқталатын жері туралы экскурсияға қатысушылардың естеріне наминает салып, егжей-тегжей сипаттамай-ақ негізгі нысандарды атап өтеді. Бұл жерде қала, ел туралы анықтаманың болған орынды. Алғы сөз қызықты, тартымды болуы және экскурсия жетекшісінің ары қарай топпен жағымды қарым-қатынас орнатуына ықпал жасауы тиіс.

Кез келген экскурсияның технологиялық картасының «Негізгі бөлім» тарауы келесі схема бойынша толтырылады (2 кесте):

2-Кесте. «Университеттік Алматы» экскурсиясының

технологиялық картасы

Экс- курсия бағыты	Аял- да- ма- лар	Көрсету нысан- дары	Экскурсияның ұзақтығы (мин)	Тақырып- шалар және негізгі мәселелер атауы	Ұйымдасты- рушылық нұсқау- лықтар	Әдістемелік нұсқаулықтар
1	2	3	4	5	6	7

«Экскурсия бағыты» графасындаоның бойымен экскурсиялық топ жүйелі жүріп отыратын көшелер, бульварлар, алаңдар, жолдар, жалғызаяқ жолдар, елді-мекендер (кала сыртына жасалатын экскурсия үшін) аталады. Бірінші болып көше, алаң немесе нысан аталады, сәйкесінше, сол жерден басталады. Содан кейін, егер сол немесе басқа тақырыпшаларды ашып көрсету үшін қажет болып жатса жекелеген учасоктар көрсетіледі, кейде жекелеген едәуір маңызды нысандар көрсетіледі.

Экскурсия аяқталып, экскурсияға қатысушылармен кездесетін жер мен экскурсия басталатын жер үнемі бір бола бермейді. Мектеп, вокзал, қонақүй, кәсіпорын және басқа да жерлер кездесетін орын болуы мүмкін, ол жұмыс тәртібінде тапсырыс берушімен бірге келісіледі. Алматы қаласына жасалатын экскурсияның басталатын жері Астана алаңы, 2-Алматы вокзалы болуы мүмкін.

«Аялдамалар» графасында автобус тоқтап, топтың сыртқа шығуы немесе топтың экскурсиялық нысанды машинадан шықпай-ақ автобустың терезесінен көріп тамашалауы қарастырылған бағыттың нүктелері аталады. Жазба барынша анық жүргізілуі тиіс. Бұл графада «Астана алаңына» шолу экскурсиясы деп қана көрсетіп жазу дұрыс емес, ең дұрысы Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметоваға арналған ескерткіштерге қарама-қарсы орналасқан «Астана алаңы» деп дәл көрсетілуі тиіс.

«Көрсету нысандары» графасында сол тоқтап тұрған аялдамада немесе дәл сол қозғалып келе жатқан уақытта топқа көрсетілетін

естелік орындар, негізгі және қосымша нысандардың аттары аталып өтеді. Қалаға жасалатын экскурсияда көшелер, алаңдар, ғимараттар, ескерткіштер, архитектуралық ансамбльдер көрсету нысаны болуы мүмкін.

Қала сыртына жасалатын экскурсия – бұл елді-мекендерге, ормандарға, алқаптарға, далаға, теңіз жағалауларына, тау тізбектеріне және т.б. экскурсия.

«Экскурсияның ұзақтығы» графасында нысанды көрсету, ол туралы әңгімелеу үшін, сондай-ақ келесі нысанға қарай қозғалу үшін қажет уақыт минутымен есептеледі. Бұл графада көрсетілген уақыт–бұл экскурсия жетекшісінің жеке мәтінді құрастырған кезде әңгіменің көлемін, сөйлеу қарқынын, топтың қозғалу жылдамдығын анықтау үшін нысанға алатын бағдары.

«Тақырыпшалардың атауы және негізгі мәселелер тізімі» графасында жазбалар қысқаша сипатталып, экскурсия жетекшісіне маңызды мәселелерді жіберіп алмай, экскурсияны дұрыс ұйымдастыруға көмектеседі.

Алматы қаласына жасалатын көп жоспарлы шолу экскурсиясында мынадай келесі тақырыпшалар болуы мүмкін:

- Тақырыпшаның атауы
- Қаланың мәдени өмірі
- Алматы – Қазақстан Республикасының ғылыми орталығы
- Алматы – спорт қаласы
- Халық есінде мәңгілік және т.б.

Мысалы, Абай атындағы МАОБТ ғимаратының алдында «Қаланың мәдени өмірі» тақырыпшасын баяндаған кезде келесі мәселелерді ашып көрсеткен орынды болады:

1. Театрдың құрылу тарихы.
2. Қазақтың опера сахнасының майталмандары.
3. Театрдың репертуары.
4. Театр ғимаратының архитектурасы.

«Ұйымдастырушылық нұсқаулықтар» графасында экскурсия жетекшісі экскурсияны ұйымдастыру мәселелері бойынша ұсыныстар алуы тиіс: экскурсиялық топтың бағыт бойынша қозғалуы туралы, (аялдамалар, автобустың баяулатылған жүрісі, топтың автобустан шығуы) көрсетілетін нысанның жанында топты қалай дұрыс орналастыру қажеттігі туралы (орналасқан жері, нысаннан қашықтығы), экскурсияның жаяу жүретін бөлігінде топтың

қауіпсіздігін қалай қамтамасыз ету қажеттігі туралы (көшені кесіп өту, табиғи және жасанды кедергілердің маңындағы қауіпті жерлерді: өзеннің немесе жардың опырылған жағалауы және т.б. айналып өту), бағытта санитарлық-гигиеналық талаптарды орындау туралы (су ішу, тамақ жеу, дәретханаға бару), экскурсияға қатысушылардың мемориалдық орындарда (гүл шоқтарын қою, үнсіз еске алу), әр түрлі конфессиялардың храмдарында, қорықтар мен ұлттық парктерде өздерін-өздері ұстаулары туралы. Бұл графада экскурсияға қатысушыларға қойылатын тарихи және мәдени, табиғи ескерткіштерді қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі талаптар баяндалуы мүмкін.

«Әдістемелік нұсқаулықтар» графасына экскурсияны өткізу әдістемесі бойынша нақты нұсқаулықтар енгізіліп, экскурсияны өткізудің жоғары сапасына қол жеткізу мақсатында көрсету мен әңгімелеудің сол немесе басқа тәсілдерін пайдалану жөнінде ұсыныстар беріледі. Экскурсия барысында экскурсия жетекшісінің дұрыс белгіленген әдістемелік нұсқаулықтарды қолдануы экскурсияның қызықты, әсерге толы және мазмұнды болуына, қатысушылардың естерінде ұзақ сақталуына әкеледі. Бұл графада бір тақырыпшадан екінші тақырыпшаға өтудің қисынды байланыстарының мазмұны, аудиторияға байланысты басқа тақырыпқа ауытқудың нұсқалары баяндалып, «экскурсия жетекшісінің портфелінен» алынған көрнекі құралдарды көрсету жөнінде ұсыныстар беріледі, сондай-ақ бұған экскурсияға қатысушылардың нысандардың маңында жүріп-тұруларын пайдалану туралы кеңестер де әдістемелік тәсіл ретінде енгізіледі.

Әдістемелік әзірленім немесе технологиялық картаның негізінде жеке мәтін жазылады.

Мысал: «Есік көліне» экскурсияның технологиялық картасы (Зкесте)

Экскурсияға қатысушылардың барлық санаттары үшін

Экскурсия түрі: қала сыртына, автобус-жаяу

Ұзақтығы: 8 астрономиялық сағат (экскурсиятану – 3,5 академиялық сағат)

Бағыттың ұзындығы:

1) автобус – екі жаққа 120 км.

2) жаяу – екі жаққа 2 км.

3 – Кесте. Экскурсия бағыты: Алматы-Панфиловский-Новолексеевка кеңшарлары-Есік қаласы-Есік көлі.

Экскурсия бағыты	Аялдама-лар	Көрсетілу нысандары	Ұзақтығы	Тақырыптар атауы және негізгі мәселелер тізімі	Ұйымдастырушылық нұсқаулықтар	Әдіс-тәсілдер
1. Сахат автобекеті – «қала шекарасы» айналымы	Бұрынғы Үлкен және Кіші Алматы станциялары Верный бекеті орналасқан жер	15	«Алматы – Оңтүстік астана»; 1. Верный қаласының тарихы	Райымбек даңғылы Добролюбов көшесімен қиылысатын жерде автобус қозғалысын бәсеңдету.	Көзбен көріп қайта жасау әдісін пайдалана отырып, Верный бекетіні орналасқан жерді көрсету. Қаланың Кіші Алматы өзенінің дәл шығыс жағынан басталғандығын атап көрсету. Бекеттен басталып станцияның ішіне қарай созылып жатқан көшелердің бірнеше бұрыңғы атауларын еске түсіру, қоныс аударушылардың тұрмыстарын өздері көшіп келген жақтың салт-дәстүрлеріне сәйкес жайластырғаны туралы айту қажет. Үзінді келтіру үшін Е. Дүйсеновтің «Алматы», В. Проскурианың мақаласын пайдалану керек.	
2. Қала шекарасы – Панфилов кенті (12 км)	Әуежайдың төңірегі	5	2. Алматының әуе айлағы	Автобус қозғалысының бойымен сол жақта «Қызыл алқап» арқылы әуесжай жақсы көрінетін орман алқабының бөлінген жері бар жерді жіберіп алмаңыз	«Экспериментальное исследование» көмегімен Алматының авиациясында жұмыс жасайтын негізгі компанияларды, олар пайдаланатын лайнерлер типін еске түсіру керек.	

3. Панфилов кенті Есік қаласындағы бұрылыс (35 км)	Ауыл шаруашылығы алқаптары қоршап тұрған ланд-шафт, кент-тер	2 3	2 тақырыпша «Алтын Жетісу»: 1. Алматы-Нарынқол трасасының сипаттамасы 2. Ұлы Жібек жолы аңыздар және ақиқат	Автобустарға елді-мекендерден тысқары жерлерде сағатына 60 км астам жылдамдықпен жүруге рұқсат етіледі	Тақырыпшаның 3, 4-сұрақтарын ашу. Алматы облысымен шектестің өңірлерді, оның ауданын, халқының тығыздығын және басқа да параметрлерін атаңыз. «Жетісу» сөзінің мағынасын 7 өземен байланыстырып, тартылып қоймай, ол сөздің шығу тегінің міндетті түрде кенінен түсіндіру. Өлкенің тарихы туралы айтқан кезде, андронов дәуірінен бздің дәуірге дейінгі Жетісуды қоныстандыру хронологиясын бақылап отыру, бесінші сұрақты түсіндірген кезде қайталаудан қашу үшін сақтар туралы ат үсті айту.
4. Есік қаласындағы бұрылыс – Есік қаласына кіру	Сақ қорғандары	10 15 15	3. Жетісу өлкесінің физикалық-географиялық сипаттамасы 5. Сақтар – олар кім?	Топ қалаған жағдайда автобустан шығуға рұқсат етіледі	Сақ қорғандарын көрсеткен кезде «көзбен көріп салыстыру» тәсілін пайдалану – ал әңгімелеген кезде экскурсияға қатысушыларға біздің дәуірімізге дейін көп ғасыр бұрын болған тарихи оқиғаның қатысушысы болуларына мүмкіндік беретін «қатысу» тәсілін қолдану кенес етіледі. «Сақтар» сөзінің шығу тегін түсіндіру қажет – мағынасы жағынан, ол сөздің скиф этносының шығыс тармағы екендігін баса айту керек. Нұсқау ишаратымен экскурсияға қатысушылардың назарын «Алтын адамның» нақты жерленген орны жатқан жерге аударту. Дереккөз ретінде А. Н. Марьяшевтің «Жетісу жеріне экскурсия ұйымдастыру» атты брошюрасын, археология мұражайының жол көрсеткішін пайдалану кенес етіледі.

5. Есік қаласы-Экологиялық күзет орны (4км)		Есік қаласы	15	6. Есік қаласы – Еңбекші-қазак ауылының орталығы	Автобуспен баяу жүре отырып, әңгімелеу жалға-салды	Елді-мекендердің әр түрлі атауларын еске түсіріп, бұл атаулардың қандай тарихи кезеңдермен байланысты екендігін түсіндіру қажет. «Сипаттау» тәсілін пайдалана отырып, қаланың қазіргі өмірі – оның кәсіпорындары, халқының құрамы және т.б. туралы әңгімелей беру.
6. Экологиялық күзет орны	Аялдама	Экологиялық күзет орнының жанындағы қалқан	5	3 тақырыпша «Іле Алатауының бөктерінің бойында». Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық паркі	Егер ресімделуден бірнеше топ өтетін болса, экологиялық күзет орнына тоқтаған кезде туристерге автобустан шыға тұруларына болатындығы, бірақ тарап кетпеулері керек екендігі жайлы өтініш жасауға болады.	«Түсінік беру» тәсілін пайдалана отырып, Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық паркінің ғылыми қызметі туралы әңгімелеу, елде ұлттық парктарды ұйымдастырудың қажеттігін түсіндіру, тәуелсіз Қазақстан өмірі сүріп келе жатқан уақыттан бері пайдаланған ұлттық парктардың ең ірілерін атау. Өңірдегі жерді пайдаланудың зиянамалық базасының үнемі жетілдіріліп отыратындығы туралы бас айту керек.
7. Экологиялық күзет орны-Есік көлінің бөгеніндегі авто-тұраққа дейін (10км)		Іле Алатауы уы жотасының ең көлемді көрінісі	10	Іле Алатауы тауларының физикалық-географиялық сипаттамасы 3. П. П. Семенов Тянь-Шанский Есік шатқалында 1856 жыл	Жолдың осы бөлігінде көшкіндердің нәтижесінде пайдаланған тас үйінділердің жатуы мүмкін екендігін ескеру қажет	Тауларға физикалық-географиялық сипаттама бере отырып, материалды Тянь-Шань сияқты феноменнің пайда болу факторлары мен себептері түсінікті болатындай етіп баяндайтын «түсіндіру» тәсілін пайдалану. Ақпараттынықшам, бірақ жүйелі, таудың жасына, оның құрылымына, ауданның сейсмикалығына және т.б. қатысты туристерді қызықтыратын барлық сұрақтарға жауап бере алатындай болуы тиіс екендігін ескерген жөн. Көрсетудің «нысанды жағалай қозғалу» тәсілі. Үшінші сұрақты ашып көрсеткен кезде «оқиғаларды тараптанушылық» «қайта қалпына келтіру» тәсілін қолдану. Эскурияға қатысушылардың П. П. Семенов экспедициясының өзәрі жүріп келе жатқан жолды басып өткендігін сезінулеріне мүмкіндік беру. Экспедициясының мүшелері жолбарыстарды аулауға қатысқандығы жайлы айтылатын оның «Тянь-Шаньға саяхат» кітабынан Есік шатқалы туралы әйкемсіздік міндетті түрде пайдалану. В. Г. Аляровскийдің «Мәскеу және мәскеуліктер» атты кітабынан бір тарауды пайдалануға келесі етіледі.

8. Бөгеттің - бөгеттің сөлуістік бөлігі	Шығатын аялдама	Есік көлі	10	4-тақырыпша «Құдай тағының қасында» І.В. Сапожников, А.Н. Винокуров, А.И. Виноградский, А.С. Янковский, Е.Н. Алексеева Есік көлі туралы	Топты өзенте қаратып бөгеттің қырына орналастыру	Бірінші сұрақты ашқан кезде «дербөстелдіру» тәсілін пайдалану керек, осылайша жоғарыда аттары аталған ғалымдардың әрқайсысының көлдің пайда болуы мен параметріне қатысты зерттеуге қосқан үлесін атап оту қажет. Экскурсияға қатысушыларды көлмен таныстырған кезде «алдын ала көру» және «кен көлемді көрсету» тәсілдерін пайдалану. Ауа райы күрт өзгерген, жел қатты күшейген, басқа да апатты көріністер орын алған жағдайда, «репортаж» тәсілін қолдану, осы тәсілдің көмегіменіңімені тек логикалық қосымшалармен әрлендіріп қана қоймай, сонымен қатар топтың назарын су бетіндегі түстің қалай өлшенетіндігіне аудартуға болады.
9. Бөгеттің жота-сының бойымен бөгеттің бұзылған жеріндегі шолу алаң-қайына дейін		Өзеннің көлге құятын жеріндегі онтүстік жағалау	15	2. Тас айдаһар	Қажетті қарқынды сақтай отырып, бөгеттің асфальт төсемесімен батыс жаққа қарай қозғалу. Жарықтың түсуіне байланысты көрсетуге арналған жерді автобус тұрағынан 120-150 метр қашық-тықта таңдап алу қажет.	Екінші сұрақты баяндай отырып, көрсеткен кезде «оқиғаның куәгерлерін тарту» тәсілін пайдалану қажет. Мысалы, «мына таулардың есінде...», «Тянь-шань шырышалары ертедегі көлге құлап түскен «тас айдаһар» туралы естеліктерді сақтап отыр...». Қылқан жапырақты өсімдіктер белдеуін бағдарға ала отырып, нұсқау ишаратымен экскурсияға қатысушылардың назарын көлдің жағалау сызығынан 1963 жылдан кейін өзгергендігіне аударту. «Қайта қалпына келтіру» тәсілі экскурсияға қатысушыларға өткен қасіреттің оймен жарқын бейнесін жасауына, ал материалы «экскурсия жетекшісінің портфелінен» алынған материалдарды айырылған көру қатарына толтыруға мүмкіндік береді. Өңгімелеу тәсілі – «түсіндіру». Үзінді келтірген кезде Т.Жароковтың «Сел» поэмасынан іріктелген жолдарды пайдаланған дұрысырақ.

10. Бөгеттің бұзылған жеріндегі шолу алаңқайы	Аялдама	Бөгеттегі бұзылған жер, өзен үшін тесілген туннель Оның арна-сымен сел жүріп өткен Есік шатқалының көрінісі.	7. Бөгет салу	Солгүстік және батыс бағыттағы көріністі көру үшін шолу алаңына топты жартылай шеңбер жасатып тұрғызу. Экскурсия аяқталғаннан кейін топтың демалу үшін орналасқан жерінанықтау. Алматыға қайту үшін автобуска жиналатын уақытты нақты белгілеу. Тауда жүру ережелерін еске салу. Экскурсияға қатысушылардың назарын «Суга түсуге тыйым салынады» деген белгіге аудартып, туристерге экологиялық нормаларды сақтауға кеңес етінділер. Топ қалайтын болса- Алматы қорығының аумағына Шакпақтас қабырғасына дейін жаяу серуендеуге болады	Жаңа бөгетке техникалық сипаттама бергеннен кейін, өзен аңғарынан жоғары 1982 жылы грузин мамандарының жобасы бойынша салынған бір ұшықты бөгеттің бар екендігін естеріне салу. Апатқа дейінгі және апаттан кейінгі келдегі судың деңгейі туралы мәліметтерді келтіре отырып, «көзбен көріп салыстыру» тәсілін пайдалану. 4-мәселені аша отырып, Есік көлі ауданындағы инфрақұрылымдардың қайта қалпына келтірілетіндігіне сенімділік білдіру. «Индукция» тәсілін пайдалана отырып, өзеннің бо-лжамын өңірдегі туризмді қарқынды дамыту фак-тілерімен бекіту Алматы қорығына барған жағдайда «Сипаттама» тәсілінің көмегімен қорық туралы әңгімелеу.
8.			4. Бұл ауданда ту-ризмді дамы-тудың перспек-тивалары.		

Пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Экскурсияның бағытын жасауға қойылатын талаптарды атаңыз.
2. Экскурсиялық нысандарға не жатады?
3. Экскурсияның технологиялық картасының қолданысы қандай?
4. Экскурсияның мақсаттары қандай болуы мүмкін?
5. Экскурсияның әрбір тақырыбы үшін қандай құжаттаманы әзірлеу қажет?
6. Туристік-экскурсиялық бағыттарды дайындаудың қағидалары қандай?

Тест сұрақтары:

1. Әдеби экскурсияда басым болады:

- А) заттайкөрнекілік;
- Б) сөздік-образдық көрнекілік; +
- В) бейнелеу және сөздік-образдық көрнекілік.

2. Экскурсияның бақылау мәтіні –бұл:

- А) экскурсиялық нысанды сипаттайтын мәліметтер;
- Б) дереккөздер бойынша іріктеліп алынған және салыстыра тексерілген тақырыпты ашатын материал;+
- В) экскурсияны өткізу жөніндегі ұсыныстар.

3. Нысандар карточкасына ... мәліметтер енгізіледі:

- А) тарихи оқиғамен байланысты ескерткіш; +
- Б) нысанның тек заманауи атауы ғана;
- В) нысанның тек бастапқы атауы ғана.

4. Экскурсияның бақылау мәтінін дайындау:

- А) экскурсияны жүргізу барысында қолданылатын көрнекі құралдардың шартты атауы;
- Б) бұл экскурсияны қалай өткізу керектігін анықтайтын құжат. +

5. Төмендегі құжаттардың қайсысы экскурсияның әрбір тақырыбы үшін міндетті болып табылмайды?

- А) тақырып бойынша әдебиеттер тізімі;
- Б) экскурсия жүргізетін экскурсия жетекшілерінің тізімі;
- В) экскурсияға қатысушылар тізімі.+

6. Экскурсияда әңгімелеудің негізі болып табылады:

- А) әдістемелік әзірлеме;
- Б) экскурсия жетекшісінің «портфелі»;
- В) экскурсияның жеке мәтіні.+

Тапсырмалар:

Экскурсияның сан алуан түрлері бойынша технологиялық картаны әзірлеңіз:

1) Кәсіби: Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ-ге «Танымал нархоздан білім» атты экскурсия;

2) Мұражай: «Қазақ даласының үні» ұлттық аспаптар мұражайына экскурсия;

3) «Кешкі қала нені жасырады?» атты Алматы қаласына қалалық экскурсия

4) Тематикалық: «Тамаша адамдардың өмірі». Д.А. Қонаевтың пәтер-мұражайына экскурсия;

5) Тарихи-архитектуралық: «Өткеннің елесі». Верный қаласы болып тұрған кезде салынған архитектуралық ғимараттарға экскурсия.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Лютерович О.Г., Ягофаров Г.Ф. «Три экскурсии по Семире-чью». – Алматы, 2003

2. Емельянов Б.В. Экскурсоведение: учебник. –7-е изд. стереот.– М.: Советский спорт, 2009. -216 с.

3. Савина Н.В. Экскурсоведение: учебное пособие. – Минск: БГЭУ, 2009. –255с.№

6-ТАҚЫРЫП. ҚОСЫМША НЫСАНДАР БОЙЫНША АНЫҚТАМА МАТЕРИАЛДАРЫН ІРІКТЕУ

Мақсаты: қосымша экскурсиялық нысандар бойынша анықтама материалдарын іріктеп алу спецификасын көрсету.

Міндеттері: ақпараттың барлық ықтимал көздерін зерттеу: кітаптар, есептер; интернет-көздер; картографиялық материал; бюллетеньдер (анықтамалық, экологиялық, қаржы-экономикалық).

Қолданылатын формалар мен әдістер: ақпараттардың әр түрлі көздерін талдау, қорытындылау, синтездеу

Негізгі сөздер: мұрағат мәліметтері, каталогтар, есептер, карталар мен жиынтық бюллетеньдер, көшірме үзінділер, дәйексөз, тезис, конспект, экскурсия жетекшісінің «портфелі».

Экскурсияны әзірлеу барысында әдебиеттерді таңдау ерекше маңызды, себебі олболашақ экскурсияның мәтінін құрастыру үшін негіз, ал болашақта – экскурсия жетекшісінің оларға жаңа экскурсияны өткізу үшін дайындық кезіндегі маңызды көз болып табылады. Әдебиеттерді іріктеу тақырыпты ашатын кітаптардың, брошюралардың, мерзімді басылымдарда жарық көрген мақалалардың толық тізімін жасауды қамтиды. Тізімдерді тағайындау – әдеби дереккөздерді зерттеу жөніндегі алдағы жұмыстардың болжанып отырған ауқымын (көлемін) анықтау, жеке мәтінді дайындаған кезде экскурсия жетекшісіне нақты және теориялық материалды пайдалануға көмектесу. Әдебиеттер тізімі шығармашылық топпен және болашақта аталмыш тақырып бойынша экскурсияны өткізуге дайындалатын экскурсия жетекшісімен жұмыс жасауда ыңғайлы болу үшін бірнеше данада көбейтіледі.

Тізімде кітаптың авторы, атауы аталдып, кітаптың басылып шыққан жылы, сондай-ақ қажетті материалдарды қамтыған бөлімдері, тараулары, беттері көрсетіледі. Әдебиет көздерінің саны өте көп болған жағдайда тізімді екі бөлікке бөлуге болады: «Негізгі әдебиет» және «Қосымша әдебиет» («Анықтама материалы»).

Экскурсиялық материалдың өзге дереккөздерін анықтау
Басылымдарда жарық көрген публикациялармен қатар, басқа

дереккөздер де пайдаланылуы мүмкін. Экскурсия авторлары экскурсия тақырыбы бойынша материалдар қамтылған мемлекеттік мұрағаттардың, мұражайлардың, хроникалық-документалдық және ғылыми-көпшілік кинофильмдердің тізімін жасайды. Тарихи оқиғаға қатысқан және ол оқиғаны көзбен көрген адамдардың естеліктері дереккөз ретінде пайдаланылуы мүмкін. Бірақ естелік материалдарды пайдаланған кезде дәйексіздіктердің алдын алу үшінқырағылық танытып, абай болған дұрыс. Әнгімелеу үшін сенімді, егжей-тегжей тексерілген фактілер мен мәліметтер ғана іріктеліп алынуы тиіс. Экскурсияға арналған материалдарды іздестіру және жүйелеу үшін компьютерлік энциклопедиялар, соның ішінделазерлік дискілердегі мультимедиялық деректер қоры айтарлықтай көмек көрсете алады.

Тақырып бойынша әдебиеттер тізімін және өзге де материал көздерінің тізімін жасау дайындық жұмыстары кезеңінің бірінші бөлігін аяқтайды.

Дереккөздерді зерттеу

Ары қарай шығармашылық топтың мүшелері экскурсиялық тақырыпты ашып көрсететін теориялық және нақты материалдарды зерттеп-зерделеуге және жинақтауға кіріседі. Бұл жерде күштерді дұрыс орналастыру өте маңызды.

Материал көздері жаңа тақырыпты дайындау тапсырылған экскурсия жетекшілерінің арасында барынша теңдей бөлініп беріледі.

Кез келген бастапқы дереккөзді – мейлі ол кітап, мұрағат құжаттары немесе мұрай экспозициясы болсын зерделеу концепт жасаумен бірге жүреді, ал бірқатар жағдайларда мәтінді құрастырған кезде пайдаланылуы мүмкін айтарлықтай маңызды ойларды, фактілерді жазып алу формасы да қолданылады. Сонымен қатар әр түрлі жазбалар да жүргізіледі. Бұл жазбаларға дереккөзге сәйкес келу, оларды тапқан жерге – авторға, баспаға, басылымның атауына, бетіне, мұражайдың атауына, экспозиция бөліміне, стендке, мұрағатқа, қорға, құжаттың номеріне дәл сілтеме жасау сияқты негізгі талаптар қойылады.

Экскурсия тақырыбы бойынша материалдарды зерттеген кезде келесі жазбаларды пайдалануға кеңес етіледі:

Үзінді көшірме – бұл бір проблема немесе бірнеше дереккөздерден алынған тақырыпшалар бойынша алынған цитаталар. Мұндай үзінді көшірмелер жекелеген карточкаларда жасалады. Бұл карточкалардан картотека жасалады. Әрбір карточкада, цитатаның өзінен басқа, дереккөз туралы: авторы, шығарманың атауы, баспасы, басылған жері мен жылы, томы, беті туралы мәліметтер беріледі. Осы жерде аталмыш кітап немесе құжат сақталып жатқан кітапхананы, мұрағатты атап өткен дұрыс. Кейін карточкаларэкскурсия жетекшісінің әңгімесінде пайдаланылуы мүмкін.

Үзінді көшірмелер маңызды ережелердің, қызықты мысалдардың, фактілер мен тұжырымдамалардың қысқаша жазбалары ретінде бөлінеді. Мұның барлығы бүкіл әдеби шығармаларды, тұтас құжаттарды толығымен оқып болғанан кейін, экскурсия жетекшісінің санасында шығарма немесе құжат туралы жалпы түсінік қалыптасқан соң пайда болады.

Тезистер – бұл тұтас шығарманың (құжаттың), оның бөліктерінің немесе автордың жекелеген ойларының қысқаша жазбасы. Жазбалар өз сөзімен жүргізіледі және нақты материалды қамтымайды. Кейде тезистер сұрақтарға берілген жауап формасында құрастырылады.

Конспект – шығарманың мазмұнын жүйелі, қисынды баяндап беру. Бұл түрде жазба егжей-тегжей оқылған жоспарды, тезистерді, нақты материалдарды қамтиды. Конспектінің сан алуан түрлері болады: шығарманың мазмұны конспект жасап отырған адамның сөзімен баяндалатын еркін; тематикалық – шығарманың бізді қызықтыратын бөлігінің мазмұнын баяндайтын жазбалар; жазбаларда сипатталып отырған оқиғалардың хронологиялық бірізділігі сақталатын хронологиялық.

Құрамдастырылған конспект едәуір жиі қолданылады, мұнда шығарманың мазмұнын еркін баяндау шығарманың желісін дәлме-дәл әңгімелеп берумен үйлеседі.

Мұрағаттардағы материалдарды зерттеп-зерделеген кезде олармен ары қарай жұмыс жасау үшін түпнұсқа құжаттардың көшірмелерін түсіріп алуға болады. Сонымен қатар алынған көшірмелер экскурсия жетекшісінің «портфеліне» енгізіледі.

Жаңа экскурсияға дайындалуда оның мазмұнымен жұмыс жасау ерекше орын алады. Бұл жұмыс тіпті материалдарды жинақтау барысында, бастапқы деректерді, арнайы әдебиеттерді зерттеген кезде басталады.

Кез келген экскурсияның мазмұнына қойылатын негізгі талаптардың негізінде келесі қағидалар жатыр: ғылымилық, өмірмен байланыс, қонымдылық, нандыарлық.

Ғылымилық қағидасы экскурсия тақырыбын ғылымның белгілі бір саласының жетістіктерін ескере отырып дайындауды талап етеді. Экскурсияда тарихи оқиғалар заманауи ғылымның олар жататын саласы тұрғысынан талдануы қажет. Фактілер мен оқиғалар дұрыс әрі ғылыми бағасын алуы тиіс.

Экскурсия материалы теория мен практиканың тығыз байланысы негізінде құрылып, міндетті түрде қазіргі күнмен, біздің заманымызбен байланыстырылуы тиіс. Баяндалатын тақырыпқа қарамастан, өткен мен қазіргі экскурсияда хронологиялық жағынан болмаса да, өзара жиі көрсетіледі.

Экскурсияның мазмұнымен жұмыс жасаудың ең бастапқы кезеңінде экскурсияның хронологиялық шеңбері анықталады. Материалдарды іріктеуге кіріскен кезде экскурсияавторлары онда қандай тарихи кезеңнің баяндалатындығын, оған қандай оқиғалардың негіз етіп алынатындығын нақты білулері тиіс. Экскурсия үлкен тарихи кезеңге, бірнеше жылдарға созылған оқиғаларға, бір ғана оқиғаға немесе бір күнде болған оқиғаға арналуы мүмкін.

Кез келген экскурсияның нақтылығы ерекше маңызды. Әңгімелеу барысында тақырыпқа қатысы бар сенімді, мұқият тексерілген фактілер мен мәліметтерді ғана пайдалану қажет.

Экскурсияны дайындаған кезде нақты материалдарды іріктеудің түрлі формалары және оның маңыздылық деңгейін анықтаудың түрлі тәсілдері қолданылады: тарихи оқиғаға қатысқан және оны көздерімен көрген адамдармен әңгімелесу, мамандармен, ғылыми қызметкерлермен кездесу, ғылыми-көпшілік, хроникалық-документалдық және оқу кинофильмдерін көру, магнитофон жазбаларын тыңдау, мемлекеттік мұражайлар мен мұрағаттардың материалдарын зерделеу.

Экскурсияның бақылау мәтінін құрастыру үшін керек болатын нақты материалдың шамамен алынған көлемін алдын ала анықтау қажет. Көбіне мынадай жағдай орын алады, шығармашылық топ мүшелері жинаған материалдардың арасынан тек аз ғана бөлігі пайдаланылатын кездер де болады. Сонымен қатар экскурсия жетекшісінің өте үлкен және ауыр жұмысы босқа далаға кетеді. Қолда бар барлық материалды бір экскурсияның аясында қамтуға тырысу да сәтті бола бермейді.

Экскурсияға арналған анықтама материалын іріктеген кезде көрсету кезінде пайдаланылатын нысандармен, оны көретін экскурсияға қатысушылармен байланысты назардан тыс қалдырмауға тырысу керек. Қорытынды кезеңдерде экскурсияны жасаушылардың қолдарында негізінен тақырыпты барынша көзге көрнекі етіп ашып көрсететін материалдар ғана қалуы тиіс.

Экскурсия тақырыбы бойынша материалдарды дайындау барысы әдеби дереккөздерді мұқият әрі ұқыпты іріктеуден басталады. Міндетті түрде зерттеп-зерделенуі тиіс әдеби дереккөздер тізіміне Президент жарлықтары, заңдар, үкіметтік органдардың қаулылары мен шешімдері, тиісті министрліктер мен ведомстволардың зерттеліп отырған мәселелер бойынша нормативтік және өзге де құжаттары кіреді. Экскурсияны дайындаған кезде сондай-ақ келесі әдебиеттер қолданылады:

- 1) арнайы;
- 2) оқу;
- 3) ғылыми;
- 4) анықтамалық;
- 5) өлкетанушылық;
- 6) көркем.

Қосымша көрнекі құралдарды іріктеп алу

Әрбір экскурсия экскурсияға қатысушыларды алдын ала іріктеліп алынған нысандармен көрнекі таныстырудан тұрады.

Көрнекілік–саналы түрде пайымдауға негізделген және түсініктер мен көзқарастар қалыптастыру үшін қажет сезім арқылы танудың маңызды сатысы. Ол сезім арқылы қабылданатын нысанды жете түсінуді – көзбен көріп, құлақпен естіп, саналы түрде ұғынуды қамтамасыз етеді.

Көрнекіліктің екі түрі – ішкі (сөздік-образдық) және сыртқы түрі ажыратылады.

Ішкі көрнекілік – бұл экскурсия барысында әңгімелеудің түрлі тәсілдері арқылы экскурсия жетекшісі айтатын образдар, фактілер, оқиғалар.


Сыртқы көрнекілік – бұл кәдімгі экскурсиялық нысандар, фотографиялар, гербарийлер, бейне және магнитофон жазбалары, карталар, схемалар және т.б.

Көрнекі құралдар екі топқа бөлінеді:

- а) экскурсиялық нысандар – негізгі, төлтума, пәндік;
- б) көрнекі құралдар – қосымша көрнекі материал.

Көрнекі құралдар экскурсияға қатысушыларға ол туралы сөз болып отырған заттың барынша толық, бейнелі әрі нақты түсінік алуларына мүмкіндік бере отырып, экскурсияларда маңызды рөл атқарады. Қосымша иллюстрацияланған материал, адамдардың көзбен көру арқылы естерінде сақтауына және ерекше әсер қалдырған заттар мен құбылыстарды керек кезде олардың көз алдарына елестетуіне көмектеседі.

Көрнекі құралдар ақиқатты көрсету әдісі бойынша сараланады (5-сурет).



5-Сурет Көрнекі құралдар классификациясы

Көрнекі құралдар кешені экскурсия жетекшісінің «портфелі» деп аталады. Ол көру қатарының жетіспей тұрған тізбектерін барынша толықтыру немесе қайта қалпына келтіру үшін экскурсия барысында қолданылатын көрнекі материалдар жиынтығын камтиды. Экскурсия жетекшісінің портфелінде жиналған:

- аталмыш нысанға немесе олармен байланысты оқиғаларға қатысы бар адамдардың суреттері;
- түпнұсқа құжаттардың, қолжазбалардың көшірмелері;
- суреттердің көшірмесі;
- өнеркәсіп кәсіпорындары өнімдерінің үлгілері;
- гербарилер;
- коллекциялар;
- магнитофон жазбалары;
- диапозитивтер, диафильмдер және т.б.

Қосымша көрнекі материалды іріктеген кезде бірқатар талаптарды, әсіресе төмендегі шарттарды сақтау маңызды:

- дұрыс мөлшерлеу (3-4-сағаттық экскурсия үшін және 15 бірліктен аспайтын);
- экскурсиялық нысандарға сәйкес келу;
- экскурсия тақырыбын ашудағы тиімділік.
- Көрнекі құралдардың сыртқы түріне қойылатын талаптар:
- формат: 18 x 24 см немесе 24 x 30 см;
- бейненің анықтығы мен нақтылығы;
- жақсытандап алынған шешім;
- айқындылық;
- ресімдеудің қолайлылығы және жеңілдігі.

Алайда, көрнекі құралдарды іріктеген кезде төмендегі критерийлерге сәйкес келетін оның мазмұны анықтаушы болып табылады:

- 1) қажеттілік, мақсатқа лайықтылық;
- 2) танымдық құндылық (ол экскурсияна қаншалықты байытып, материалды барынша түсінікті, ұғынықты ете алады?);
- 3) төтендік (ерекшелігі, қайталанбаушылығы);
- 4) баяндалып отырған тақырыпты ашу үшін маңыздылық;
- 5) сақталушылық (сыртқы түрі).

Экскурсия жетекшісінің портфеліне кіретін әрбір көрнекі құралға, «№ __ экспонатқа түсініктеме» парағы қосымша беріледі.

Оның номері экспонат (көрнекі құрал) номерімен сәйкес келуі тиіс. Бұл экскурсияға қатысушыларға көрнекі құралды көрсеткен кезде экскурсия жетекшісіне көмектесетін анықтама.

Тақырып бойынша көрнекі құралдар жиынтығы өзгеріссіз қалмайды, жұмыс барысында ол толықтырылып, жетілдіріліп отырады.

Пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Экскурсияға дайындық барысында қандай кезеңдерді бөліп көрсетуге болады?

2. Экскурсия тақырыбы мен атауы – екеуі бір ме? Жауабыңызды дәлелдеңіз.

3. «Пайдаланылған әдебиеттер тізімі» мен «Пайдаланылған деректер тізімі» деген екі түсінік бір-бірінен несімен ерекшеленеді?

4. Негізгі нысандар бойынша анықтама материалын таңдап алу қалай жүзеге асырылады?

5. Қосымша нысандар бойынша анықтама материалын таңдап алудың ерекшеліктері неде?

6. Экскурсия үшін анықтама материалын таңдаған кезде қажет ақпарат көздерін атаңыз.

7. Экскурсияны дайындаған кезде анықтама материалын таңдау барысында қолданылатын бюллетеньдердің аттарын атаңыз: анықтама, экологиялық және қаржы-экономикалық.

8. Экскурсияға дайындалған кезде қажет көрнекі құралдар классификациясының схемасын жасаңыз.

9. Қосымша көрнекі материалды таңдаған кезде қандай талаптар қойылады?

Тапсырма: Экскурсияға дайындалған кезде «№ ___ экспонатқа түсініктеме» құрастырыңыз.

Тест сұрақтары:

1. Экскурсия атауы болжайды:

- А) аббревиатураларды пайдалану;
- Б) шифрледі бастапқы буындар бойынша пайдалану;
- В) есте сақтау мен елестетудің жеңілдігі;
- Г) шетелдік сөздерді колдануды.

2. Ақпараттың өзге көздері:

- А) мерзімді басылымдардағы мақалалар;
- Б) жүйелі каталогтар;
- В) көркем әдебиет;
- Г) оқиғаға қатысқандар мен оқиғаны көзбен көргендердің естеліктерінің дыбыс және бейне жазбалары.

3. Ақпарат көздерін зерттеу тәжірибесі жазбалардың келесі түрлерін пайдаланғанның ең дұрыс екендігін көрсетіп отыр:

- А) негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі;
- Б) тезистер;
- В) пікірлер;
- Г) каталогтар;
- Д) картотекалар.

4. Ақпарат көзін зерттеген кезде жазудың «конспект» сияқты түрін пайдалану болжайды:

- А) оқыған мәліметтің жоспарын;
- Б) дереккөзден көшіріп алынған нақты үзіндіні;
- В) тұжырымдалған ойдың қысқаша жазбасын;
- Г) материалдың көшірмесін түсіруді.

5. Мұражайлардың экспозициялары және қорларымен танысу кезеңіне не жатады?

- А) мұражай атауларын зерттеу;
- Б) сол немесе басқа мұражайдың орналасқан жерін анықтау;
- В) мұражайдың почта мекен-жайын және экскурсияны ұйымдастыру жөніндегі бөлімнің телефонын анықтау;
- Г) мұражайдың ғылыми қызметкерлерінің экскурсиясын тыңдау.

6. Көшіріп алынған цитаталардан басқа, карточкада көрсетіледі:

- А) карточканы құрастырушының тегі;

- Б) құрастырған күн;
- В) шығарманың бізді қызықтыратын бөлімінің мазмұны;
- Г) шығарма (құжат) сақталып жатқан кітапхананың, мұрағаттың, мұражайдың атауы және орналасқан жері.

7. Конспектiлердiң келесi кезеңдерi ажыратылады:

- А) фрагменттiк;
- Б) бiрiктiрiлген;
- В) нақты;
- Г) туынды.

8. Экскурсия тақырыбын таңдаған кезде маңызды кезең болып табылады:

- А) болашақ экскурсияға қатысушылармен танысу;
- Б) кәсiпорында көлiктiң алуан түрлерiнiң болуы;
- В) экскурсияның сол немесе басқа түрiне әлеуеттi сұраныс;
- Г) маусымдық.

9. Мiндеттердiң бiрi – «экскурсия жетекшiсiнiң портфелi» тұрады:

- А) экскурсияны жүргiзу техникасының ережесiн iрiктеуден;
- Б) көрсету кезiнде назарды сақтау тәсiлдерiн анықтаудан;
- В) көрсету кезiнде жетiспей тұрған түйiндердi қайта қалпына келтiру;
- Г) әдiстемелiк әзiрлеменi дайындаудан;
- Д) экскурсияның бақылау мәтiнiн дайындаудан.

10. Экскурсияны өткiзу барысында қолданылатын көрнекi құралдардың шартты атауы:

- А) бұл экскурсияны қалай өткiзу керектiгiн анықтайтын құжат.
- Б) нысанның төтендiгi (экзотикалығы) дегендi бiлдiредi;
- В) нысанның нақты тарихи оқиғамен байланысы;
- Г) халық арасындағы танымалдылық;
- Д) тарихи және мәдени ескерткiштердiң ерекшелiгi.

11. Жаңа экскурсияға дайындалудың қорытынды сатысы тұрады:

- А) бағыттағы экскурсия тәсiлiнен;
- Б) нақты материалды өңдеуден;
- В) экскурсия жетекшiсiнiң жеке мәтiндi жазуында.

Машықтану тапсырмалары.

1-тапсырма. «Қазақ дастарханы» экскурсиясында нысандардың қайсысы қосымша, ал қайсысы негізгі болатынын анықтаңыз?

- қазақтың ұлттық киіз үйі;
- қазақтың ұлттық дастарханы;
- қазақтың ұлттық тағамдары;
- қазақтың ұлттық әбзелдері;
- қазақтың ұлттық аспаптары;
- қазақтың ұлттық киімі;
- қазақтың ұлттық тұрмыс салты;
- қазақтың наным-сенімі;
- қазақтың ұлттық салт-дәстүрі;
- қазақтың ұлттық шығармашылығы;
- қазақтың ұлттық өнер туындылары.

2-тапсырма. Келесі қосымша нысандар бойынша анықтама материалын таңдап алыңыз:

- 1) Көктөбеде алмаға қойылған ескерткіш;
- 2) «Ерлердің көз жасы» және «Әйелдердің көз жасы» сарқырамалары;
- 3) Католиктік шіркеу және синагога.

3-тапсырма.

Экскурсияның тақырыптары бойынша конспектiнiң 4 түрiн құрастырыңыз:

- 1) «Оңтүстік астанаға гранд-тур» экскурсиясы: еркін конспект;
- 2) «Түрген сарқырамасына серуендеу» экскурсиясы: тематикалық конспект;
- 3) «Ұлы жібек жолының інжу-маржаны» экскурсиясы: хронологиялық конспект;
- 4) «Астана – біздің жас елордамыз» экскурсиясы: біріктірілген конспект.

4-тапсырма.

Тезистерді келесі сұрақтарға жауап ретінде таңдап алыңыз:

- 1) Алматы қаласының атауы нені білдіреді?
- 2) Түнгі қала оттары.
- 3) Таулардың ең жақсысы тек таулар ғана болуы мүмкін.
- 4) Қазақстанның жер қойнауының байлығы.

5-тапсырма.

Келесі нысандар бойынша цитаталарды таңдап алыңыз:

- 1) Қожа Ахмед Яссауи кесенесі.
- 2) Қазақстан Республикасының Әбілхан Қастеев атындағы Мемлекеттік Өнер Мұражайы.
- 3) «Алтын адам» – археологиялықтабылған заттардың шартты атауы.
- 4) Ақсу-Жабағылы мемлекеттік қорығы.

6-тапсырма.

Келесі экскурсиялық нысандар бойынша жазбалар жасаңыз:

- 1) Қапшағай су қоймасы.
- 2) Астана қаласындағы «Бәйтерек» монументі.
- 3) М. Әуезовтың «Абай жолы» кітабы.
- 4) «Байқоңыр» ғарыш стелласы.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Долженко, Г. П. Экскурсионное дело: Учебное пособие. / Г. П. Долженко. – М.: ИКЦ «МарТ», Ростов н/Д: Издательский центр «МарТ», 2006. – 304 с.

2. Савина, Н. В. Экскурсоведение. / Н. В. Савина, З. М. Горбылева. – Минск: БГЭУ, 2000. – 112 с.

7-ТАҚЫРЫП. ЭКСКУРСИЯНЫҢ ЖЕКЕ МӘТІНІН ҚҰРАСТЫРУ

Мақсаты: экскурсияның жеке мәтінін құрастыру технологиясын көрсету және экскурсия жоспарын жасау дағдысын қалыптастыру

Міндеттері:

1. Жеке мәтінді құрастыру спецификасын көрсету.
2. Экскурсия жоспарын жасауды үйрену.

Қолданылатын формалар мен әдістер:

1. Жұп болып жұмыс жасау (негізгі өзара әрекет проблеманы, міндетті талқылап, өзара оқыту мен өзара бақылауды жүзеге асыра алатын екі студенттің арасында өтеді. Сонымен қатар жұптар белгілі бір жүйеде және жүйелілікте ауыса алады, бұл оқытудың жұптық формасын ұжымдықпен біріктіруге мүмкіндік береді);

2. Кейс-стади (практикалық мысалдар мен жағдайларда оқыту, нақты жағдайды сипаттау. Студенттер өз беттерінше зерттеп-зерделейтін, талдайтын және олады шешу жолдарын табуға тырысатын практикалық мысалдар мен жағдайлар оқытудың күшті әрі тиімді құралы болып табылады. Олар студенттерді тәжірибеде кездесетін және олардың өз беттерінше сол немесе басқа шешімді қабылдауларына мүмкіндік беретін шынайы әрі нақты жағдайларға айтарлықтай жақындатады).

Негізгі сөздер: жеке мәтін, экскурсиялық бағыттар, экскурсиялық тақырыптар, бақылау мәтіні, логикалық ауысу, экскурсия жетекшісінің «портфелі», экскурсия нысандары, экскурсиялық әңгімелер.

Экскурсия – бұл екі маңызды процесің: экскурсияны дайындау және өткізу процесінің нәтижесі. Олар өзара тығыз байланысты әрі тәуелді. Жақсылап ой елегінен өткізілмеген дайындықсыз экскурсияны жоғары деңгейде өткізуді қамтамасыз ету мүмкін емес.

Жаңа экскурсияны дайындау шығармашылық топқа тапсырылады. Оның құрамына 3-тен бастап 7 адамға дейін, ал кейбір жеке-леген жағдайларда тақырыптың күрделілігіне байланысты одан да көп адамдар кіреді. Көп жағдайда бұл экскурсия жетекшісі жұмыс

жасайтын мекеменің қызметкерлері. Көбіне кеңесшілер ретінде әр түрлі саланың мамандары – мұражайдың ғылыми қызметкерлері, жоғары оқу орындарының оқытушылары және орта мектептің мұғалімдері және т.б. шақырылады.

Жаңа экскурсияны дайындау үш негізгі деңгейден өтеді:

– Бастапқы жұмыс – болашақ экскурсияға арналған материалдарды іріктеу, олардызерттеу (яғни, осы тақырып бойынша білім жинақтау процесі, экскурсияның мақсаты мен міндеттерін анықтау). Осылармен бір уақытта экскурсия жүргізілетін нысандарға іріктеу жасалады.

– Экскурсияның өзін дайындаудың тікелей әзірлемесі мыналарды қамтиды: экскурсиялық бағытты жасау; нақты материалды өңдеу; экскурсияның мазмұнымен, бірнеше мәселелерден тұратын оның негізгі бөлігімен; бақылау мәтінін жазу; экскурсияны жүргізу әдістемесімен жұмыс жасау; экскурсияны жүргізген кезде әңгімелеу мен көрсетудің барынша тиімді әдістемелік тәсілдерін таңдау; жаңа экскурсияның әдістемелік әзірлемесін дайындау; экскурсия жетекшісінің жеке мәтіндерді жазуы.

– Қорытынды саты – бағыттағы экскурсия тәсілі (қорғау). Экскурсиялық мекеме басшысының жаңа экскурсияны бекітуі, бағытта жұмыс жасағанға дейін өз тақырыбын қорғаған экскурсия жетекшісіне экскурсия жүргізуге рұқсат беру.

Экскурсиялық мәтіндердің екі түрі болады: бақылау және жеке.

Бақылау және жеке мәтін мазмұны жағынан бір-біріне біраз сәйкес келеді. Дегенмен, бақылау мәтіні еліктеу үшін үлгі болып табылады.

Экскурсиялық практика экскурсия жетекшісіне өзінің әңгімесін қисынды құрастыруға көмектесетін жеке мәтіннің экскурсия жетекшісі әңгімесінің негізі болып табылатындығынан келіп шығады. Мұндай мәтінді экскурсия жетекшісінің өз бетінше құрастырады. Экскурсияға кіретін барлық тақырыпшаларды толығымен ашып көрсету үшін қажет материал бақылау мәтінінің негізі болып табылады. Бақылау мәтінінде фактілер мен оқиғаларға белгілі бір көзқарас қалыптасады. Бақылау мәтінін экскурсияның жаңа тақырыбын әзірлеген кезде экскурсия жетекшісі құрастырады.

Бақылау мәтінін құрастырған кезде автор материалдың экскурсия мақсаты мен тақырыбына сәйкес келуіне қол жеткізуі тиіс. Бақылау мәтінінің негізіндебалалар мен ересектерге, еңбекшілер тобын дамытуға арналған тақырыптағы экскурсияның нұсқалары жасалуы мүмкін. Бақылау мәтініне қойылатын белгілі бір талаптар болады: мәтіннің ғылымилығы, қисындылығы, пайдалануға ыңғайлылығы, деректерге жасалған сілтемелердің болуы.

Бақылау мәтіні өзінің жеке мәтіндерін дайындап жатқан экскурсия жетекшісі үшін негізгі құжат болып табылады.

Экскурсиялық мәтіннің екінші түрі – жеке мәтін. Бұл мәтіндіэкскурсия жетекшісі белгілі бір тақырыпта экскурсия дайындай отырып, өз бетінше құрастырады. Жеке мәтін –экскурсияның құрылымын көрсетеді және экскурсияның бағытына толық сәйкес жасалады, материал нысандар көрсетілетін жүйелілікте орналастырылады, ол тематикалық бөліктерге нақты бөлінеді.Мәтіннің бір бөліктерібелгілі бір схема бойынша құрылады: нысанның сипаттамасы; тарихтың белгілі бір кезеңіне арналған материал; осы нысанмен және жермен байланысты нақты оқиғаларды сипаттайтын қысқа материал; тақырыпшалар бойынша қорытындылар, келесі тақырыпшаға логикалық өту. Жеке мәтін –көру нысандарына бекітілген экскурсия материалының толық және нақты баяндалуын қамтитын әңгімені баяндау үшін дайын мәтін. Әрбір тақырыпша – жеке, мазмұнды әңгіме.

Жеке мәтін үш бөлімнен: алғы сөзден (кіріспе сөзден), негізгі бөлімнен және қорытындыдан тұрады. Алғы сөз екі бөлімге – ұйымастырушылық және ақпараттық бөлімге бөлінеді. Алғы сөздің бірінші жартысында экскурсия жетекшісі атын, тегін, әкесінің атын айтып, топты экскурсиялық автобустың жүргізушісімен, экскурсияның тақырыбымен, оның бағытымен, уақыты жағынан ұзақтығымен таныстырып, экскурсия аяқталатын уақыт пен орынды хабарлайды, экскурсияны ұйымдастырып отырған мекеменің атауын айтады. Одан кейінэкскурсияға қатысушылардың өздерін-өзі ұстау және қауіпсіздік ережелерітуралы нұсқамалықтарымен таныстыру жүргізіледі. Алғы сөздің екінші бөлігінде алда күтіп тұрған шараның мазмұны қысқаша баяндалады. Алғы сөзде

экскурсияның жекелеген тақырыпшалары аталуы мүмкін. Экскурсия жетекшісінің міндеті – аудиторияның қызығушылығын тудыру, шараға қатысушылардың назарын көрсетілетін нысанға, тақырыптың өзіне аудару. Алғы сөзге қойылатын негізгі талаптар – қысқалығы және динамикалығы. Алғы сөзге бөлінетін жалпы уақыт – 5-7 минут.

Қоғамды мәдени дамыту үрдісі экскурсия жетекшісінің экскурсиялық мәтіндерді құрастыруға ерекше назар аударуын қажет етеді. Соңғысына белгілі бір байланысты өзектендіру және топтастыру, әр түрлі ғылыми, анықтамалық, көркем, биографиялық (естеліктер, хаттар) өзге де дереккөздер үзінділерінің үлгі-өнегелі мәтіндерін материалдардың жаңа ақпараттық жиынтығына біріктіру тән.

Экскурсияны бекіту

Бақылау мәтіні мен әдістемелік әзірлеме туралы жақсы қорытынды жасалған кезде, сондай-ақ құнды есептеу және жаңа экскурсияның пайда мөлшерін анықтау негізінде экскурсиялық мекеменің басшысы жаңа экскурсиялық тақырыпты және оны жүргізуге рұқсат берілген экскурсия жетекшілерінің тізімін бекіту туралы бұйрық шығарады.

Жұмысқа дейін тақырыпты әзірлеуге, бағыт кезінде тыңдауға және әңгімелесу барысына белсенді қатысқан экскурсия жетекшісі жіберіледі. Әңгімелесу бойынша қорытындыны экскурсиялық-әдістемелік бөлімнің әдіскері жасайды.

Аталмыш тақырыпты ары қарай өз беттерінше дайындаған қалған барлық экскурсия жетекшілері әдеттегі тәртіпте сынақ экскурсиясын өткізеді. Сәйкес бұйрық тыңдағанан және шыққанан кейін олардың қолдарында жеке мәтін болған жағдайда ғана экскурсия жетекшілеріне (жұмыс өтіліне қарамастан) олар үшін жаңа тақырыптарда экскурсия жүргізуге рұқсат етіледі.

Тақырып бойынша міндетті құжаттама. Жаңа экскурсиялық тақырып күрделі процесс болып табылады. Барлық қажетті құжаттар дайындалып болғанан кейін бұл жұмыс аяқталған болып саналады. Экскурсиялық тақырып бойынша құжаттамалар әдістемелік кабинетте сақталады.

4 – Кесте. Әрбір тақырып үшін қажет құжаттамалар

№ п/п	Құжаттың атауы	Құжаттың мазмұны
	Тақырып бойынша әдебиеттер тізімі	Осы экскурсияға дайындалған кезде пайдаланылған барлық кітаптар, брошюралар, мақалалар тізімі жасалады
	Бағытка енгізілген нысандардың карточкалары (төлқұжаттары)	Экскурсиялық нысанда сипаттайтын мәліметтер. Ескерткіштің түрі, оның атауы, ескерткішпен байланысты оқиға, орналасқан жері, қысқаша сипаттамасы, нысанды жасаған авторлар және нысан пайда болған уақыт, дереккөзі
	Экскурсияның бақылау мәтіні	Дереккөздер бойынша тексерілген және іріктеліп алынған, тақырыпты ашатын материал. Мәтіннің мазмұны тақырыпшаларды және негізгі мәселелерді ашады, сөйлейтін сөзге, қорытындыға негіз бола алады
	Экскурсия жетекшісінің жеке мәтіндері	Экскурсияның құрылымына, әдістемелік әзірлемесіне, оның бағытына сәйкес нақты экскурсия жетекшісі баяндаған материал. Нысандар мен оқиғаларға сипаттама береді
	Бағыттың схемасы (картасы)	Жеке парақта топтың жүретін жолы көрсетілген. Бағыттың басталатын жері мен аяқталатын жері, көрсету нысандары, оларды бақылауға арналған орындар, топтың нысанға шығуына арналған аялдамалар белгіленген
	«Экскурсия жетекшісінің портфелі»	Фотографиялар, схемалар, карталар, суреттердің көшірмелері, құжаттардың көшірмелері, кәсіпорын өнімдерінің үлгілері, өзге де көрнекті құралдар салынған папка
	Тақырыпқа арналған әдістемелік әзірleme	Экскурсия өткізу жөніндегі ұсыныс. Көрсету мен әнгімелеудің әдістемелік тәсілдері аталады, нысандарды көрсетудің, көрнекі құралдардың жүйелілігі, экскурсияға қатысушылардың сараланған тәсілі ескеріле отырып, экскурсия жүргізу тәсілі анықталады
	Экскурсия материалдары	Тақырып бойынша материалдар: рефераттар, анықтамалар, кестелер, сандық материал, құжаттардың үзінділері, көшірмелері, әдеби шығармалардан цитаталар
	Тақырып бойынша экскурсия жүргізетін экскурсия жетекшілерінің тізімі	Бұл тізім жаңа экскурсия жетекшілеріне экскурсия жүргізуге рұқсат берілуіне қарай толықтырылып отырады

Пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Жеке мәтін түсінігіне анықтама беріңіз.
2. Сіз экскурсиялық мәтіндердің қанша түрін білесіз?
3. Бақылау мәтіні дегеніміз не?
4. Жеке мәтін дегеніміз не?
5. Жеке мәтін неше бөліктен тұрады?
6. Кіріспе сөзге қойылатын талаптар.
7. Экскурсияға дайындық нені қамтиды?
8. Экскурсияға дайындалудың негізгі кезеңдері қандай?
9. Жаңа экскурсияны дайындау кімге тапсырылады?
10. Экскурсияны өткізу үшін қажет негізгі құжаттардың тізімін атаңыз.
11. Бақылау және жеке мәтін арасындағы ортақтық пен айырмашылық қандай?

Практикалық тапсырмалар:

Төменде көрсетілген жоспар бойынша бағытты құрастырыңыз
Экскурсия бағытын құрастыру

Жаңа экскурсиялық тақырып күрделі процесс болып табылады. Барлық қажетті құжаттар дайындалып болғанан кейін бұл жұмыс аяқталған болып саналады.

Экскурсиялық тақырып бойынша құжаттамалар әдістемелік кабинетте сақталады (5 кесте, 6 кесте).

5 – кесте. Әрбір тақырып бойынша қажет құжаттамалар

№ п/п	Құжаттың атауы	Құжаттың мазмұны
	Тақырып бойынша әдебиеттер тізімі	Осы экскурсияға дайындалған кезде пайдаланылған барлық кітаптар, брошюралар, мақалалар тізімі жасалады
	Бағытка енгізілген нысандардың карточкалары (төлқұжаттары)	Экскурсиялық нысанда сипаттайтын мәліметтер. Ескерткіштің түрі, оның атауы, ескерткішпен байланысты оқиға, орналасқан жері, қысқаша сипаттамасы, нысанды жасаған авторлар және нысан пайда болған уақыт, дереккөзі

	Экскурсияның бақылау мәтіні	Дереккөздер бойынша тексерілген және іріктеліп алынған, тақырыпты ашатын материал. Мәтіннің мазмұны тақырыпшаларды және негізгі мәселелерді ашады, сөйлейтін сөзге, қорытындыға негіз бола алады
	Экскурсия жетекшісінің жеке мәтіндері	Экскурсияның құрылымына, әдістемелік әзірлемесіне, оның бағытына сәйкес нақты экскурсия жетекшісі баяндаған материал. Нысандар мен оқиғаларға сипаттама береді
	Бағыттың схемасы (картасы)	Жеке паракта топтың жүретін жолы көрсетілген. Бағыттың басталатын жері мен аяқталатын жері, көрсету нысандары, оларды бақылауға арналған орындар, топтың нысанға шығуына арналған аялдамалар белгіленген
	«Экскурсия жетекшісінің портфелі»	Фотографиялар, схемалар, карталар, суреттер көшірмесі, құжаттардың көшірмелері, кәсіпорын өнімдерінің үлгілері, өзге де көрнекті құралдар салынған папка
	Тақырыпқа арналған әдістемелік әзірleme	Экскурсия өткізу жөніндегі ұсыныс. Көрсету мен әңгімелеудің әдістемелік тәсілдері аталады, нысандарды көрсетудің, көрнекі құралдардың жүйелілігі, экскурсияға қатысушылардың сараланған тәсілі ескеріле отырып, экскурсия жүргізу тәсілі анықталады
	Экскурсия материалдары	Тақырып бойынша материалдар: рефераттар, анықтамалар, кестелер, сандық материал, құжаттардың үзінділері, көшірмелері, әдеби шығармалардан цитаталар
	Тақырып бойынша экскурсия жүргізетін экскурсия жетекшілерінің тізімі	Бұл тізім жаңа экскурсия жетекшілеріне экскурсия жүргізуге рұқсат берілуіне қарай толықтырылып отырады

6 – Кесте. Экскурсияны әдістемелік дайындау схемасы

Бағыт	Аялдамалар	Көрсету нысандары	Уақыты	Тақырыпшалар атауы және негізгі мәселелер тізімі	Ұйымдастырушылық нұсқаулықтар	Әдістемелік нұсқаулықтар

Тест сұрақтары:

1. Экскурсияның алғы сөзіне қойылатын талаптарды көрсетіңіз:

- А) тақырыпты сапалы меңгеру;
- Б) тақырыпқа қызығушылық тудыру;
- В) эстетикалық.
- Г) әдістемелік ресімдеу;
- Д) тарихи-мәдени құндылық.

2. Ишараттың түрлерін атаңыз: (дұрыс емес жауапты алып тастаңыз)

- А) ескерту ишараттары;
- Б) қалпына келтіретін ишараттар;
- В) кеңістіктік ишарат;
- Г) нұсқау ишараттары;
- Д) иллюстрацияланған ишараттар.

3. Көрсетудің ерекшелігін (дұрыс емес жауапты алып тастаңыз) атаңыз:

- А) көрсетудің белсенділігі;
- Б) көрсетудің сюжеттігі;
- В) көретін көрсетілім;
- Г) көрсетудің қарама-қайшылығы;
- Д) көрсетудің анықтаушы рөлі.

4. Экскурсия жетекшісінің беделі неге негізделген?

А) оның біліміне, икемділігіне, ептілігіне, дағдыларына, адамгершілік ар-намысына, практикалық тәжірибесіне;

Б) оның сөйлеген сөзіне, материалды баяндау стиліне, ишараттарына, ымдауына;

В) оның оптимизміне, ақкөңілдігіне, ширақтығына;

Г) оның байқампаздығына, ақыл орамдылығына;

Д) оның табандылығына, батылдығына, сабырлылығына.

5. «Педагогикалық техника» түсінігіне анықтама беріңіз:

А) педагогикалық ықпал етудің өздері тандап алған (сұрыптап

алған) әдістерін тәжірибеде тиімді пайдалану үшін педагогқа қажет білімдер, икемділіктер мен дағдылар кешені;

Б) өнімділік, өзіндік құн, рентабельділік, ауысымдылық коэффициенті;

В) араларындағы қарым-қатынастың күрделі кешені бар ұйымда жұмыс жасайтын адамдар жиынтығы;

Г) бұл қосалқы жүйенің негізін персоналмен жұмыс: іріктеу, оқыту, мотивациялау, дамыту, жұмысшы өмірдің тиісті сапасымен қамтамасыз ету және т.б. құрайды;

Д) материалдық құралдар, машиналар кешені, жабдықтар, шикізат, материалдар, аспаптар, энергия.

6. Тіл – бұл:

А) белгілі бір талаптар болған кезде байқалатын мүмкіндік: фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ережелерді білу; ойлай білу және айта алу, басқа адамдармен өзара түсіністікке қол жеткізу;

Б) тілдің мүмкіндіктерін жүзеге асыру, уақытта өтіп жататын және дыбыстық немесе жазбаша формада әшкереленген адамдар арасындағы тілдесу формасы;

В) адамдар арасындағы сөйлесу формасы;

Г) аудиторияға айтылатын ойларды алдын ала қалыптастыру;

Д) көрсету әдістемесінің талаптарын жүзеге асыру.

7. Экскурсияны өткізу барысында шешендік өнердің қанша формасы қолданылады?

Б) 1;

В) 2;

Г) 3;

Д) 4.

8. Сөйлеу қандай элементтерге бөлінеді?

А) сыртқы және ішкі;

Б) төл және төлеу сөз;

В) ауызша және жазбаша;

Г) косымша және түсіндірме;

Д) ақырын және қатты.

9. Ойлаудың негізгі заңдары:

А) барабарлық заңы, қарама-қайшылық заңы, шығарылып тасталған үшіншінің заңы, жеткілікті негіз заңы;

Б) ұғымдар заңы, қарама-қайшылық заңы, негіздеу заңы;

В) логика заңы, күш заңы, ұғымдар заңы;

Г) трилогия заңы, қарама-қайшылық заңы, ұғымдар заңы;

Д) жинақтау заңы, үйрету заңы, қарама-қайшылық заңы.

10. Жаңа экскурсияға дайындық үш негізгі сатыдан өтеді:

А) бастапқы жұмыс, тікелей әзірлеу, қорытынды саты;

Б) бастапқы кезең, соңғы кезең;

В) тезис, шарықтау шегі, қорытынды;

Г) бастапқы жұмыс, күштерді жұмылдыру, соңғы жұмыс;

Д) көрсету, әңгімелеу, түсіндіру.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Кайманова Т.А. Экскурсоведение: учеб. пособие. – Пенза: ПГУ, 2004.

2. Маслокова Т.А. Экскурсоведение: Методика подготовки и проведения экскурсии: Учеб. пособие.– Шахты, 2003.

8-ТАҚЫРЫП. НЫСАНДАРДА ЖӘНЕ ЖҰРУ ЖОЛДАРЫНДА ЭКСКУРСИЯ ЖҮРГІЗУ ТЕХНИКАСЫН ҮЙРЕНУ

Мақсаты: экскурсия жүргізу техникасымен танысу.

Міндеттері: экскурсия нысандары мен жүру жолдарында экскурсия жүргізу техникасының спецификасын анықтау.

Қолданылатын формалар мен әдістер: талдау, сипаттау, көшпелі сабақ;

Негізгі сөздер: экскурсия жүргізу техникасы, экскурсияға қатысушылардың жүруі, экскурсия жетекшісінің орны, экскурсия жетекшісінің «портфелі».

Кез келген экскурсияның тиімділігі көбіне оны жүргізу техникасына, жүргізу әдістемесі мен техникасының арасындағы байланысқа тәуелді. Экскурсияны жүргізу техникасына бірқатар талаптар қойылады. Олардың қатарына экскурсия жетекшісінің топпен танысуы, топтарды нысандарға дұрыс орналастыру, экскурсияға қатысушылардың автобустан шығуы және автобуска (басқа көлік құралына) қайта оралуы, экскурсия жетекшісінің микрофонды пайдалануы, жалпы экскурсияға бөлінген уақытты сақтау және жекелеген тақырыпшаларды тұтастай ашу, экскурсияға қатысушылардың сұрақтарына жауап беру және т.б. кіреді.

Экскурсия жетекшісінің топпен танысуы. Біз білетініміздей, экскурсия жетекшісі экскурсиялық топ жиналатын жерге алдын ала 10-15 минут бұрын келуі тиіс. Экскурсия жетекшісі автобуска кіргенен кейін топпен танысады. Ол экскурсияға қатысушылармен амандасып, өзінің тегін, атын, әкесінің атын, осы қызметті көрсетіп отырған экскурсиялық мекемені атайды, экскурсияға қатысушыларды автобустың жүргізушісімен таныстырады, яғни экскурсияны алғы сөзбен бастайды.

Экскурсия жетекшісінің әуел бастан өзінің іс-әрекетін топпен сөйлесудің қалыптасқан ережелеріне сәйкес бағындыру маңызды. Ол сөйлеуді бірден бастамайды. Он-жиырма секундқа жалғасатын үнсіздік орын алады. Алғашқы танысу орын алады, экскурсия жетекшісінің топпен ары қарайғы байланысы көбіне осы алғашқы

танысуға байланысты болады. Экскурсияға қатысушылар біртіндеп сөйлеуді тоқтатып, ыңғайланып орналасады, олар өздерінің назарын экскурсия жетекшісіне аударады. Экскурсияға қатысушылар экскурсия жетекшісінен тартымды әрі қызықты әңгімені күтеді, ал экскурсия жетекшісі дбұл адамдарды қалай қызықтырып, олардың назарын тақырыпқа қалай аударту керектігі туралы ойлайды.

Экскурсиялық жұмыстарды дұрыс ұйымдастырған кезде оған дайындық алдын ала жүргізілуі тиіс. Мұны экскурсияны ұйымдастырушылар немес турагенттер жүзеге асырады.

Экскурсияның сюжетін экскурсияға қатысушылар алдын ала білулері тиіс. Экскурсияға қатысушылар экскурсияның тақырыбынан да хабардар болулары керек. Әрбір тақырыптың өз алғы сөзі болады. Егер топтың құрамы әр түрлі болса (мысалы, жергілікті тұрғындар және сырттан келгентуристер, ересектер мен балалар), онда сол бір экскурсияның алғы сөздері әр түрлі болады. Экскурсия жетекшісі экскурсияға қатысушыларға нақты нұсқаулық беріп, олармен байланыс орнатуға мүмкіндік беретін алғы сөзді дайындауға және оны айтуға ерекше назар аударады.

Экскурсияға қатысушылардың автобустан (троллейбустен, трамвайдан) шығуы. Экскурсияға қатысушыларды сыртқа шығуға алдын ала дайындау қажет. Егер алдын ала дайындамаса, топтың басым бөлігі келген жерлерінде орналасқан ескерткіштерге қарау үшін автобустан сыртқа шыкпастан отыра береді. Осылайша экскурсияға қатысушылар нысанмен жеке өздері танысу мүмкіндігін жоғалтады.

Топтың автобустан шығатын аялдамаларының санын осындай сыртқа шығудың мәнін түсіндіре әрі нысанның экзотикалығы мен төтендігіне деген қызығушылықты арттыра отырып атау кеңес етіледі.

Экскурсиялық топтың сыртқа шығуы қарастырылатын аялдамаларда экскурсия жетекшісі автобустан бірінші болып шығып, топтың нысанға қарай жүру бағытын көрсете отырып жылжиды. Экскурсия кезінде өзге де аялдамалар, мысалы, санитарлық немесе сувенирлер сатып алуға арналған аялдамалар қарастырылған болса, экскурсия жетекшісі автобус жүретін нақты уақытты

(сағатты және минутты) хабарлайды. Экскурсияға қатысушылардан автобустың бағыт бойынша жүру графигіне әсер ететін экскурсияны өткізу регламентін сақтауды талап ету қажет. Егер қала сыртында жасалған экскурсияда автобустың тоқтап тұру уақыты қандай да бір себептерге байланысты қысқартылатын немесе ұзартылатын болса, экскурсия жетекшісі бұл туралы экскурсияға қатысушыларға хабарлайды.

Топты нысаның жанына орналастыру. Экскурсияны әзірлеген кезде, әдетте экскурсиялық нысанды бақылау үшін топты орналастырудың бірнеше нұсқасы анықталады. Бұл әдістемелік әзірлемеде белгіленген орында басқа топ орналасқан немесе күннің сәулесі нысанды қарауға кедергі жасап, тұп-тура көзге түсе берген жағдайда жасалады. Ұсынылған орынды пайдалануға кедергі келтіретін басқа да себептер болады. Ыстық күндері топты көлеңкеге орналастыру үшін мүмкіндіктер қолданылады. Жаңбыр жауып кеткен жағдайда экскурсияға қатысушыларды шатырдың астына, ағаштардың ұшар бастарына орналастыру нұсқасы қарастырылады. Жекелеген жағдайларда әдістеме нысанға бірнеше жерден қарауды таңдап алуға кеңес етеді: қашықтан, егер нысан қоршаған ортамен немесе басқа нысандармен бірге көрсетілсе; жақыннан, егер ғимараттың, құрылыстың, жердің, табиғат нысанының жекелеген бөліктері талданатын болса. Бұл ерекшеліктер «Әдістемелік әзірлеменің ұйымдастырушылық нұсқаулықтары» графасында көрсетіледі. Әрбір экскурсия жетекшісі бұл нұсқаулықтармен мұқият танысып, топпен бағытқа шыққанға дейін нысанды бақылау үшін топты орналастырумен байланысты мәселені нақтылайды. Сондай-ақ нысандарды қарап жүргенде және автомагистральдар арқылы өткен кезде экскурсияға қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет.

Бір уақытта бір нысанның жанына бірнеше топ орналасқан жағдайда олардың арасында бір экскурсия жетекшісі өзінің әңгімесімен басқаларына кедергі жасамайтындай, бір топ бақыланатын басқа нысанды жауып тастамайтындай қашықтық сақталуы тиіс. Бұл талапты сақтау кезінде орын алатын қиындықтар топтарды мұражай экспозицияларын көрсету үшін орналастыруға мәжбүрлейді.

Экскурсияға қатысушылардың нысаннан автобуска, автобустан нысанға қарай, нысандар арасында қозғалуы топпен жүзеге асырылады. Экскурсия жетекшісінің орны – топтың ортасында, бірнеше адам алдында, бірнешеуі жанында, ал қалғандары артында жүріп отырады. Топтың шұбырап кетпегені өте маңызды: экскурсияның бастапқы бөлігі мен экскурсияның соңында келе жатқандардың арасындағы қашықтық 5-7 метрден аспауы керек. Экскурсия жетекшісі бағыттағы топ жүріп келе жатқан кезде тұтастықтың бұзылмауын қадағалауы тиіс. Топтың арасы алшақтап кетсе, экскурсия жетекшісінің әңгімесі, оның түсіндірулері мен жолда айтып келе жатқан қисынды байланыстары дұрыс естілмей кетеді. Тәжірибелі экскурсия жетекшілері бағыттың қозғалысын шебер басқарады.

Топтың жүру қарқыны оның құрамына (балалар, жастар, орта жастағылар, карта дамдар), жергілікті жердің рельефіне (мысалы, тауға көтерілу), жолдардың жайсыздығы, орларды, цехтар жұмыс жасап тұрған қауіпті аймақтарды жүріп өтуге және т.б. байланысты болады.

Жаяу экскурсияда экскурсияға қатысушылар көрсетілетін нысандар бір-бірінің қасында жақын орналасқандықтан баяу ырғақпен, асықпай жүріп отырады.

Автобусэкскурсиясында топтың жүруінің қажетті қарқынын анықтау өте күрделі. Бұл жерде, автобустан шыққаннан кейін экскурсия жетекшісі, егер нысан қашықта орналасқан болса, қозғалуды бірден бастамайды. Ол экскурсияға қатысушылардың көпшілігіне автобустан шығып, асықпай бірақ, тым сылбыр емес қозғалып, топты бастай отырып көздеген нысанға қарай жүруге мүмкіндік береді. Нысанға жақындаған кезде ол әңгімелеуді бірден бастап кетпейді, ол бүкіл топтың жиналғанын күтеді.

Экскурсия жетекшісі экскурсияға қатысушылардың қозғалысына олардың бағытта өз беттерінше жұмыс жасауы барысында да басшылық жасайды. Экскурсияға қатысушыларны нысанның ішіне кіріп, ондағы жазуларды оқу және оның сәулет өнерінің айрықша бір ерекшеліктерін көру үшін нысанды айналып өтеді. Олар биіктігін анықтау үшін төбеге шығады, керемет адыммен тік

сатылар арқылы жүруге көздерін жеткізу үшін шіркеу мұнарасына көтеріледі, тереңдігін анықтау үшін қорғанның орнындағы ордың түседі және т.б. Экскурсияға қатысушылардың бұлай қозғалулары оларды қосымша ақпараттармен және жаңа әсерлермен байыта түседі, нысандардың қайталанбас ерекшеліктерін, осы экскурсия арналған оқиғаның ерекшеліктерін сезінуге мүмкіндік береді.

Экскурсияға қатысушылардың автобуска оралуы.Топ нысандарды көріп жүрген кезде оны экскурсия жетекшісі басқарады. Топты автобуска отырғызған кезде ол есіктің оң жағында тұрып,салонға кіріп жатқан экскурсияға қатысушыларды санайды. Бұл экскурсияға қатысушыларға байқатпай жасалынады. Экскурсияға қатысушылардың барлығының жиналғанына көзі жеткен соң, ол соңғы болып автобуска кіреді және қозғалыстың басталғандығы туралы жүргізушіге белгі береді.

Автобустан орын алып, жайғасып отырған экскурсияға қатысушыларды қайтадан санаудан аулақ болған жөн. Бұл экскурсияға қатысушыларды шектен тыс мазасыздандырып, тіпті кейде экскурсияның барысын бұзатын күлкілі жағдайлардың орын алуына әкеледі.

Экскурсия жетекшісінің орны. Экскурсия жетекшісі автобуста экскурсияда ол туралы сөз қозғалып жатқан нысандар жақсы көрінетіндей, сонымен қатар барлық экскурсияға қатысушылар оның назарында болатын жерде отыруы тиіс. Сонымен қатар экскурсияға қатысушылар оны көрулері тиіс. Әдетте, бұл жүргізушінің қасындағы арнайы бөлінген алдыңғы орындық (жүргізушінің артындағы кресло басқа жүргізушіге арналған). Қауіпсіздік мақсатында экскурсия жетекшісінің автобус жүріп келе жатқан кезде (экскурсияға қатысушылар сияқты) тұрып тұруына рұқсат етілмейді.

Жаяу экскурсияда экскурсия жетекшісі нысанға бір қырындап тұруы керек. Көзбен көріп қабылданатаны нысандарды көрсету кезінде олардыңэкскурсия жетекшісінің көз алдында көрініп тұруы қажет, себебі ол өзінің көзімен көргендердің негізінде нысандарға талдау жасайды.Бұл қала сыртына жасалатын экскурсияларда маңызды, экскурсия жетекшісі автобус жүріп келе жатқан кезде, арқасын экскурсияға қатысушыларға қаратып өз орнынада отыра-

ды және автобустың алдыңғы әйнегінен қарап отырып, экскурсияға қатысушылардың қазір көріп отырғандары және алда көретіндері туралы әңгімелейді.

Автобус жүріп келе жатқан кезде әңгімелеуді жүргізу техникасы. Автобус жүріп келе жатқанда экскурсия жетекшісі әңгімесін микрофонмен баяндауы тиіс. Егер жабдық нашар жұмыс жасаған немесе микрофон мүлде болмаған жағдайда, қозғалыс кезінде экскурсия жетекшісіне әңгімені баяндаудың ешқандай пайдасы жоқ. Себебі қозғалтқыштың шуы және автобустың жолда жүріп келе жатқан кезде селкілдеуі естілуді шектейді, сондықтан әңгімені тек алыдңғы жақта отырған экскурсияға қатысушыларға ғана ести алады. Мұндай жағдайда бағыттың жақын маңдағы учаскесі туралы материалдарды экскурсия жетекшісі жүріс басталғанға дейін береді, ал жүріп келе жатқан кездетек нысандардың немесе жерлердің аттарын хабарлап қана отырады. Жолда маңызды нысандар немесе елді-мекендер болған жағдайда автобусты тоқтатып, қозғалтқышты өшіргенен кейін ғана түсінік беру қажет. Бұл жүргізушімен алдын ала келісілуі тиіс.

«Экскурсия жетекшісінің портфелін» пайдалану техникасы. «Экскурсия жетекшісі портфелінің» мазмұнының, көрсетудің әдістемелік тәсілдерін пайдаланудағы оның мәні мен рөлінің экскурсияны дайындау және өткізу әдістемесіне қатысы бар. Әрбір экспонаттың – фотографияның, суреттердің, картиналардың, портреттердің көшірмелері, чертеж, құжаттың көшірмесінің өз реттік номері болады. Бұл аталмыш экспонатты экскурсияға қатысушыларға көрсетудің бірізділігін анықтайды.

Экспонат может быть показан экскурсия жетекшісінің жұмыс орнында көрсетіліп, барынша мұқият танысу үшін қатардың бойымен экскурсияға қатысушылардың қолдарына берілуі мүмкін.

Кейде әдістемелік әзірлемеге сәйкес, экскурсия жетекшісі магнитофон және бейне жазбаларды ойнатуды ұйымдастырады. Аппаратураның дұрыс жұмыс жасап тұрғандығын, қажетті жазбалардың бар-жоғын алдын ала тексеру, экскурсияға қатысушылардың барлығына жақсы естілуін қамтамасыз ету өте маңызды. Экскурсия жетекшісі бұл должен аппаратураны пайдалана білуі тиіс.

Экскурсияны жүргізген кезде салт-жоралғының элементтері қолданылады (халықтың салт-дәстүірімен қалыптасқан рәсімдер). Экскурсияға қатысушылар адамдар жерленген және ескерткіштер қойылған жерлерде қайтыс болған адамды үнсіз еске алып, олардың басына гүл шоқтарын қояды, құрметті күзеттің ауысу салтанатына, салтанатты шерулер мен митингтерге қатысып, қаралы әуенді тыңдайды. Экскурсия жетекшісі экскурсияға қатысушыларды бауырластар қабірі және ескерткіштері орналасқан жерлерден өткізу, ол жерлерге гүл шоқтарын қою, құрметті күзетке қатысу, үнсіздік сақтау, Мәңгілік алаудың қасында өзін-өзі ұстау ережелерін жақсы білуі тиіс. Экскурсияның алдында экскурсия жетекшісі тарихи орындарға барған кезде салт-жоралғыларды сақтаудың мәнін баса айтып, олардың барлығы туралы хабарлайды.

Пысықтауға арналған сұрақтар:

1. «Экскурсияларды жүргізу техникасына» түсінік беру.
2. Автобуста экскурсия жетекшісіне қандай орын беріледі?
3. Экскурсия жетекшісінің топпен жұмыс ұйымдастыруы қалай өтеді?
4. Топтың қозғалу қарқыны туралы айтып беріңіз.
5. Экскурсия жетекшісі микрофонды қалай пайдаланады?
6. Топ ішінде қажетті тәртіпке қалай қол жеткізуге болады?
7. Экскурсия барысында бос уақыт қалай пайдаланылады?

Кейс-стади: Сіз Алматы қаласында тұрасыз. Экскурсия жетекшісі сізге 15 адамнан тұратын топқа экскурсия жүргізу туралы тапсырма берді. Көріп отырғанымыздай, бұл 10-12 жастағы балалар, Алматы қаласындағы бір орта мектептің оқушылары болып шықты. Экскурсияның мақсаты: балаларды қаланың тарихымен таныстыру. Және де бірінші нысан – 28-Панфиловшылар паркі. Экскурсияға қатысушылардың автобустан шығуын/автобусқа кіруін ұйымдастыруды қалай жоспарлайтыныңызды, алғы сөзді қалай бастайтыныңызды және парктегі нысанның алдында экскурсияға қатысушыларды қалай орналастыратыныңызды, өзіңіздің ескерткіштің жанында қалай тұратыныңызды, авто-

буста қалай және қандай мәліметтер беретінізді, экскурсияға қатысушыларды қалай тыныштықтыққа шақырып, олардың назарын нысанға қалай аударатыныңызды сипаттаңыз.

Тест сұрақтары:

1. Экскурсия жүргізу әдістемесі келесі талаптарға бағынады:

- а) көрсету=әңгімелеу;
- б) көрсету > әңгімелеу;
- в) көрсету < әңгімелеу;
- г) барлық нұсқалар ықтимал.

2. Автобус экскурсиясындағы экскурсиялық топта қанша адам болуы мүмкін?

- а) 20 адамға дейін;
- б) 20 адамнан астам;
- в) 30 адамға дейін;
- г) 40 адамнан астам;
- д) автобустағы орындар саны.

3. Тематикалық экскурсияға кіріспе жасау үшін қанша уақыт жеткілікті?

- а) 3-5 минут;
- б) 5-7 минут;
- в) 7-10 минут;
- г) 10-15 минут;
- д) 20 минут.

4. Шолу, көп жоспарлы экскурсияға кіріспе жасау үшін қанша уақыт жеткілікті?

- а) 3-5 минут;
- б) 5-7 минут;
- в) 7-10 минут;
- г) 10-15 минут;
- д) 20 минут.

5. Жаңа экскурсияға дайындалу кезеңі неден басталады?

- а) тапсырыс жазудан;

- б) мұражай экспозициясымен танысудан;
- в) экскурсиялық нысандарды іріктеуден;
- г) экскурсия атауын таңдаудан;
- д) экскурсия тақырыбын таңдау.

6. Тематикалық экскурсияда нысандар саны жеткілікті болуы тиіс:

- а) 3;
- б) 7;
- в) 10;
- г) 15;
- д) 20.

7. Шолу, көп жоспарлы экскурсияда нысандар саны жеткілікті болуы тиіс:

- а) 3;
- б) 7;
- в) 10;
- г) 15;
- д) 20.

8. Экскурсия төменде аталған функциялардың қайсысын атқарады?

- а) ғылымилық;
- б) теорияның өмірмен байланысын;
- в) ақпараттық;
- г) бос уақытты ұйымдастыру;
- д) сауықтыру;
- е) барлық аталғандар.

9. Әдістемелік әзірleme қанша тарауды қамтиды?

- а) 3;
- б) 5;
- в) 4;
- г) 6;
- д) 7.

10. Экскурсия жетекшісі қаншалықты жиі өзінің біліктілігін арттырып отыруы тиіс?

- а) жылына бір рет;

- б) ½ жылда бір рет;
- в) 2 жылда бір рет;
- г) 3 жылда бір рет;
- д) үнемі.

Тапсырма:

1. «Алматы – мәдени орталық» тақырыбындағы экскурсия үшін келесі жас категорияларына арналған: балалар (14-16 жас), студенттер (18-22 жас) кіріспені дайындаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Емельянов Б.В. Экскурсоведение: учебник. –7-е изд. стереот.– М.: Советский спорт, 2009. – 216 с.
2. Лютерович О.Г., Ягофаров Г.Ф. «Три экскурсии по Сеимречью». Алматы 2003
3. Ягофаров Г.Ф., Тынчева З.В., Саипов А.А. «Экскурсоведение». Алматы 2001

9-ТАҚЫРЫП. ЭКСКУРСИЯ ЖҮРГІЗУ УАҚЫТЫН МЕЖЕЛЕУ (АУДИТОРИЯДАН ТЫС)

Мақсаты: экскурсияны өткізген кезде уақытты бөлуді есептеу техникасымен танысу;

Міндеттері: экскурсия кезінде уақыт тәртібін анықтау;

Қолданылатын формалар мен әдістер: тематикалық экскурсияға бөлінетін уақытты есептеу, талдау, синтездеу, қорытындылау.

Негізгі сөздер: іркіліс, уақытты есептеу, уақыт белгілеу, «демалыс күнінің» бағыты

Экскурсияны жоспарлаған кезде уақыт белгілеуен маңызды элемент болып табылады. Экскурсияның тиімділігі сағаттарды дұрыс бөлуге тәуелді болады. Уақыт белгілеу—бұл экскурсияның жекелеген бөліктеріне уақыт бөлу. Тыңдаушылар жасаған ескертулерді ескере отырып осындай уақыт белгілеу негізінде экскурсия жетекшісі өзінің әңгімелеуіне тиісті түзетулер енгізеді. Экскурсиядан уақытты босқа шығындауға әкелетіндердің барлығы алынып тасталады. Экскурсиялар бір академиялық сағаттан (45 минут) бір тәулікке дейін болады.

Қысқа мерзімді турларды (1-ден 3-4 күнге дейін) «демалыс күнінің» бағыты деп атайды, онда ұзақтығы әр түрлі бірнеше экскурсия қарастырылуы мүмкін. Сондықтан экскурсияны өткізген кезде уақыт маңызды рөл атқарады.

Экскурсияда уақыттың сақталуы. Әдістемелік әзірлемеді әрбір тақырыпшаны ашуға кеткен уақыт минутымен көрсетіледі. Бұл жерде барлығы: нысандарды көрсету, экскурсия жетекшісінің әңгімесі, бағыт бойынша келесі нысанға қозғалу және топтың бақыланатын нысандардың маңында жүруі қарастырылған. Экскурсия жетекшісі тақырыпты берілген уақыт ішінде қамти алуы тиіс. Ол үшін үлкен тәжірибе керек, соның ішінде қолға сағат ұстап нақты нысанның жанында экскурсия жүргізу тәжірибесі болған дұрыс. Тақырыпты қисынды байланыстырып, жеке алынған тақырыпты және негізгі мәселелерді баяндаған кезде уақыттың сақталуына қол жеткізу қажет. Экскурсия жетекшісіне қатысты емес себептерге байланысты экскурсияның уақыты жағынан қысқарып қалатын

жайт сирек болса да кездесіп жатады. Бұған топтың ұзақ уақыт жиналып жүріп алуы, таңғы астың туристерге уақытында берілмеуі, автобустың кешігуі және т.б. кінәлы болады. Нәтижесінде экскурсия кешігіп басталады. Экскурсия жетекшісінің бұдан шығудың тек бір ғана жолы қалады – бұл тақырыпты ашуға берілген уақытты қысқарту. Мұны экскурсия мазмұнындағы негізгілердің барлығын сақтай және қосымшаларды алып тастай отырып жасау керек. Ол үшін экскурсия материалының қысқартылу ықтималдығына алдын ала дайындалу керек.

Экскурсияға қатысушылардың сұрақтарына жауап беру. Тақырыпқа алғы сөз жасай отырып, экскурсия жетекшісі өзінің тыңдармандарына сұрақтарға жауап берудің тәртібі туралы хабарлайды.

Экскурсиядағы іркілістер. Экскурсия дәріс емес. Сондықтан экскурсия жетекшісі тоқтаусыз сөйлемейді тиіс. Әңгіменің жеке-леген бөліктері, жолдағы әңгіме мен экскурсиялық анактаманың, нысан және онымен байланысты оқиғалар туралы әңгімелер арасында аз ғана үзілістер болуы тиіс. Іркілістер келесі міндеттері көздейді:

– біріншісі – мағыналық, бұл кезде экскурсияға қатысушылар үзіліс уақытын экскурсия жетекшісінен естігендерін және өздерінің көздерімен көргендерін ой електерінен өткізіп, нақты материалдарды естерінде сақтау және көзбен көргендеріне қорытынды жасау үшін пайдаланылады. Экскурсияға қатысушылардың көрсету мен әңгімелеуден тыс әрбір нысанды өз беттерінше көріп, келесі аялдамаларда көрсетілетіндер мен айтылатындарды қабылдауға дайындалу үшін уақыттарының болуы маңызды;

– екіншісі – экскурсияға қатысушыларға қысқа уақытқа демалыс беру. Оның қандай да бір мағыналық жүктемесі болмайды. Бұл экскурсия сияқты мәдени-ағартушылық жұмыстардың мұндай белсенді формасына әлі дағыдыланбаған адамдар үшін ерекше маңызды.

Қала сыртына жасалған экскурсиялардағы іркілістер экскурсия жетекшісіне қолданыстағы тәртіпке сәйкес берілетін демалыс

спен үйлеседі: әрбір жұмыс сағаты аяқталғанан кейін 15 минут (экскурсия жетекшісі үшін экскурсия жүргізу сағаты 45 минутқа тең). Бұл демалыстыэкскурсия жетекшісі жинақтап, экскурсияның аяғында пайдалануы мүмкін. Экскурсияларда сондай-ақ үзілістер–сувенирлер, баспа өнімдерін сатып алу, шөлді қандыру, ұзаққа созылған экскурсиялардағы санитарлық аялдамалар үшін пайдаланылатын бос уақыт болуы мүмкін.

Технологиялық картаны жасаған кезде нысандар арасындағы уақыт нақты бөлінеді. Мысалды төменде көре аламыз.

Мысал:

«Мәдениет паркі – демалуға арналған ең жақсы орын!»

экскурсиясы

Түрі: Жаяу

Ұзақтығы: 2 сағат

Бағыттың ұзындығы: 1500 м.

Экскурсияға қатысушылардың құрамы: Студенттер

Экскурсияның мақсаты: Отаншылдық және эстетикалық тәрбие

Экскурсияның міндеті: Парктің негізгі келбетімен, оның тарихымен, парктің негізінің қалануына қомақты үлес қосқан қаланың көрнекті тұлғаларымен таныстыру

Экскурсия бағыты: Бас арка → Бас аллея → Коммунизм көсемдерінің құрмет тақтасы → «Кіші Туркісіб» ТЖҮ → Спартак стадионы → «Ақбота» аквапаркі → «Родина» кинотеатры → Көзбен шолу дөңгелегі → Зоопарк (7 кесте).

7 – кесте . «Мәдениет паркі – демалуға арналған ең жақсы орын!»
экскурсиясы

Эксперия бағыты	Аялдамалар	Көрсету нысандары	Уақыты, в мин	Эксперия тақырыптары мен тақырыпшаларының атауы	Ұйымдастырушылық нұсқаулықтар	Әдістемелік нұсқаулықтар
1	2	3	4	5	6	7
Парке кіре берістігі Бас арканың жанындағы алаң	Эксперияға қатысушылардың кездесетін жері Бас арканың жанындағы алаң	2. Орталық гүлзар 3. М. Горькийге қойылған ескерткіш	5	Алғы сөз	Эксперияның басталуы: топэксперия жетекшісінің алдына жартылай дөңгелек жасап тұрады. Топпен танысу. Эксперия жетекшісінің алғы сөзі, кейін Эксперия жетекшісі Эксперияға қатысушыларға техникалық қауіпсіздік, паркте өзін-өзі ұстау ережесі және т.б. туралы нұсқаулық береді. Кейін барлығы парктін аумағына кіреді, бұл жерде Эксперия жетекшісі өзінің әңгімесін жалғастырады.	—
Бас аркадан – стадионға дейін	1. Орталық гүлзар 2. М. Горькийге қойылған ескерткіш	2. Орталық гүлзар 3. М. Горькийге қойылған ескерткіш	66	1. Парктін тарихы 2. Орталық гүлзар 3. М. Горькийге қойылған ескерткіш – Өмірі мен қызметі	Орталық аллеяның бойымен Орталық гүлзарға дейін көтерілу. Эксперияға қатысушылар паркті және оның маңайын көзбен шолып жүрген кезде бір уақытта әңгіме баяндалады. Ары қарай тақырыпшалап ашылып көрсетіледі. Кейін аллеяның бойыменжогары М. Горький ескерткішіне дейін жүреді. Эксперия жетекшісі ескерткіштің алдына топты жартылай дөңгелек етіп орналастырып, тақырып пен тақырыпшаны ашады.	1. Парктін пайда болу тарихын, атауын ашып көрсете отырып, нысанды көрсету немесе шектеу тәсілін пайдалану. Негізін салушылар туралы әңгімелей отырып, түсіндіру тәсілін, сондай-ақ «Эксперия жетекшісінің портфелінен» материалдарды (фотографияларды) пайдалану. 2. Ескерткіштің пайда болу тарихымен оқинғы сипаттай отырып, түсіндіру тәсілін пайдалану. Көрсету кезінде алдын ала көру тәсілін пайдалану

7-кестенің жағалғасы						
«Спартак» стадионынан-Ақвапаркқа дейін	1. Ақвапарк	18	2. Ақвапарк - Тарихы - Демалысты ұйымдастырудың мәні	Топ ғимараттың қасбетін көре жүріп, экскурсия жетекшісінің артынан жүреді. Экскурсия жетекшісі бірнеше минутқа тоқтап баяндайды. Ары қарай топ экскурсия жетекшісінің артынан жүріп отырып ақвапаркке барады, ол жерде топ алдымен бүкіл кешенді көріп шығып, содан кейін экскурсия жетекшісінің әңгімесін тыңдайды.	Бір уақытта әңгімелесу және көрсету тәсілдері. Репортаж. Кешенді салыстыру, кен көлемді шолу.	
Ақвапарктен – «Родина» кинотеатрына дейін	«Родина» кинотеатры	16	«Родина» кино-театры» - Қалыптасу тарихы - Репертуар - Жабдық-тар	Топ кіре беріске жақын жерде тоқтап, кейін ғимараттың қасбетін тамашалай жүріп экскурсия жетекшісінің артынан жүріп отырады. Барлығы экскурсия жетекшісі-нің нысан туралы әңгімесін тыңдай жүріп ғимараттың ішіне кіреді.	Бір уақытта әңгімелесу және көрсету тәсілдері. Репортаж.	
«Родина» кинотеатрынан Зоопаркке дейін	1 Көзбен шолу дөңгелегінің жанында 2. Көпін жаңында 3. Зоопарктің жанында	20	1. Көзбен шолу дөңгелегі - Техникалық мәліметтер 2. Көл - Тарихы 3. Зоопарк - Тарихы - Мекендеушілер	Топ кинотеатрдан шығып, аяңдай басып экскурсия жетекшісінің әңгімесін тыңдап, оның артынан жүреді. Топ экскурсия жетекшісінің скі жағында қатар жүреді. Экскурсия жетекшісі топты парктің солтүстік бөлігіне апарды, топтың назары алдымен Көзбен шолу дөңгелегіне, содан кейін көлге түседі. Осыдан кейін топ аллеяға қайтып оралып, экскурсия жетекшісінің артынан жүріп отырып зоопаркке барады.	1. Нысанды көрсету немесе шектеу тәсілі. 2. Түсіндіру тәсілі. 3. Сұрақ қойып, жауап қайтару тәсілі артық болмайды. 4. Кен көлемді шолу.	
Эккурсияның аяқталатын жері	Есенбер-лин көшесіндегі зоопаркқа қарама-қарсы	5	Қорытын-ды әңгімелесу	Зоопарк туралы барлық тақырыптар мен тақырыпшалар ашылып болғанан кейін экскурсия жетекшісі экскурсияға қатысушыларға экскурсияның аяқталып қалғандығы туралы айтады. Солан кейін экскурсияның қорытынды бөлімі болады.	—	

Пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Экскурсияда уақыт межелу деген не?
2. «Демалыс күнінің бағыты» деген не?
3. Экскурсияға қатысушылардың сұрақтарына берілетін жауапқа уақыт қалай бөлінеді?
4. Экскурсия кезінде жасалатын кідірістің мәні неде?
5. Уақытты есептеу үшін экскурсияға дайындалу өзіне нені қамтиды?

Тапсырма: «Қаланың қалыптасу тарихы» деген тақырыптағы 2-сағаттық әдеби экскурсияның кезеңдерін уақыт бойынша бөліңіз.

Тест сұрақтары:

1. Экскурсияның ұзақтығы аспауы тиіс:

- А) 45 минуттан;
- Б) 30 минуттан;
- В) 60 минуттан;
- Г) 1,5 сағаттан;
- Д) 2 сағаттан.

2. Автобус экскурсиясында экскурсияның ұзындығы күніне аспауы тиіс:

- А) 200 км;
- Б) 30 км;
- В) 50 км;
- Г) 100 км;
- Д) 500 км.

3. Экскурсияның ұзақтығы аспауы тиіс:

- А) 5 сағаттан;
- Б) 6 сағаттан;
- В) 10 сағаттан;
- Г) 15 сағаттан;
- Д) 24 сағаттан.

4. Экскурсияда қорытындылауға арналған уақыт болуы тиіс:

- А) 3 минут;
- Б) 5 минут;
- В) 10 минут;
- Г) 30 минут;
- Д) барлық нұсқалар.

5. Нысанның төлқұжаты дегеніміз не?

- А) нысан туралы жалпы мәліметтер;
- В) экскурсияның бағдары;
- С) экскурсияның міндетті құжаттарының бірі;
- Д) биіктігі, ені, сыртқы түрі;
- Е) нысан туралы қосымша мәліметтер.

6. Экскурсия кезінде нысандар арасындағы көшулер мен отулер аспауы тиіс:

- А) 10-15 минут;
- Б) 5-10 минут;
- С) 3-5 минут;
- Д) 30 минутқа дейін;
- Е) 15 минутан астам.

7. Жаяу экскурсия кезінде экскурсияға қатысушылар қандай жылдамдықпен жүрулері керек?

- А) 1,1 км/сағ.;
- Б) 1-2 км/сағ.;
- С) 2-3 км/сағ.;
- Д) 3-4 км/сағ.;
- Е) 4-5 км/сағ.

8. Автобус экскурсиясы үшін көрсетудің қанша түрі тән?

- А) 1;
- Б) 4
- С) 5;
- Д) 2;
- Е) өте көп.

9. Экскурсияға қатысушылар назарының аууы басталады:

- А) 14, 25, 34-минуттарда;
- Б) 7, 20, 40-минуттарда;
- С) 5, 18, 30-минуттарда;

Д) 20, 30, 40-минуттарда;

Е) 27, 39, 45-минуттарда.

10. Еркеше әдістемелік тәсілдер не үшін қолданылады?

А) бейнелілік үшін;

В) материал мазмұнын барынша жақсы меңгеру үшін;

С) нысандарды зерттеу үшін;

Д) қисындылық үшін;

Е) талдау үшін.

Тапсырмалар:

Ұзақтығы 2 сағатқа созылатын үлкен жастағы топтарға арналған «Алматының тарихи орталықтары» деп аталатын экскурсияның технологиялық картасын жасаңыз;

Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ-ге таныстыру экскурсиясына кететін уақыт межесін есептеңіз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Емельянов Б.В. Экскурсоведение: учебник. –7-е изд. стереот.– М.: Советский спорт, 2009. –216 с.

2. Лютерович О.Г., Ягофаров Г.Ф. «Три экскурсии по Семире-чью».–Алматы, 2003

3. Ягофаров Г.Ф., Тынчева З.В., Саипов А,А. «Экскурсоведение». –Алматы, 2001.

10-ТАҚЫРЫП. ТУРИСТЕРГЕ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ТҮРҒЫНДАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ САРАЛАНҒАН ТӘСІЛІ (ЭКСКУРСИЯНЫҢ ТҮРЛІ ФРАГМЕНТТЕРІ БОЙЫНША ЭКСКУРСИЯҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ КОНТИНГЕНТІН АНЫҚТАУ)

Мақсаты: экскурсияны экскурсиялық топтың түріне байланысты өткізу спецификасын көрсету

Міндеттері:

1. Сараланған тәсілдің мәні мен қағидаларын ашу.
2. Қалыптасқан топ түрлері арасындағы айырмашылықтарды анықтау.
3. Әр түрлі топтар үшін экскурсия өткізудің ерекшеліктерін анықтау.

Қолданылатын формалар мен әдістер:

Жұппен жұмыс жасау(негізгі өзара әрекет ету проблемаларды, міндеттерді талқылап, өзара оқытуды және өзара бақылауды жүзеге асыра алатын екі студенттің арасында болады. Сонымен қатар жұптар белгілі бір жүйеде және жүйелілікте ауыса алады, бұл оқытудың жұптық формасын ұжымдық формамен біріктіруге мүмкіндік береді);

Негізгі сөздер: саралау, интеллектуалдық-танымдық мотивациялар, эмоциялық-эстетикалық мотивациялар, моральдық-тәртіптік мотивациялар, экскурсияға қатысушылардың типологиясы, тым белсенді тип, ымырашыл тип, экскурсиялық топ.

Экскурсиялық қызмет көрсетуді ұйымдастыруда халықтың әр түрлі тобының сұраныстарын, қызығушылықтарын және ерекшеліктерін ескере отырып экскурсияға дайындалуды және оны өткізуді қажет ететін сараланған тәсіл маңызды рөл атқарады.

Тұрғындармен экскурсиялық жұмыс жасаудың сапасы экскурсияны ұйымдастырудың, мазмұнының, оны дайындау мен өткізудің дұрыс сараланған тәсіліне тәуелді болады. «Саралау» термині қандай да бір тұтасты әр түрлі бөліктерге бөлуді білдіреді.

Қазіргі таңда экскурсиялық қызметкерлер экскурсияға қатысушылар тобының бірнеше тобымен жұмыс жасайды. Олардың әрқайсысын қарастырамыз.

Экскурсияға қатысушыларды, бірінші кезекте, экскурсияға қатысу мотивтері ажырата алады. Мотивтердің үш негізгі түрін бөліп көрсетуге болады: интеллектуалдық-танымдық, эмоциялық-эстетикалық және моральдық-тәртіптік.

Егер экскурсияға қатысушылар жаңаны білуге ұмтылып, зат немесе құбылыс туралы түсінітерін кеңейткісі келсе және білімдерін тереңдетіп, жүйелендіруге мүмкіндіктер алғысы келсе экскурсияға қатысудың **интеллектуалдық-танымдық** мотивациялары үстем болып табылады.

Эмоциялық-эстетикалық мотивациялар бір кездері саналарын жаулап алған кереметті қолдарымен ұстап, көздерімен көруге деген ниеттерімен байланысты. Мотивтердің бұл тобы өнертанушылық, әдеби, архитектуралық-қала сәулетіне арналған экскурсияларды қабылдап, жете ұғынуға тән.

Экскурсияға қатысу адамның интеллектуалдық-танымдық қажеттілігімен емес, борыш, жауапкершілік, тәртіпке бағыну сезімімен байланысты болған кезде **моральдық-тәртіптік** мотивациялар үстем келеді. Экскурсияға қатысушылардың материалды қабылдау белсенділігі өте төмен болуы мүмкін.

Экскурсиялық аудиторияның басым бөлігін біріктіретін үстем мотивтерді экскурсия жетекшісі мүмкіндігінше ертерек анықтап, осыған сәйкес экскурсия мазмұны мен оны жеткізу формасына қажетті түзетулер енгізуі тиіс.

Сонымен, ең алдымен, экскурсияға қатысушыларды олардың әлеуметтік-мәдени қызметтің формасы ретіндегі экскурсияға қатынасына байланысты типтерге бөлу қажеттігі туындайды. Осы тұрғыдан қарастырғанда экскурсияға қатысушылар өздерінің экскурсияға деген аз немесе көп қызығушылығымен ерекшеленеді. Кәсіби, әлеуметтік-мәдени, жас ерекшелігі көрсеткіштері, сондай-ақ білім деңгейі бұл типологияда ескерілмейді. Экскурсияға қатысушыларды осылай топтастыра отырып, біз Б.Ф. Омельченко ұсынған типологиясына сүйенеміз.

Бірінші психологиялық топқа экскурсияның тақырыбына шынымен қызығатын және өздеріне қажет мәліметтер мен білімді алуға ұмтылатын экскурсияға қатысушылар жатады. Олар бірде-бір сөзді, көрсетілетін бірде-бір нысанды жіберіп алмауға ты-

рысады. Бұлар экскурсия жетекшісінің одақтастары және бас көмекшілері. Аталмыш типтікұрылымдық деп атауға болады.

Экскурсияға қатысушылардың белсенді типтерін құрайтындар екінші топқа жатады. Олар бұл экскурсияны ұзақ күтті және бұл экскурсияға барып қана қоймай, оған белсенді қатысқылары келеді. Алайда қандай да бір жағдайларға байланысты (автобустың кешігуі, нашар ауа райы және т.б.) экскурсияны бұзылған көңіл күймен бастайтын болса, мұның соңы қатты дауыс көтеруге, көңіл толмаушылыққа, айғайлап орындарынан көтерілуіне әкелуі мүмкін. Егер экскурсия жетекшісі бұл типке жататын экскурсияға қатысушылардың ыңғайын тауып, оларды тыныштандыра алмаса, олар экскурсияның шырқын бұзуы әбден ықтимал.

Экскурсияға қатысушылардың ымырашыл типі үшінші топты құрайды. Бұл адамдар экскурсияға өз қалауларымен келмеген, сондықтан одан ешқандай қызықты күтпейді. Экскурсия кезінде олар тек көрнекі орындарды қараумен ғана айналысады. Кейде олар өздеріне қызықты болып көрінсе, экскурсия жетекшісі айттып жатқандарға құлақ түріп, экскурсияны қабылдау процесіне кіріп кетулері мүмкін. Олардың ары қарайғы мінез-құлықтары экскурсияға қатысушылардың бірінші тобынан ешқандай ерекшеленбейді, ал экскурсия жетекшісі олардың тарапынан артып келе жатқан қолдауды сезінеді.

Төртінші топ экскурсияға қатысушылардың экскурсияға бейжай қарамайтын типтерін біріктіреді. Мұндай экскурсияға қатысушылар экскурсия жетекшісіне еш кедергі келтірмейді, бірақ экскурсияға тек жеке қатысып жатқан экскурсияға қатысушыларын түріоган ешқандай қанағаттану сезімін сйламайды. Экскурсияға қатысушылардың мұндай түрін үстіртін деп атайды.

Бесінші топты экскурсияға қатысушылардың дау-жанжалды типіне жататындар құрайды. Бұлар экскурсия жетекшісінің нағыз қарсыластары. Олар экскурсияның мазмұнына алдын ала қарсы болады: оларға экскурсия жетекшісі, оның сөйлеген сөзі, көрсеткен нысандары және т.б. ұнамайды. Олардың негізгі міндеті – өздерін экскурсия жетекшісіне және экскурсияның басқа қатысушыларына қарсы қою.

Көбіне экскурсиялық аудитория экскурсияға қатысушылардың аталып өткен типтерінің барлығын болмасада, сол типтердің

көпшілігінің комбинациясы болып табылады. Экскурсия жетекшісінің бір экскурсиялық топта экскурсияға қатысушылардың жоғарыда аталып өткен барлық типтерінің әр түрлі арақатынаста нақты болатындығын түсінуі, оған экскурсияның нақты стратегиясын және оны өткізудің дұрыс тактикасын таңдауға көмектеседі.

Экскурсияға қатысушылардың әр түрлі типтерімен жұмыс жасаған кезде экскурсия жетекшісі экскурсия компоненттерін: экскурсияның терең мазмұнын, көрсетілетін нысанның, есте сақталып қалатын фактілердің, өмірлік маңызды мысалдардың дұрыс іріктеп алынуын, экскурсияны тартымды өткізу әдісін ескеруі және білуі тиіс.

Экскурсия жетекшісінің бағыттағы жұмысының күрделілігі мынада: оның тобында экскурсияға қатысушылардың жоғарыда аталып өткен барлық үш санаты үнемі болады.

Сараланған тәсілді жүзеге асыра отырып, барлық экологиялық жұмыстың өзінің мәні бойынша жаппай көпшіліктік болып табылатындығын ескерген дұрыс. Экскурсия жетекшісінің ықпал етуі 25-45 адамнан (10-15 адамнан тұратын өндірістік экскурсиялар) тұратын топқа есептелген. Дегенмен, экскурсиялық топқа өңсіз, бірдей зат сияқты қарауға болмайды.

Экскурсиялық топ – бұл әлеуметтік, саяси және идеялық бірліктері жағынан бірдей емес, өзара ұқсамайтын адамдар жиынтығы. Мұны материалды баяндаған кезде ескерген дұрыс: экскурсия барлығына қызықты және түсінікті болуы тиіс.

Аудиторияның біртектілігін қамтамасыз етуге деген ұмтылыс экскурсиялық қызметкерлерді экскурсияға қатысушылардың басқа, барынша жетілдірілген топтарын іздестіруге мәжбүрледі.

Экскурсияға қатысушылардың бірнеше көрсеткіштерге негізделген басқа типологиясы болады. Мұндай көрсеткіштерге экскурсияға қатысушылардың жасы, жасайтын жұмысы, тұратын жері, оқу формасы, бос уақытының түрі және т.б. жатады.

Жас ерекшелігі көрсеткішін ескер отырып, балаларға, жастарға, орта жастағы адамдарға, зейнеткерлерге арналған біртекті экскурсиялық топтар құрылады. Әр түрлі жастағы топтарға арналған экскурсиялар жүру тәсілі, ұзақтығы, мазмұны, материалды жеткізу әдісі бойынша бір-бірінен ерекшеленеді.

Мысалы, балалар мен жастарға арналған экскурсиялар өткізудің барынша белсенді формасымен сипатталады, сондай-ақ басқа да ерекшеліктері болады: әңгімелесу формасындағы әңгімелеу, назарды белгілі бір проблемаға аударту мақсатында аудиторияға сұрақтар қою, тапсырма – өз беттерінше әр түрлі бақылаулар жүргізу және тақырыпшалар бойынша қорытындылар жасау, бағытпен қозғалудың барынша жылдам қарқыны, жаяу экскурсиялардың біршама үлес салмағы.

Экскурсиялық топтар экскурсияға қатысушылардың айналысын істері ескеріле отырып, яғни мұндай топтардың әрқайсысының кәсіби қызығушылықтарын ескеріле отырып құрылуы мүмкін. Мысалы үшін, қандай да бір саладағы кәсіпқойлар үшін мазмұны жағынан терең әрі күрделі экскурсияларды өткізуге болады. Мұндай экскурсиялық топтарға арналған экскурсиялардың басты айырмашылығы – мазмұндық, көзбен көрілетін және сөзбен айтылып жеткізілетін материалдарда. Аудиторияның дайындық деңгейіне байланысты бір экскурсияның бірнеше нұсқасын құрастыруға болады.

Тұратын жері сияқты маңызды көрсеткіш негізінде құрылған экскурсиялық топтармен жұмыс жасаған кезде экскурсияның мазмұндық жағын ескеру өте маңызды. Мысалы, жергілікті тұрғындарға арналған экскурсияға барлығына жақсы белгілі нысандар мен олар туралы әңгімелеуді қосудың қажеті жоқ сияқты. Үлкен ортада аса танымал емес, бірақ осыған қарамастан тарихи-мәдени құндылығы өте жоғары нысандарға назар аударған жөн. Сырттан келген экскурсияға қатысушылар үшін (ауыл тұрғындары, басқа қалалардың тұрғындары, шетелдіктер), әрине, экскурсияға жергілікті жердің визит карточкасы болып табылатын нысандарды енгізу қажет. Сонымен қатар сырттан келгендер үшін бұл экскурсиямен керемет үйлесетін болса үлкен көрнекілік үшін жергілікті жерді туристер келген жақпен салыстыру құба-құп болар еді.

Төртінші нысан – топты экскурсияға қатысушылардың оқу түріне, олардың қандай үйірмелерге немесе факультативтерге қатысатындықтарына байланысты бөлу. Бұл экскурсия жетекшісінің экскурсияның қандай тақырыпшаларын тереңдетіп, қосымша ақпараттермен толықтыруына себеп болуы мүмкін.

Бесінші нысан – өздерінің мәдени бос уақытының бір сағатын сүйікті істеріне – хоббилеріне бөлетін экскурсияға қатысушылар. Бұл топтыұжымдар мен көркемөнер үйірмелерінің, клубтар мен бірлестіктердің қызығушылықтары жағынан қатысушылары – музыканы, театрды, кино өнерін, кітапты, туризмді, табиғатты, суреттерді, әр түрлі коллекцияларды жинауды сүйетіндер құрайды.

Ауыл тұрғындарына арналған экскурсиялар. Бұл контингентпен жұмыс жасаудың бірқатар айрықша ерекшеліктері бар. Олардың бірі мынада: экскурсиялар шиеленіскен ауыл шаруашылығы жұмыстары кезеңінің аралығында өткізледі және әдетте, демалудың әр түрлі формаларымен үйлеседі. Ауыл тұрғындарына арналған экскурсияны дайындаған кезде олардың кәсіби қызығушылықтары және қаланы дұрыс білмейтіндіктері ескеріледі. Экскурсия жетекшілері ауыл еңбеккерлерінің қызығушылықтарын, олардың мәдени өмір, өндірістік қызмет туралы түсініктерін жақсы білулері тиіс. Бұл баяндалып отырған материалды экскурсияға қатысушылардың қызығушылықтарымен байланыстыруына көмектеседі.

Туристік базалар мен бағыттардағы экскурсиялар. Туристік базаға немесе бағытқа келушілер бағдарламасының міндетті бөлігі сан алуан түрдегі экскурсиялар – қалаға, қала сыртына, мұражайға, өндіріс орындарына экскурсия болып табылады. Жоспарлы экскурсияның құны туристік жолдаманың бағасына кіреді. Сонымен қатар демалушылардың таңдауы бойынша қосымша экскурсия ұйымдастырылады. Туристерге арналған экскурсиялардың басты ерекшелігі – олардың туристердің сұраныстары мен қызығушылықтары ескеріле отырып ұйымдастырылуында. Бұл экскурсияның мазмұны мен әдістемелік дайындалуына айтарлықтай өзгерістер енгізуді, осы тақырыптағы экскурсияның арнайы «туристік» нұсқасын әзірлеуді талап етеді. Көптеген қалаларға туристік поездармен және теплоходтармен келетін туристер тобы дәлосындай ерекше тәсілді талап етеді.

Санаторийлермен демалыс үйлерінде демалып жатқандарға арналған экскурсиялар. Санаторийлер мен демалыс үйлерінде демалып жатқандармен жұмыс жасаған кезде олардың осы мекемеге келулерінің негізгі мақсаты емделу, денсаулықтарын нығайту

болып табылатындығын ескерген жөн. Сондықтан экскурсиялық ұйымдар қызметкерлерінің санаториялық-курорттық мекеменің медициналық персоналымен тығыз қарым-қатынас орнатуын қамтамасыз ету маңызды. Санаторийдің профиліне сәйкес демалушылар үшін сол бір тақырыпқа арналған әр түрлі нұсқадағы арнайы экскурсиялар әзірленеді.

Жастарға арналған экскурсиялар. Жастар аудиториясына арналған арнайы экскурсияларды ұйымдастырған кезде жастар экскурсиясының өзіне тін спецификалық ерекшеліктерінің бар екендігін есте сақтаған дұрыс. Бұл – экскурсия тематикасы, мазмұны және оны өткізудің барынша белсенді формасы. Тақырыбы бойынша жастарға арналған экскурсия бірнеше топқа бөлінеді – шолу, тарихи және т.б.

Жастарға арналған экскурсиялар қатысушылардың құрамына байланысты келесі топтарға бөлінуі мүмкін: ЖОО студенттері, кәсіптік-техникалық училищелердің оқушылары, жоғарғы сынып оқушылары, жас жұмысшылар мен қызметкерлер.

Балаларға арналған экскурсиялар. Балалар аудиториясына арналған экскурсияларды екі топқа – мектептегі және мектептен тыс топқа бөлуге болады. Оларды бір-бірінен міндеттері, тақырыбы, жүргізу әдістемесі бойынша ажыратуға болады.

Осылайша, экскурсияның экскурсияға қатысушыларға қажет емес ақпаратпен толып кетпеуі, материалды жеткізу тәсілі ішті пыстырып, жалықтырып жібермей, керісінше, экскурсияға қатысушылардың сол немесе басқа санатының жақсы қабылдауына мүмкіндік жасауы өте маңызды. Осыған байланысты экскурсияның тематикасы, оны өткізу әдістемесі және тағы басқалары белгілі бір экскурсиялық аудиторияға бағытталуы тиіс. Экскурсияға дайындалған және оны өткізген кезде әлеуетті экскурсиялық аудиторияның сұраныстарын, қызығушылықтарын, дайындық деңгейін, жасын, тұратын жерлерін және басқа да ерекшеліктерін ескеру экскурсиялық қызмет көрсетудің сараланған тәсілі деп аталады. Нақты экскурсиялық мекеменің экскурсиялық тиімділігі сараланған тәсілді экскурсияны ұйымдастыруда, оның мазмұнында, экскурсияға дайындалу және өткізу әдістемесінде шебер пайдалануға тәуелді.

Пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Тұрғындармен экскурсиялық жұмыс жүргізудің сапасы неге байланысты?
2. Саралау түсінігіне анықтама беріңіз.
3. Экскурсияға қатысушыларды топтарға бөлудің бірнеше критерийлерін атаңыз.
4. Экскурсияға қатысушылардың мотивациялары қандай болуы мүмкін?
5. Экскурсияға қатысушыларды олардың экскурсияға қатынасы бойынша типтерге топтастыруды алғаш рет кім ұсынды?
6. «Экскурсиялық топ» түсінігіне анықтама беріңіз.
7. Экскурсияға қатысушылардың сол немесе басқа топтары экскурсияға дайындалу барысы мен оны өткізу әдістемесіне қалай әсер етеді?
10. Сараланған тәсілдің экскурсияны ұйымдастырудағы мәні неде?

Тапсырма: төмендегі психологиялық топтың әрқайсысына жататын экскурсияға қатысушылардың экскурсияға қатынасын сипаттаңыз: экскурсияның тақырыбына қызығатын, экскурсияға қатысушылардың тым белсенді типі, ымырашыл типі, экскурсияға бейжай қарамайтын типі, дау-жанжалды типі.

Тест сұрақтары:

1. Кереметті қолмен ұстап көруге, баяғыда естіп, көз алдына елестеткендерді көзбен көруге деген ықылас-тілек қандай мотивациялармен байланысты?
 - A) интеллектуалдық-танымдық мотивациялар;
 - B) эмоциялық-эстетикалық;
 - C) моральдық-тәртіптік;
 - D) әлеуметтік мотивациялар.
2. Экскурсияға көзқарасына байланысты экскурсияға қатысушылардың қандай тобы болады?
 - A) балалар тобы;
 - B) мектеп тобы;
 - C) жергілікті тұрғындардан құралған топ;

D) экскурсияға бейжай қарамайтын топ.

3. Зат немесе құбылыс туралы түсініктерін кеңейтуге, жаңаны білуге деген ұмтылыс қандай сезімдермен байланысты?

A) интеллектуалдық-танымдық мотивациялар;

B) эмоциялық-эстетикалық;

C) моральдық-тәртіптік;

D) әлеуметтік мотивациялар.

4. Жасына байланысты экскурсияға қатысушылардың қандай тобы болады?

A) балалар тобы;

B) мектеп тобы;

C) жергілікті тұрғындардан құралған топ;

D) экскурсияға бейжай қарамайтын топ.

5. Тұрған жерлеріне байланысты экскурсияға қатысушылардың қандай тобы болады?

A) балалар тобы;

B) мектеп тобы;

C) жергілікті тұрғындардан құралған топ;

D) экскурсияға бейжай қарамайтын топ.

6. Экскурсияға келу қандай себептермен байланысты – борыштылық сезіміне немесе жауапкершілікке байланысты ма әлде тәртіпке бағынатын болғандықтан ба?

A) интеллектуалдық-танымдық мотивациялар;

B) эмоциялық-эстетикалық;

C) моральдық-тәртіптік;

D) әлеуметтік мотивациялар.

7. «Саралау» термині нені білдіреді?

A) бөлшектерді біртұтасқа біріктіруді;

B) біртұтасты бөлшектерге бөлуді;

C) біртұтастың жекелеген бөліктерін зерттеуді.

8. Ауылдық тұрғындар үшін экскурсияның ерекшелігі:

A) экскурсия жетекшісінің медицина персоналымен тығыз қарым-қатынасын қамтамасыз ету;

B) олардың қаланы жақсы білетіндігін ескеру;

C) экскурсияның мектеп тақырыбын таңдау;

D) ауыл шаруашылығы жұмыстары арасындағы кезеңді таңдап алып, демалыспен үйлестіреді.

9. Мектеп оқушыларына арналған экскурсияның ерекшелігі:

- А) экскурсия жетекшісінің медицина персоналымен тығыз қарым-қатынасын қамтамасыз ету;
- В) олардың қаланы жақсы білетіндігін ескеру;
- С) экскурсияның мектеп тақырыбын таңдау;
- Д) ауыл шаруашылығы жұмыстары арасындағы кезеңді таңдап алып, демалыспен үйлестіреді.

10. санаторийлерде демалушыларға арналған экскурсияның ерекшелігі:

- А) экскурсия жетекшісінің медицина персоналымен тығыз қарым-қатынасын қамтамасыз ету;
- В) олардың қаланы жақсы білетіндігін ескеру;
- С) экскурсияның мектеп тақырыбын таңдау;
- Д) ауыл шаруашылығы жұмыстары арасындағы кезеңді таңдап алып, демалыспен үйлестіреді.

СӨЖ-ге арналған тақырыптар:

1. Сараланған тәсілдің мәні, негіздері және қағидалары.
2. Саралаудың әлеуметтік-демографиялық және әлеуметтік-кәсіби негіздері (жынысы, жасы, ұлты, білімі, кәсіби қызметінің түрі);
3. Әлеуметтік-психологиялық факторлар (мүдделердің бағыты, әдеттер, дәстүрлер);
4. Жеке бас-мінезтану ерекшеліктері (мінезі, темпераменті).
5. Экскурсияға қатысушыларға қызмет көрсетудің сараланған тәсілі ретінде олардың түрлі тобын қалыптастыру.
6. Сараланған тәсілмен қамтамасыз етудегі экскурсия жетекшісі шеберлігінің мәні.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Емельянов Б.В. Экскурсоведение: учебник. –7-е изд. стереот. – М.: Советский спорт, 2009. -216 с.
2. Савина Н.В. Экскурсоведение: учебное пособие. – Минск: БГЭУ, 2009. –255с.

11-ТАҚЫРЫП. ЭКСКУРСИЯНЫ ҚИСЫНДЫ ТҮРДЕ АУЫСТЫРУДЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАЗМҰНЫН «ЖАНДАНДЫРУДЫ» ІРІКТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ӨЛКЕТАНУШЫЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРМЕН ЖҰМЫС (ПОЭЗИЯ, ПРОЗА, ФОЛЬКЛОР)

Мақсаты: экскурсияны дайындау мен өткізудегі әдістемелік тәсілдердің, әсіресе, әдеби монтаж секілді әдістемелік тәсілдің рөлі туралы білім алуға көмектесу

Міндеттері:

1. Экскурсияның әдістемесі – әдісі – әдістемелік тәсілі түсініктерінің арасындағы өзара байланысты көрсету.
2. Әдістемелік тәсілдің –әдеби монтаждың мазмұнын ашу.
3. Өлкетану экскурсияларында пайдалану үшін поэзиялар мен фольклорлық шығармалардан мысалдар келтіру.

Практикалық сабақты өткізу формалары мен әдістері: жеке жұмыс жасау; жұппен жұмыс жасау (негізгі өзара әрекет ету проблемаларды, міндеттерді талқылап, өзара оқытуды және өзара бақылауды жүзеге асыра алатын екі студенттің арасында болады. Сонымен қатар жұптар белгілі бір жүйеде және жүйелілікте ауыса алады, бұл оқытудың жұптық формасын ұжымдық формамен біріктіруге мүмкіндік береді); кейс-стадилер (практикалық мысалдар мен жағдайларда оқыту, сабақтың тақырыбына байланысты нақты жағдайды, нақты өмірдің «бір бөлігін» сипаттау).

Негізгі сөздер: экскурсияны жүргізу әдістемесі, экскурсия әдісі, әдістемелік тәсілдер, әдеби монтаж

Экскурсияның мақсатына қол жеткізу, оның мазмұнын мүмкіндігінше толық ашып көрсету және экскурсияға қатысушылардың назарын, олардың экскурсия тақырыбына деген қызығушылықтарын үнемі ұстап тұру, экскурсияның мазмұнын «жандандыру» әңгімелеуді жүргізудің әдістемелік тәсілдерінің **дұрыс таңдалуына тәуелді.** Экскурсияны өткізу әдістемесі экскурсияға қатысушылардың экскурсия мазмұнын оңай қабылдауына және тез меңгеруіне көмектесуге бағытталған [1, с.147]. Экскурсия жетекшісі білуі тиіс әдістер мен әдістемелік тәсілдердің көмегімен жасалады. **Экскурсия әдісі** – бұл экскур-

сия жетекшісінің экскурсияның қойған мақсатына жету үшін бағытталған экскурсияға қатысушылармен өзара әрекет ету тәсілі. Әңгімелеу мен көрсету экскурсиядағы маңызды әдістер болып табылады. Экскурсияны жиынтықпен жүзеге асыру әдісі **әдістемелік тәсілдер** деп аталатын бірқатар элементтерді қамтиды. Мұндай әдіс, экскурсия жетекшісінің әңгімелеуі сияқты, келесі әдістемелік тәсілдерді қамтуы мүмкін: шолу, экскурсиялық анықтама, нысанды сипаттау, түсінік беру, әдеби монтаж және тағы басқалар. Экскурсияның, әсіресе өлкетану сияқты түрлерін өткізген кезде әдеби монтажға аса бір маңызды мән беріледі.

Әдеби монтаж – бұл оқиғалар мен құбылыстардың тұтас картинасын жасау үшін көркем, документалдық және өзге де әдебиет туындыларынан үзінділерді пайдалану (Н.В. Савина бойынша [2, с.63]).

Әдеби монтаж, экскурсияның тақырыбына байланысты фольклорлық әдебиеттің материалдарын, қиял-ғажайып ертегілерді, аңыз әңгімелерді, дастандарды, эпостарды, өлеңдерді, мысал әңгімелерді, прозаны және т.б. қамтуы мүмкін. Материалды бұлай жеткізу экскурсия жетекшісіне ақпараттың қара сөзбен айтылатын түрін көру ақпаратына айналдырып, экскурсияға қатысушылардың экскурсия нысанына деген қызығушылықтарын оятуға көмектеседі және тіпті танымдық белсенділігін жандандырады. Аталмыш әдістемелік тәсілді өлкетанушылық, этнографиялық, әдеби, шолу экскурсияларын дайындау және жүргізу барысында пайдалану аса маңызды.

Бұл материалды экскурсия жетекшісі арнайы әдістер арқылы, сол сияқты экскурсия тематикасына сәйкес келетін сол немесе басқа фольклорлық немесе әдеби шығармалардың техникалық құралдарының көмегімен аңыз-әңгімелерді, поэмаларды өзінің әңгімесіне арқау етіп сөзін қисынды өрбіте алады, сондай-ақ әңгімелеу аудиовизуалды құрылғылардың көмегімен де жүзеге асырылуы мүмкін және экскурсияға қатысушылар экскурсия тақырыбы бойынша таңдап алынған сол немесе басқа шығарма кейіпкерінің немесе авторының дауысын да ести алады. Бұл әсіресе әдеби экскурсиялар үшін немесе поэтикалық-мәтіндік экскурсиялар үшін өте өзекті. Экскурсияның мұндай түрі дәйексөздердің, поэзияның, аңыз-әңгімелердің айтылуының қанықтығымен ерекшеленеді.

Экскурсия жетекшісі мұндай материалды карточкаларда алдын ала дайындай алады. Бұл карточкаларда экскурсия жетекшісі, әсіресе жанадан бастап жүрген, өлеңдердің мәтіндерін, аңыздардың, әңгімелердің, қиял-ғажайып оқиғалардың желілерін дайындап алып, екінші нысанға қарай ауысқан кезде немесе үзіліс кезінде экскурсияның келесі бөлігінде не туралы айтатындығына тез көз жүгіртіп ала алады. Бірақ экскурсия жүріп жатқан кезде мұндай карточкаларды пайдаланбаған дұрысырақ, бірақ тыйым да салынбайды.

Мұндай материалдарды пайдалану экскурсия жетекшісіне экскурсияға қатысушылардың көңілдерін оларға білдірмей оятып, ұстап тұруға мүмкіндік береді, себебі экскурсия жетекшісі бар назарды тек олардың мінез-құлықтарына ғана емес, сонымен қатар олардың қызығушылықтарын оятуға да бөлу керектігін түсінеді.

Экскурсияға назар аударудың екі түрі тән: өз еркімен және еріктіден соңғы. Өз еркімен назар аударудың тұрақтылығы нысанның өзінің жаңалығымен, төтендігімен, алынған ауызша ақпараттың күтпегендігімен қамтамасыз етіледі. Бұл жерде экскурсия жетекшісіне өзі алдын ала дайындаған фольклорлық материал көмектеседі. Сонымен қатар экскурсия жетекшісінің материалды жеткізе алуы, өзін-өзі еркін ұстай білуі, баяндаудың эмоционалдығы, сөйлеудің түсініктілігі, нақтылығы және басқа да психологиялық тәсілдер мен коммуникативтік икемділіктер өте маңызды. Экскурсия жетекшісінің топ мүшелерінің мінез-құлқын, қызуқандылығын, сондай-ақ: байқампаздық, тез қабылдағыштық, білуге құмарлық, есте сақтаушылық сияқты жеке басының қасиеттеріне баса назар аудара отырып, туристік топ мүшелерінің немесе жалпы топтың психологиялық жай-күйін ажырат білу де маңызды. Экскурсия жетекшісі оны туристердің қандай тобы күтіп тұрғандығын, олар мектеп оқушылары, студенттер немесе ересектер, ал мүмкін бұл аралас топ иә болмаса қандай да бір саланың мамандары болатындығын алдын ала жалпылама білуі және көз алдына елестете алуы тиіс. Сондықтан, экскурсияға дайындалған кезде экскурсия жетекшісі тиісті материалдарды таңдап алып, баяндаудың белгілі бір әдісі мен стилін қолданатын болады. Ол үшін назарды аудара білу, дамыған сөйлеу дағдылары, әзіл айта білу,

топты басқара білу, жас ерекшеліктеріне байланысты психологияны білу, басқаға назар аударта білу, кез келген адаммен әңгімелесе алу сияқты психологиялық құзыреттіліктер өте маңызды. Емельянов Б.В. экскурсия жетекшісінің «...аудиториямен байланыс орнату, экскурсиялық материалға қызығушылық тудыру және осы қызығушылықты бүкіл экскурсияның аяғына дейін ұстап тұру, экскурсияға қатысушылардың психикалық қызметіне бағытталған көңіл бөлуді ұйымдастыру» сияқты мұндай құзыреттіліктерінің маңыздылығын атап өтті [1,с.53].

Өлкетану экскурсиялары өзендердің, көлдердің, көшелердің, алаңдардың, қаланың өзі мен өлкенің топонимикасы (тарихи қалыптасқан атаулар) туралы мәліметтерді қамтуы тиіс және әр түрлі тарихи кезеңдерде осы жерді мекендеген адамдардың танымал есімдерімен байланысты болуы мүмкін. Нақты материал мұрағаттарда, жергілікті мұражайларда, публицистикалық әдебиеттерде, сондай-ақ халық фольклорында сақталады. Ал экскурсиялық нысандар өлкетану экскурсияларын дайындау барысында олардың өлкетанушылық маңыздары: сол немесе басқа ескерткіш қандай оқиғамен байланысты болғандығы, неге осы аумақта орналасқандығы, оның тарихи, архитектуралық немесе көркемдік құндылығы қандай екендігі ескеріле отырып іріктеліп алынады. Табиғи нысандар көрсетілген кезде бұл жердің рельефімен, климатымен және өзге де физикалық-географиялық ерекшеліктерімен байланысы бақылануы тиіс және бұл жағдайда туристердің назары мен қызығушылықтарын аудару үшін сол немесе басқа табиғи нысандар және олардың атаулары туралы халық арасында кең тараған аңыз-әңгімелерді пайдалану өте маңызды. Экскурсия жетекшісі жинаған материал ашық, қызықты, көлемі жағынан шағым, түсінікті, экскурсияға қатысушылардың қабылдауына жеңіл болуы тиіс (Қосымшаны қараңыз).

Практикалық сабақтардың мазмұны:

Алдын ала дайындалған үй тапсырмасы:

1. Алматы туралы және Алматы мен өңірдегі белгілі туристік нысандар туралы (Медеу, Көктөбе, Шымбұлақ және т.б.) поэзия және проза туындыларын табыңыз.

2. Қазақстанның танымал қайраткерлері мен ғалымдарының (Абай, Ш. Уәлиханов, С. Сейфуллин, О. Сүлейменов және т.б.) өздерінің Отаны, оның табиғаты, адамдары туралы айтқан сөздерін, афоризмдері мен цитаталарын көшіріп жазыңыз.

3. Қазақстанның табиғат нысандары (таулар, өзендер, көлдер, жазықтар, шөлдер және т.б.) туралы аңыздарды табыңыз.

Практикалық сабақ: «Экскурсияның мазмұнын «жандандыру» үшін көркем және фольклорлық материалды пайдалану».

1. Пысықтауға арналған сұрақтар бойынша теориялық материалды қайталау.

2. Үлестірме материалмен жұмыс жасау (табиғат нысандары туралы аңыздардың мәтіні): мәтінді оқу, аңыздың мәтіні бойынша қысқа шағын үзінді құрастыру, аңызды әңгімелеп беру.

3. Әдеби монтажды пайдалана отырып (студенттердің үйде алдын ала дайындаған материалдары негізінде), өлкетанушылық экскурсияның элементін құрастыру.

Үй тапсырмасы: Қазақстанның сол немесе басқа нысаны (өздеріңіздің қалауларыңыз білсін) туралы өздеріңіздің жеке аңыз-әңгімелеріңізді ойлап табуға тырысыңыздар.

СОӨЖ және СӨЖ-ге арналған тақырыптар:

1. Өлкетанушылық экскурсияның спецификасы.
2. Әдістемелік тәсілді пайдалану – экскурсияны «жандандыруға» арналған әдеби монтаж.
3. Экскурсияға арналған әдеби монтаж жасау әдістемесі.
4. Алматы қаласына жасалған экскурсияларға әдеби монтаж.
5. Алматы өңіріне жасалған экскурсияларға әдеби монтаж.
6. Ескерту: 1-ден 3-ке дейінгі тақырыптар – СОӨЖ-ге арналған, 4-5 тақырыптар – СӨЖ-ге арналған.

Пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Экскурсия жүргізу әдістемесі неге бағытталған?
2. Экскурсияның әдісі мен әдістемелік тәсілінің арасында қандай айырмашылық бар?
3. Әдеби монтаж дегеніміз не?

4. Экскурсиялардың қандай түрі үшін әдеби монтажды пайдалану ерекше маңызды?

5. Әдеби монтаж қандай материалдарды қамтиды? Оларды қайдан іздеу керек?

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Емельянов Б.В. Экскурсоведение: учебник. –7-е изд. стереот. – М.: Советский спорт, 2009. –216 с.

2. Савина Н.В. Экскурсоведение: учебное пособие. – Минск: БГЭУ, 2009. –255с.

3. Жанайдаров О. Легенды ДревнегоҚазақстан а. Детская энциклопедияҚазақстан а. – Алматы: «Аруна», 2008. – 248с.

4. Стихи об Алмате// <http://leo.ucoz.com/>

Қосымшалар

А қосымшасы: Дәйексөздер мен афоризмдер:

Егер сіз болашақ туралы ойламайтын болсаңыз, болашағыңыз болмайды

Джон Голсуорси

Егер жаның қанатты болып туылса –
Зәулім сарай – жыртық лашық бәрібір!

Марина Цветаева

Табиғат біздегі сүйеге деген қажеттілікті оятады

Иван Тургенев

Б қосымшасы: Поэзия [4]:

Алматы туралы

Марат Жұмағазиев, 2007 ж.

Сапар шегіп өзге елде,
Өз еліме келгенде.
Тұйық судың төбесін
Тағы, міне, көргенде:
Қалың өскен қарағаш,

Қайың, терек аралас.
Октай түзу көшемен
Жүріп өттім кеше мен.
Қалықтап жүр жыр-қанат:
«Мен мұндамын, мұндалап...»
Даңғылында Достықтың»
Абай ата тұр қарап!
Жасыл шырша өскен көп,
Шыға келсең тасқа өрлеп:
Саф таза ауа! Керемет!
Көктебе анау – көкпенбек!
Төмен тұсқа қарамай,
Тауға шықсаң сен керлеп.
Тасты жарып қарағай
Алған жалаң жартасты
Тамырымен шенгелдеп.
Бұдан да сыр аңғарғын:
Арқар тұра қашқанда, -
Атылатын барысы
Алатаудай заңғардың...
Одан ары асқанда
Асуы асар Талғардың.
Шықсын көкке құс үркіп,
Шымбұлақтан ұшыртып,
Шаңғыменен құлдила –
Оңға, солға бұлтылдай,
Қар ұшқыны бұлтындай!
Медеудің мұз айдыны
Аштырмайды көзіңді
Айнадайын жылтырап...
Бұл да елімнің айбыны,
Бұл да елімнің байлығы!
Болсаң бірер аптадай,
Естен кетпес Қапшағай
Балық аула, серуен құр,
Болар сонда көңілің жай!

Туыс-достар бар мұнда
 Не қажетің алдыңда!
 Өзге елдегі қызықтар,
 Келсен мұнда ұмытылар.
 Басқа қала жыр-әнін
 Естімейді құлағым.
 Өз қаламды ұнатам,
 Өз қаламда тұрамын!

Алматы

Әнуар Сұртаев, 2007 ж.

Алматы – бұл керемет алма жұмағы,
 Алматы–бұл бақ-дәулеттің тұрағы,
 Берекелі, ұлы елімнің жүрегі
 Тағдырым мен махаббатымның тірегі.

Қалыңдықтай жасанып қала мына,
 Көктем келсе құлпырып барады ма?
 Түні бойы шырағдан-шамы сөнбей,
 Таңғы шықтай мөлдіреп жанары да.

Сәуле шашып сәлден соң атады таң,
 Жасыл қала қарайды қалып аң-таң.
 Асау өзен ағады ордан құлап
 Ақ басты асқақтайды Алып Тянь-Шань!

Күз келер тыраулатып тырналарын,
 Сағыныштан берілер мұңға жаным.
 Табиғаттың сан алуан бояулары
 Көркін аша түседі бұл қаланың!

Тәріздісің ғажайып түс көргенге,
 Тамаша орман-тоғай қыс келгенде!
 Шыршада шырақтай боп жылтырап тұр –
 Ақша қар аспан жақтан түскен жерге.

Абай Құнанбаевтың қара сөздері

Абайдың өлендері

Отаны және туған халқы туралы

Халыққа құрмет

Жүрсек те елден алыс-қиянда біз,
Туған өлке, Отанды қия алмаймыз.
Білім алып, ел үшін еңбек етіп,
Биіктерден биікке ұмтыламыз!
Сағынып еркін, азат халқымызды,
Сыйлаймыз әдет-ғұрып, салтымызды.
Ұстанып адамшылық өнегені,
Болашаққа сенеміз жарқын ізгі!

Әлемге бейбітшілік

Шаттансақ та қуанып, мақтансақ та,
Күн ілгері қатерден сақтансақ та,
Ішкі әлемің оянбай оңалмассың,
Ол дәйім қатты ұйқыда жатқан шақта...

Абай Құнанбаевқа құрмет!

Көк аспанмен астасқан,
Кең-байтақ даланың баһадүр ұлы,
Бұйра бұлттармен ұштасқан
Заңғар таулардың ең биік шыңы,
Кешегі өткен көненің көзі,
Ақын, жазушы, данышпан,
Ешкімге бас имейтін дара тұлға
Ғасыр ойшылы – Абайдың өзі.
Ұрпағына мұра етіп қалдырған,
Ғибратқа толы өсиеттерін
Мәңгі есте сақтауға дайынмын!

В қосымшасы: Аңыздар

Бурабай туралы аңыз

Көкшенің таулары Көкшетау деп аталады, ал бұл таудың үстіндегі аспан шынымен көкпеңбек, ал ауасы сондай таза әрі мөлдір. Аңыз бойынша ерте кездерде осы Көкшетау далаларында аппақ қардай сұлу қос өркешті әрі өркөкірек Бура өмір сүріпті. Ол биік, күшті әрі сұлу, күдіретті, ажалсыз, тұлпардай жүйрік болған екен. Оның жүні қалың әрі аппақ болыпты. Үнемі жалғыз жүріпті, ешкімге бағынбай, жан баласымен сөйлеспепті. Бура Көкшенің етегінде жайылып, қалың орманын мекендеп, халық арасында тазалығы мен мөлдірлігі үшін Күміскөл деп аталып кеткен көлдің салқын суын ішіп, шөлін қандырады екен.

Ақ бура қасиетті деп саналған. Ол ел өміріне қатысы бар елеулі жайларды алдын ала сезетін болған. Еліне соғыс пен жұт қауіп төнсе, шабысып бірін-бірі ел қуар болса, кәрі-жас бетін жаспен жуар болса, оны елге білдіруге тырысып, бақсыдай азынап тауды кезеді екен, құс болып Көкшені айнала ұшып, белгі береді екен.

Ақырған даусы өте шығады екен. Жұрт осы белгіден кейін жаумен шайқасқа дайындалады. Осы қасиеті үшін халық Бураны қайғы-қасірет пен қауіптен қорғау үшін Көк Тәңірі жіберген құтқарушысы және қасиетті жануар ретінде пір тұтып, ұлы оқ пен өткір көзден қорғаштап отырады.

Көп жылдар өтеді. Адамдардың арасында бір қанішер зұлым пайда болады. Ол жексұрын қарақшылар тобын жинап, кедейлерді тонап, қорғансыздарды өлтіріп, жабайы аңдар мен құстарды аяусыз қыра бастайды. Осы кезде Ақ бура оларға қасіреттің келе жатқандығы туралы ескертіп, жамандықтан қорғай бастайды. Қарақшылардың арам пиғылдары жүзеге асыруға кедергі жасаған Ақ бураны өлтіру керек деп шешіп, оны аңди бастайды.

Бір күні алпауыт денесімен орманды турасынан кесіп өтіп келе жатқан Ақ бураның алдынан қарақшылар шыға келеді. Олардың біреуі садағын керіп тұрып, қос өркешті жануардың дәл жүрегінен атады. Садақтың үшкір оғы бураның кеудесін тесіп өтіп, артқы өркешінен бірақ шығады. Қатты ашуланға бура садақ атқан

карақшыға тұра ұмтылады, шошып кеткен әлгі қанішер қашып құтылады.

Ақ бура ажалының таяп қалғанын сезіп, өзінің суы күмістей таза көліне қайтып келеді де, соның жағасына барып алдыңғы аяғымен ақырып құлайды. Сөйтіп Бура екі өркешті ақ тауға айналып, қатып қалады.

Бұл таудың биіктігі 690 метрге жетеді. Артқы өркешінен жануарды тесіп өткен садақ оғы әлі күнге дейін сорайып шығып тұр. Сол бура мекендеген жерді және ол шөлін қандырып, суын ішкен көлді Бурабай деп атай бастады.

Биші қайыңдар туралы аңыз

Көрген жұртты таң қалдыратын Әуликөлдің солтүстік жағалауындағы «Биші қайыңдар шоқ орманы» туралы да тамаша аңыз бар.

Ертеде Бурабай тауының етегінде жастарының он саусақтарынан өнер тамған шебер, шетінен өнерлі, ақын-жыршы болған халық өмір сүріпті. Сауыққой жастар кешқұрым Күміскөлдің шығыс бөлігіндегі шағын алаңқайға жиналып алып, ән шырқап, би билеп, ойын ойнап, жыр оқып жарысады екен.

Күндердің бір күнінде ол жердің жастарының атақ-даңқы ханның құлағына да жетеді. Хан жастардың таланты туралы естіген соң, бұл нәрсені өз көзімен көргісі келеді. Бірақ ол өзінің көп нөкерлері және күзетімен барып, жұртты үркіткісі келмей, ол жаққа жасырын түрде бармақ болады.

Бір күні хан ойынға қарапайым жігіттің кейпінде киініп келіп, қалың жұрттың арасына сіңісіп кетеді. Бір ойын екінші ойынға жалғасып, жиналғандарға би өнерін көрсететін уақытта келіп жетеді. Алаңқайдың ортасына толған айдың сәулесімен шағыллысып, қайыңдай болып бір-бірінен өткен сұлу қыздар шығады да, билей бастайды. Айналған ақ көйлектер желбірі, бас киімдегі үкі қанаттары өз үйлесімін тауып, бәрі керемет билеп жатты. Өздерінің көркімен және өнерімен барлығын тәнті еткен қыздар құдды бір буыны жоқ шыбықтай мың бұрала билейді. Сол уақытта шыдамаған хан:

– О, тамаша сиқыршылар, бақытты болындар, ұзақ жасаңдар! – деп айқайлап жібереді. Осы мезетте көпшілік жаңағы айқайлап жіберген адамға қарап:

– Мынау, хан иеміз ғой, – деп танып қояды.

– Сол кезде жиналған жұрттың бәрі аяғына жығылу үшін ханға қарай жүгіреді. Ал аңтарылып қалған биші қыздар болса, ұялғандарынан қайда тығыларын білмей, бұралған күйлерінде қатып тұрып қалады.

Ұлы Тәңірі бұл сәтті мәңгілікке сақтап қалу үшін, билеп жүрген қыздарды керемет бидің ұйытқуында тербеліп тұрған ақ қайыңдарға айналдырып жібереді.

Бурабайға барғандардың барлығы міндетті түрде шын мәнінде де ақ жібектен тігілген көйлек киіп билеп тұрған қыздарға ұқсайтын биші қайыңдар алақайына барады.

Мыңжылқы туралы аңыз

Көп жылдар бұрын, үлкен жер сілкінісінің алдында, Іле Алатауындағы Сарытоқым даласын мекендеген бір қазақ ауылы көктемде өздерінің малдарын айдап, жайлауға көшіп Долаңсай шатқалына барып тоқтайды. Ауыл сайды жағалай орналасады, құнарсыз даладан келген мал жайлаудың көк шүйгін шөбінен тез көтеріліп, қоңданады.

Бірақ мамыр айында күн қатты ысып, шыбын-шіркей мен бөгелектер малды аздыра бастайды. Әсіресе, жылқыларға өте қиын болды – шыбын-шіркей не күндіз, не түнде жылқыға тыныштық бермеді. Жылқыларды бұл азаптан құтқару үшін, иелері малдарын таудың түкпіріне айдап жіберуге шешті.

Бір күні ауылдың бір бөлігі мың жылқысын айдап, сайды жағалай жоғары қарай көшеді. Жолдың жаман болғаны соншалық, аттар тас қиыршықтың арасынан жіңішке жолды әрең тауып өтеді. Бірақ осы қиыншылықтарға қарамастан, ауыл үйір-үйір жылқысымен биік тау алқабындағы көгалдарға сәтімен жетеді. Олар мұздықтың алдынан тамаша орын таңдап алады. Ауыл жылқылар еркін жайылатын көкөрай шалғынға орналасты, бұл

жерде не шыбын-шіркей, не бөгелектер олардың мазасын алмады.

Бір күні таңертең адамдар аяқтарының астындағы жердің қалай теңселгенін сезеді. Жердың астынан гуіл естіліп, таудың басынан кесек тастар құлай бастайды. Иттер ұлып, балалар мен әйелдер шулай жөнеледі. Таудан құлаған тастардан қашып, кісінеген жылқылар сайдың ішінде ары-бері шапқылады. Екі бақташы үйірді шатқалдың бойымен жоғары айдап әкетті. Бірақ үйірдің бір жерге жиналғаны сол еді, жартастың бір бөлігі құлап, астында үйір болып жиналып тұрған жылқыларды бақташысымен басып қалады.

Содан бері Іле Алатауы мұздықтарының маңындағы Медеу шатқалына жақын бұл жерді Мыңжылқы деп атайды.

Тақырып бойынша тест сұрақтары:

1. Экскурсияны «жандандырып», экскурсияға қатысушылардың назарын аудару үшін қолданылатын әдістемелік тәсіл:

- А) репортаж;
- Б) түсінік беру;
- В) әдеби монтаж;
- Г) түсіндіру;
- Д) сипаттау.

2. Әдеби монтажда пайдаланылуы мүмкін:

- А) поэзия, дәйексөздер, аңыздар
- Б) романдар, повестер, әңгімелер;
- В) мақалалар, резюме, эссе;
- Г) сұхбаттар, анкеталар, сауалнамалар;
- Д) сценарийлер, пьесалар, очерктер.

3. Оқиғалар мен құбылыстардың тұтас картинасын жасау үшін көркем, документалдық және басқа әдебиет туындыларынан үзінділер пайдалану:

- А) репортаж;
- Б) түсінік беру;
- В) әдеби монтаж;

Г) түсіндіру;

Д) сипаттау.

4. Экскурсия жетекшісі психологиялық құзыреттерді меңгеруі тиіс:

А) жылдам ойлау және қызбалық;

Б) сөйлеу дағдысы және назарды өзіне аудара білу;

В) тыңдай және өзін көрсете білу;

Г) өнімдерді сата және сауалнама жүргізе алуы;

Д) экскурсияның бағасын және топтың жүру бағытын есептей білуі.

5. Ойдан шығарылған, тіпті таңғажайып элементтері бар сол немесе басқа объект туралы қызықты әңгіме:

А) аңыз;

Б) өлеңдер;

В) дәйексөз;

Г) афоризм;

Д) повесть

ҚОРЫТЫНДЫ

Экскурсия кез келген туристік өнімнің маңызды құрамдас компоненті болып табылады. Ол адамның саяхаттау мақсатына, жасына, кәсібіне, отбасылық жағдайына және мәртебесіне қарамастан демалыс барысында үнемі сұранысқа ие болады. Туристің сапар барысында алатын жалпы әсері және көрсетілген қызметтің сапасы мен деңгейі туралы пікірі экскурсияның соншалықты жоғары деңгейдегі кәсіби дайындығы мен өткізілуіне байланысты болады. Сондықтан экскурсияның мәні, экскурсия өткізу барысындағы экскурсия жетекшісінің рөлі, экскурсия жетекшісінің әдістемелік, ғылыми, психологиялық, педагогикалық сипаттағы маңызды кәсіби құзыреттіліктерді меңгеру қажеттігі туралы студенттер өздерінің кәсіби дайындығы кезеңінде білулері тиіс. Туризм саласындағы болашақ мамандар өз-өздерін жетілдіру және өздерінің тұрақты кәсіби дамуының жеке-дара траекториясын қалыптастыру қажеттігі, әсіресе, өздерін экскурсия жетекшілері ретінде дайындау мәселелері туралы қаншалықты ертерек ойланатын болса, олар туризмнің тұрақсыз нарығына соншалықты сәтті бейімделіп, өз орындарын таба алады және өздерінің дағдылары мен икемділіктерін сол немесе басқа туристік секторда пайдалана алады.

Экскурсияның және оны өткізу мен туристерге ұсынудың өте көп әдістері мен тәсілдерін бөліп көрсетуге болады. Бүгінгі таңда әдеттегі дәстүрлі экскурсия аса тартымды әрі қызықты емес, себебі дүние өзгеріп, өмір сүру қарқыны күн өткен сайын артып келеді, адамның өміріне еніп, оның кәсіби қызметіне ғана емес, сонымен қатар оның демалысты ұйымдастыруына да қатты ықпал ететін жаңа технологиялар пайда болуда. Туристер үшін экскурсия сұранысқа ие әрі қызықты болып қалу үшін бұл өзгерістерді әбден ой елегінен өткізіп, экскурсияны мүмкіндігінше ұйымдастыру мен өткізудің өзінде пайдалану қажет (бейне және аудио материалдар, планшеттерді және дыбыс байланыстарының заманауи құрылғыларын пайдалану және т.б.). Бұл жерде экскурсия жетекшісінің өзінің тәжірибесі мен кәсіпқойлығына, оның өзінің кәсіби қызметінде озық әдістерді пайдалана білуіне үлкен мән

беріледі. Оқу орындарында барлық дағдыларды қалыптастырып, бүкілін ескеру мүмкін емес, бірақ студентті өзін-өзі үнемі жетілдіру және дамытудың, оқу орнының оқытушылар құрамының көмегімен қажетті ақпаратты алып, оны қолдана білудің «дұрыс жолына» бағыттауға болады.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі

1. Емельянов Б.В. Экскурсоведение: учебник. –7-е изд. стереот.– М.: Советский спорт, 2009. -216 с.
2. Савина Н.В. Экскурсоведение: учебное пособие. – Минск: БГЭУ, 2009. –255с.
3. Жанайдаров О. Легенды ДревнегоҚазақстан а. Детская энциклопедия Қазақстана. – Алматы: «Аруна», 2008. – 248с.
4. Зорин И.В., Квартальнов В.А.. «Энциклопедия туризма». Москва 2002
5. Лютерович О.Г., Ягофаров Г.Ф.. «Три экскурсии по Сеимречью».–Алматы, 2003
6. Ягофаров Г.Ф., Тынчева З.В., Саипов А,А. «Экскурсоведение». –Алматы, 2001
7. «Экскурсионное обслуживание» в книге «Организация туризма», под редакцией Кабушкин Н.И., Дуровича А.П.
8. Кайманова Т.А. Экскурсоведение: учеб. пособие. – Пенза: ПГУ, 2004.
9. Маслюкова Т.А. Экскурсоведение: Методика подготовки и проведения экскурсии: Учеб. пособие. – Шахты, 2003.
10. Стихи об Алматы// <http://leo.ucoz.com/>

Жалпы редакциясын басқарған Абенова Е.А.

ЭКСКУРСИЯТАНУ

Оқу құралы

Редакторы *Адетов Б.*
Компьютерде беттеген *Глеуқанова А.Т.*
Мұқаба дизайнері *Бультрикова А.Т.*

Басуға 02.12.2015 ж. қол қойылды. Пішіні 60×84¹/₁₆.
Баспа табағы 7.5. Шартты баспа табағы 7.5.
Есептік баспа табағы . Офсеттік басылым.
Таралымы 200 дана. Тапсырыс №. 3/137-14

«Экономика» баспасы» ЖШС
050063, Алматы қаласы, Сайын көшесі, 81-үй

ISBN 978-601-225-807-3



9 7 8 6 0 1 2 2 5 8 0 7 3